

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ УЎЗІРЛІГІ

**ЎЖИНИАЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ИНСТИТУТЫ**

ШЕТ ТІЛДЕРІ ФАКУЛЬТЕТИ

Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы

**«Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы»
пәнінен лекция мәтіні**

Оразымбетов А.

НӨКІС-2016

1-лекция.Түркі тілдері жөнінде қысқаша мәлімет

Жоспары:

1. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы пәнінің зерттеу нысаны
2. Орта Азия түркі тілдерін салыстыра зерттеудің кейбір мәселелері
3. Түркі тілдерінің дамуы мен қалыптасу кезеңдері
4. Түркі тілдерінің жіктелуі (классификациясы)

Тірек түсінік: Орта Азия түркі тілдерін салыстыра зерттеудің кейбір мәселелері. Түркі тілдерінің классификациясы. Орта Азия тілдерінің тарихына байланысты кейбір деректер. Орта Азия мен қазақ тілдерінің байланыстары. Қазақ тілі. Қарақалпақ тілі. Қырғыз тілі. Өзбек тілі. Ұйғыр тілі. Түрікмен тілі.

1. Тіл дамуының маңызды шарттарының бірі – тілдерді оқыту мен қызмет аясын кеңейту бүгінгі заман талабынан туындап отыр. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы арнайы пән болып, жоғарғы оқу орындарында ғылыми курс ретінде өтіліп жатқанына да біраз жылдың шамасы болды.

Салыстырмалы грамматиканың мақсаты – түркі тілдері, олардың жалпы сипаты, жеке түркі тілдерінің өзіндік ерекшеліктерін жан-жақты, терең қарастыру. Студенттерге түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасының тақырыптары мен мазмұны бойынша ғылыми негізде, жүйелі білім алуына бағыт беретін, туыстас тілдерінің ерекшеліктерінен кең түрде мәлімет алуларына жағдай туғызу. Ол тіл біліміне қатысты басқа пәндер секілді болашақ білімді де, білікті тіл мамандарын ғылыми-теориялық тұрғыдан терең қаралуына мүмкіндік береді. Ғылыми көзқарастар мен тұжырымдамалардың негізінде түркі тілдерін зерттеу – сол халықтардың тарихымен тығыз байланыста жүргізілуге тиіс. Қай халық болмасын өзінің тілін, әдебиетін, этникалық тарихын жете білуді мақсат етеді. Соны танып-білудің бір жолы – тілдерді салыстыра отырып тану.

Студенттерге түркі тілдерінің зерттелу тарихынан, олардың топтастырылуынан (классификация), жіктелуінен, әр түркі тілінің өзіндік ерекшеліктерінен мәлімет беру, оларды бір-бірінен ажырата білуге үйрету. Тілдік туыстық ерекшеліктерін анықтау – салыстыра оқу, зерделеу арқылы іске асады. Салыстыра оқу, зерттеу қатаң заңдылыққа бағынады. Сонымен қатар жалпы түркі тілдерінің ортақ заңдылықтарымен бірге, оларды басқа тілдік жүйедегі тілдерден ерекшелейтін белгілерін жан-жақты қарап, талдау.

Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасының негізгі нысаны - түркі тілдерінің грамматикалық құрылысы. Түркі тілдерінің жүйесіне тән оларды өз алдына жеке топтастыру ретінде ерекшелейтін белгілер: **1. Фонологиялық ерекшеліктері. 2. Морфологиялық ерекшеліктері. 3. Лексикалық қабаты. 4. Синтаксистік құрылысы.**

Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасының өзіндік ерекшеліктері бар. Ең алдымен қазіргі түркі тілдерінің синхрондық жағдайын білу үшін, кей тұста сөздің архитипі мен архисемасына талдау жасалынып, оны бүгінгі қалыптасу жағдайларындағы себебін (мотивін) шешу үшін, міндетті түрде

түптөркін зерделеуді тарихи-салыстырма әдіс негізінде түсіндіруді міндет етеді. Сондықтан түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы курсына сөздердің дыбыстар жүйесінде болған тарихи өзгерістерді, тілдің лексикалық қабатындағы ерекшеліктерді, грамматикалық құрылысындағы өзгерістерді тексеру керек болады. Студенттерге жоғарыда аталған туыстас тілдердің тарихи дамуы мен ерекшеліктерінен, заңдылықтарынан хабардар болады. Ол тілдік деректерді салыстыру арқылы жүреді. Түркі тілдерінің тілдік деректерді міндетті түрде қазақ тілінің тілдік деректерімен салыстырылып берілуі тиіс.

2. Қазақстан мен Орта Азия халықтары ежелден бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болған. Ол үшін толық мүмкіншіліктерді табиғаттың өзі де жасаған сияқты. Бұлардың территориясы бір-бірімен іргелес, экономикалық байланысы ұштасып, әлеуметтік тұрмыс-тіршілігі, дәстүрлері көбінше ортақ болып келеді. Оның үстіне бұл халықтар генетикалық жақтан бір-бірімен жақын, түркі тілдерінде сөйлейді..

XX ғасырдың басынан бастап Орта Азия халықтарының тілін, тарихын, әдебиетін зерттеуге аса зор көңіл бөлінді. Осының нәтижесінде Ташкентте Орта Азиялық университет, Орта Азиялық көптеген экономикалық және мәдениет ошақтары құрылды. Бұлар Орта Азия мен Қазақстан халықтарының алғашқы тәрбиелік мектебі болды. Әдебиет пен тіл саласында да бірсыпыра игілікті қадамдар жасалды. Орта Азия мен Қазақстан халықтары тілі мәселесіне кірісуді алфавит пен орфографиядан, мектептерге оқу құралдарын жасаудан бастап, ғылыми негізде ана тілінің фонетикасын, лексикасын, грамматикасын, тілінің тарихы мен диалектологиясын т. б. мәселелерін зерттеу дәрежесіне жетті. Бұған тек қана бір қазақ тілін мысал етіп көрсетудің өзі де жеткілікті.

Бұл уақыт ішінде түркі тілдерін зерттеу, ұлттық республикалардан тіл мамандарын даярлау мәселесінде Москва, Ленинград тағы басқа республикалардағы тюркологтар өте көп еңбек сіңірді. Осылардың қатарында С. Е. Маловты, Н. К. Дмит-риевті, Н. А. Баскаковты, Э. В. Севортянды, А. Н. Кононовты, А. К. Боровковты, К. К. Юдахинді, И. А. Батмановты, Е. Д. Поливановты, В. М. Насиловты, А. П. Поцелуевскийді құрметпен атаймыз.

Орта Азия мен Қазақстан халықтары түркі тілдерінің тарихы мен диалектологиясын зерттеу мәселесіне де аса көп көңіл бөлінді. Өзбекстанда XI ғасырдың атақты ғалымы Махмуд Қашқаридың «Девону луғотит турк» атты еңбегінің үш томы өзбек тіліне аударылып (I том, Т., 1960, II том, Т., 1961, III том, Т., 1963), ал 1967 жылы осы лұғаттың индексі «Девону луғотит турк» басылып шықты. С. М. Муталлибовтың «Морфология ва лексика тарихидан қисқача очерк» (Т., 1959), А. М. Шербактың «Грамматика староузбекского языка». (М.—Л., 1962), Э. И. Фазыловтың «Староузбекский язык хорезмийские памятники XIV века (Т., 1967) деген еңбектері баспадан шықты.

Қазақ тілінің тарихына байланысты С. А. Аманжоловтың «Вопросы диалектологии и истории казахского языка» (ч. I, А., 1959), Т. Р. Қордабаевтың «Тарихи синтаксис мәселелері» (А., 1964), Ғ. Мұсабаевтың «Қазақ тілінің лексикасы» (докт. дисс, А., 1960), Ж. Досқараевтың «Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері» (лексика, II бөлШ, А., 1955) сияқты жеке монографиялық еңбектерімен қатар басқа да көптеген құнды мақалаларды кездестіруге болады.

Қысқасы, түркі тілінің қайсысында сөйлейтін халықтар болса да, өз ана тілін тек қана қазіргі тұрғыдан зерттеп қоймай, оның өткендегі тарихына да көңіл бөледі. Осы жағдайда барлық түркі халықтары өздеріне ортақ болған, V—XV ғасырға дейін тастарда, қағаздарда жазылып сақталған ескерткіштерге назар аударады. Бұл —*рун, ұйғыр, араб* әріптерімен жазылған, қазір латын, орыс графикасының транскрипциясымен берілген ескерткіштер. Осы жазба көне ескерткіштерді үйрену, оның тілдік өзгешелігін зерттеу арқылы әрбір тілдің қазіргі жағдайымен салыстырғанда, оның фонетикасында, сөз құрамында, грамматикасында байқалатын өзгерістердің заңдылығын анықтауға болады.

С. Е. Малов былай дейді: «Но все эти памятники или язык все этих памятников служат общим фоном, общей исторической конвой для древней истории большинства тюркских языков, особенно для истории так называемых младописьменных языков, которых у нас почти большинство и часть которых недавно еще была вовсе бесписьменной».

Осындай тарихи-салыстырып зерттеудің нәтижесінде, басқа да түркі тілдері сияқты Қазақстан мен Орта Азия халықтарының тілдері де жалпы түркі тектес қасиетін — сөздік құрамын, грамматикалық құрылысын — сақтап қалғандығы көрініп тұрады.

Қазіргі түркі тілдерін синхрондық планда салыстырып зерттеудегі негізгі мәселенің бірі Қазақстан мен Орта Азия халықтары тілдерінің бір-біріне тигізген әсерлері. Бұл — тілдегі өте заңды мәселе, өйткені бұл халықтар бір-бірімен көршілес өмір сүріп, экономика, мәдениет саласында байланыс жасап қана қоймай, әрбір республиканың ішінде бірнеше тілде сөйлейтін түркі тілдес халықтар өмір сүреді. Олар бір-бірімен өз ана тілінде немесе сол республиканың ұлттық тілінде сөйләу арқылы қарым-қатынас жасайды. Осы жағдай тілдердің бір-біріне әсерін тигізуіне алып келеді. Бұған мысал етіп Өзбекстанда тұратын қазақтардың, карақалпақтардың, түрікмендердің, ұйғырлардың, керісінше, Қазақстанда тұратын өзбектердің, ұйғырлардың, қырғыздардың тілінен байқауға болады. Бұл мәселе біраз лингвистердің зерттеу объектісі болып келеді.

3. Түркі халықтарының Отаны жер шарының екі материгі – Азия мен Европа. Дегенмен басым көпшілігі Азия болып саналады. Оған себеп – көпшілік түркілер осы жерлерді мекендейді, екіншіден, тарихи тамыры да осы құрлықта. Ал Европадағы түркілер, негізінен, оның оңтүстігінде орналасқан да, Еділ мен Кавказ тауларының етегін мекендеген.

Жеке түркі тілдерінің қалыптасу дәуірлері әр түрлі. Олардың кейбіреулері ерте қалыптасып, өз іргесін басқалардан бұрынырақ алыстатқан болса, енді біреулері ортақ тіл қауымына соңғы дәуірлерде (XIV-XVI ғғ.) ғана бөлініп шыққан.

Түркітанушы ғалымдар түркі тілдерінің даму кезеңдерін белгілі кезеңдерге бөліп, әрқайсысының өзіндік ерекшелігін анықтауға әрекет етіп келеді. Мысалы, Н.А. Баскаков түркі тілдерін дамуы мен қалыптасуына қарай 6 кезеңге бөлген:

1). Алтай дәуірі;

- 2). Хун дәуірі (V ғасырға дейін);
- 3). Көне түркі дәуірі (V-X ғасырлар);
- 4). Орта түркі дәуірі немесе негізгі түркі тайпаларының қалыптасуы мен даму дәуірі (X-XV ғасырлар);
- 5). Жаңа түркі дәуірі немесе түркі халықтарының қалыптасуы мен даму дәуірі (XV-XX ғасырлар);
- 6). Ең жаңа дәуір немесе түркі тілдерінің Қазан тіңкерілісінен кейінгі даму дәуірі.

Н.А. Баскаковтың бұл пікірін ғалымдардың көбісі-ақ қолдайды, бірақ онымен келіспеушілер де жоқ емес. Мәселен, біраз ғалымдар түркі тілдерінің Алтай дәуірін мойындамайды. Алайда біз түркі тілдерінің қалыптасуын Н.А.Баскаковтың дәуірлерге бөлуіне сүйене қарастырамыз.

2. Түркі тілінің дамуындағы Алтай дәуірі – мерзімі жағынан әлі анықталмаған, ғалымдардың арасында дау туғызып келе жатқан мәселелердің бірі. Тілдерді салыстырмалы-тарихи тәсілмен зерттеп, туыстық жақындығын анықтағанда олардың ортақ белгілеріне сүйену қажет. Осындай туыстық белгілер түркі-монғол тілдерінің арасында да бар және олар фонетика жүйесінде де, лексика мен грамматикалық құрамында да кездесетіндігін ескере келіп, бір топ ғалымдар «түркі тілдері өз алдына бөлініп шыққанға дейін алтай дәуірі тобында болған» деген топшылау айтады. Олар алтай тілдері тобындағы тілдерден: 1) түркі-монғол тілдері; 2) тунгус-маньчжур тілдері; 3) жапон-корей тілдері бөлініп шықты деген болжамды ортаға салады. Ал Х. Винклер, С.М. Широкогоров, Б. Колиндер, М. Рясянен, Д. Шинор, А. Дильчар сияқты ғалымдар тіпті алтай тіл бірлестігінен де арыға барып, орал-алтай тіл бірлестігі теориясын ұсынады.

Бұл жоба бойынша: бір кездерде, уақыт кезеңі анықталмаған дәуірде орал тілдері мен алтай тілдері генеологиялық жағынан туыстас болған. Тайпалар одағының ыдырауы негізінде орал тілдері алтай тілдерінен бөлініп шыққан. Өз ретінде, уақыттың өтуіне байланысты, орал тілдері екі топқа (угро-фин және самоди) ыдыраған. Алтай тілдері жоғарыда айтылған үш тармаққа бөлінген. Салыстырмалы-тарихи зерттеулер алтай тілдерінің деректерінде көптеген ұқсас келетін тілдік материалдардың барлығын анықтады. Жалпы алтай тілдері бірлестігінің құрамына енген тілдерде дыбыс үндестігі, екпіннің тұрақтылығы, жалғамалы тіл болуы, сөз алдынан келетін көмекші сөздердің (предлогтардың) болмауы, жыныс(род) категориясының болмауы т.б.

Көпшілік тілшілер алтай тіл бірлестігін анықтауда дыбыстық сәйкестікке көбірек көңіл бөледі. Мысалы, Н.А.Баскаков осындай белгінің бірі ретінде тунгус тіліндегі т дыбысы мен маньчжур тіліндегі с дыбыстарының и дыбысының алдында тұрғанда түркі тілдеріндегі ч, ш дыбыстарымен сәйкес келетіндігін көрсетеді.

3. Хун дәуірі алтай дәуірімен ұштасып, байланысып жатады да, б.з.д. III ғ. мен V ғ. аралығын қамтиды. Егер Алтай дәуіріндегі тайпалар туралы бізде ешқандай тарихи мәлімет, жазба деректер болмай келсе, Хун дәуірі жайлы аз болса да деректер бар.

Хундар – Қытайдың солтүстігіндегі көршілестері. Ертеден отырықшылықпен айналысып, егін егумен айналысқан қытай халқымен іштей араласып, солармен тікелей байланыста болған, олардан азық-түлік, киім-кеегі мен тұрмысқа қажетті заттарын алып отырған.

Хун империясының өсіп-өркендеп, Қытай империясымен бой таластырған дәуірі – Модэ Шаньюй дәуірі. Б.з.д.. 209 жылы Модэ өз әкесі Тумань Шаньюйды өлтіріп, Хун империясының тағына отырады да, Шаньюй атағын алады.

Түрлі тайпалармен, халықтармен ұзақ араласу нәтижесінде хундардың этникалық, мемлекеттік құрамы бұрынғыға қарағанда әлдеқайда өзгерген еді. Біздің заманымыздың III ғасырында хундардың төрт тармағы қалыптасып, төрт түрлі тарихқа ие болды.

1. Солтүстік хундардың бір тобы Қазақстанның солтүстігін жағалай отырып, Орал тауы мен Еділ жағалауына орналасты.

2. Юебань хундары Тарбағатай мен Жетісу өлкелерін қоныстанып, Соғды мәдениетін қабылдаған.

3. Сяньби хундары өз отанын тастап кетпестен, атамекенінде қалып қояды. Бірақ Сяньбилер көп болғандықтан, бірте-бірте түркі ана тілін ұмытып, монғол тілін қабылдайды. Кей ғалымдардың алтай тіл одағы болмаған, түркі тілдерінің монғол және тунгус-маньчжур тілдерінде көптеген ортақ элементтің, тілдік субстраттың пайда болуына осы хундар себеп болды деуі осыдан.

4. Қытайлық хундар – сяньбилерден жеңілген соң оңтүстікке қарай шегініп, Ұлы Қытай қабырғасының екі жағын ала қоныстанған хундардың өкілдері. Бұлар уақыт озған сайын өз қатарын көбейтіп, VI ғасырдың соңына дейін хун империясын құруға әрекет етті.

Түркі тайпалары Орта Азия мен Қазақстан, Еділ-Дон аралығы мен Кавказ тауларының етектерінде қаншама көшіп-қонып жүрсе де, олардың ту тіккен жері – Сібір өлкесі болатын. «Түрік» сөзі де осы Сібірде қоланылған. А.Н.Гумилевтің көрсетуінше, біздің заманымыздың 439 жылы тобасцилар хундардың қалдықтарын жеңіп, Хэси өлкесін қытайдың Вэй империясына қосқан кезде 500 үйлік хунның князі Ашина жужандарға қашып өтеді де, Алтай тауының оңтүстігіне орналасады, олар жужандар үшін темір қорытады. Қытайлықтар Ашина тобын және оның айналасындағы, қол астындағы халықты ту-кю деп атайды. П.Пелльо бұл қытай сөзін тюрк-ют деп транскрипция жасаған. «Турк» деген сөз «күшті», «мықты», «берік» деген мағына білдірсе, ют морфемасы монғол тілінде көптік мағынаны білдіреді.

4. Көне түркі дәуірі (V-X ғ.). Түркі тайпаларының арасында феодалдық қатынастар біздің заманымыздың VI ғасырынан бастап қалыптаса бастайды. Олардың ерте феодалдық мемлекет түріндегі үлкен бірлестігі – Түркі қағанаты VI ғасырдың орта кезінде (552 ж.) құрылған. Ол қазіргі Алтай мен Монғолияның ұлан байтақ атрабын түгел қамтиды. VI ғасырдың аяғында (581 ж.) құрылған Батыс Түркі қағанаты Жетісу жерін билейді де (орталығы Шу өзенінің бойындағы Суяб қаласы болады), оның құрамына жоғарыда көрсетілген үйсіндер мен қаңлылар, қарлұқтар мен түргештер, чығылдар мен

яғмалар кіреді. Көшпелі тайпалардың бір шеті Тарбағатай тауларын мекендесе енді бір шеті Сырдария бойында отырған.

Шығыс Түрік қағандығының орталығы – қазіргі Монғолия жері, дәлірек айтқанда, Орхон өзенінің бойы. VIII ғасырдың ортасында ол Қытай империясының ықпалына түскен. Батыс Түрік қағандығының шығыс жақ аймағы да кейінірек (VIII ғ.) Қытай империясына қарап қалған, ал батыс жақ бөлігі араб жаулаушыларына бағынып кеткен (VIII ғ.).

2. Түркі тілдерінің орта дәуірі (X-XV ғ.) – осы күнге дейін өмір сүріп келе жатқан түркі тілдерінің басым көпшілігі өзінше тұлғаланып, қалыптаса бастаған дәуір. А.Н.Самойловичтің сөзімен айтқанда, бұл кездегі Орта Азиялық мұсылман түріктерінің барлығына бірдей ортақ болып келетін жалғыз арналы және жаппай қолданылатын бір ғана әдеби тіл өмір сүрген. Ол әдеби тіл өз басынан үш түрлі кезең өткізген: а) Қараханидтер династиясына бағынып тұрған түріктердің әдеби тілі (орталығы – Қашқар қаласы, IX-XII ғ.); ә) Оғыз-қыпшақ тайпаларының тілінде қолданылған әдеби тіл (орталығы – Сырдарияның төменгі ағысы мен Хорезм өлкесі, XII-XIV ғ.); б) Шағатай (Шыңғыс ханның екінші ұлы) ұлысында (Хорезм, Батыс және Шығыс Түркістан, Мауреннаһр) тұратын түріктердің әдеби тілі (орталығы – Құлжа қаласы, XV-XVI ғ.).

Түркі тілдерінің жаңа даму дәуірінде (XV-XXғ.) қазіргі түркі тілдері халықтық тіл болып қалыптасқан. Олар мыналар: татар, башқұрт, қазақ, ноғай, қарақалпақ, қарайым, құмық, қарачай, балқар, қырым татарларының тілі, түрікмен, гагауыз, балқан түріктерінің тілі, азербайжан, түрік, өзбек, ұйғыр, тува, қарағас, якут, хақас, шор, камасин, кюэрик, сары ұйғыр, алтай т.б.


Қазан төңкерілісінен кейінгі дәуірде (1917 жылдан бастап) бұл тілдер түгелдей дерлік ұлттық әдеби тіл болып қалыптасты. Олар ұлт тілдері есебінде тез дамып, жан-жақты жетіле түсуде.

Көптеген түркі тілдері Ұлы Қазан төңкерілісінен кейін қалыптасқан ұлттардың мемлекеттік жазба әдеби тілі дәрежесіне дейін өсіп жетілді.

Көне түркі тілдері мен жаңа түркі тілдерінің өзара тарихи байланысымен туысқандық қарым-қатынасы, өз ара жіктелуі (классификациясы) жөнінде жазылған әдебиеттер өте мол. Солардың ішінен М. Қашқари (XIғ.), Н. Ильминский (1861ж.), А. Мюллер (1896ж.), Н.Аристов (1896ж.), Н.Катанов (1903ж.), Ф.Корц (1910ж.), А.Самойлович (1922, 1926ж.), И.Батманов (1947 ж.), С.Малов (1952 ж.), Н.Баскаков (1952, 1960 ж.), К.Сартбаев (1961ж.) т.б. жасаған түркі тілдерінің өз ара жіктелу кестесін арнап атап өткен жөн.

5. Біз салыстырып тексергелі отырған Қазақстан мен Орта Азия тілдері түркі тілдерінің әр түрлі группасына жатады. Қазақ, қарақалпақ, қырғыз тілдері — *қытшақ*, өзбек, ұйғыр тілдері — *қарлұқ*, түрікмен тілі — *оғұз* группасына кіреді. Біз осы тілдерді салыстырып зерттеу арқылы қалған түркі тілдердің генетикалық байланысын да анықтауымыз киын емес. Өйткені бұл тілдер қалған түркі тілдерімен де тығыз байланыста болды. Көптеген тюркологтар түркі тілдерін бір-бірімен салыстырып зерттеу былай тұрсын, оны монғол, тұңғыс, маньчжур тілдерімен байланыста тексереді. Типологиялық жақтан бұл тілдер орал тілдерімен (угро-фин, самодий) бірігіп, Орал-Алтай тілдерінің

үлкен группасын түзеді. (Бұған қосымша: Е. Д. Поливанов, Ғ. И. Рамстедттер корей тілін, Т. Винклер жапон тілін де қосуды ұсынған). Қазіргі түркі тілдері мен алтай тілдерінің генетикалық байланысын былай қойғанда, алтай тілі мен орал тілдерінің байланысы онан артық болмаса, кем емес деген пікірді айтады. Б. Я. Владимирцев бұл тілдердің генетикалық жақтан байланысын мынадай схема арқылы көрсетеді.



Тюркологтардың басым көпшілігі өздерінің классификациясында түркі тілдерін ғана қамтыды. Бұлардың кейбіреулері ғылыми негізде жасалмағаны былай тұрсын, түркі тілдерінің өзі де толық аталмайды.

Абель Ремюза 1820 жылы жазған жұмысында түркі тілдерін мынадай группаларға бөлген:

- 1) Якут группасы (якут тілі);
- 2) Ұйғыр группасы (ұйғыр, шағатай, түрікмен тілдері);
- 3) Ноғай группасы (татар тілі);
- 4) Қырғыз группасы (қырғыз, қазақ тілдері);
- 5) Түрік группасы (чуваш тілі).

Абель Ремюза бұл классификацияға қосымша кейбір мағлұматтар берген, түркі тілінде сөйлейтін халықтардың тұратын территориясын атаған. Бұл классификация толық емес, оның үстіне ғылыми негізде берілмегендігі де сезіліп тұр.

2. Академик В. В. Радловтың классификациясы түркі тілдерінің өзгешелігін есепке алады. В. В. Радлов түркі тілдерін төмендегі группаларға бөледі:

- 1) Шығыс группа (алтай, шор, хакас, тува, ұйғыр т. б. тілдер);
- 2) Батыс группа (қырғыз, қазақ, қарақалпақ, татар, башқұрт тілдері);
- 3) Орта Азия группасы (ұйғыр, өзбек тілдері);
- 4) Түстік группа (түрікмен, азербайжан, түрік т. б. тілдері).

Бұған қосымша В. В. Радлов бұл тілдердің фонетикалық өзгешелігіне тоқтаған, ал этникалық жағын есепке алмаған.

Вамбери классификациясы төмендегі үш группадан тұрады:

- 1) Түстік-Сибир группасы;

- 2) Шығыс-түркі тілдері группасы (ұйғыр, өзбек, қазақ, қырғыз т.б.);
- 3) Аралас группа (башқұрт, татар, ноғай т.б. тілдер). Вамбери барлық түркі тілдерін жалпы түркі тілінің диалектісі деп қарайды.

Профессор Н. Ф. Катанов түркі тілдеріне этнографиялық шолу жасай келіп, төрт группаға бөледі. Бұл классификация әрбір түркі тілдерінің өзгешелігін есепке алмайды. Оның үстіне кейбір түркі тілдері аталмай қалған.

3. Академик Ф. Корштың классификациясы түркі тілдерінің фонетикалық және морфологиялық өзгешелігін есепке алып, олардың тілдік материалын талдау негізінде жасалған. Ол түркі тілдерін төмендегі төрт группаға бөледі:

- 1) Солтүстік группасы (географиялық белгілеріне қарап бұған: құмық, ноғай, татар, башқұрт, чуваш т.б. тілдерді кіргізген);
- 2) Шығыс группа — половец (құман, қыпшақ), ескі өзбек (шағатай), ұйғыр, орхон, қарагас сияқты тілдер);
- 3) Батыс группа (түрік, азербайжан, түрікмен тілдері);
- 4) Аралас группа (солтүстік алтайлықтар, чуваш, якут тілдері).

Академик А. Самойловичтің классификациясы түркі тілдерінің лингвистикалық өзгешелігін есепке алады. Ол Радлов пен Корштың классификациясының дұрыс екендігін айта келіп: “«Пытаясь в настоящей работе дополнить существующие классификации турецких языков, а не изменить из нового, а позволяю себе вносить некоторые изменения и в принятую различными учеными номенклатуру отделов системы турецких языков» — дейді.

Түркі тілдерінің тарихы мен этнографиясын зерттеуде көрнекті орын алған ХІХ ғасырдағы орыс ғалымы Н. А. Аристов болып есептеледі. Ол түркі тілдерінде сөйлейтін халықтардың Алтай, Монғол жерінен қазақ далаларына өтерінде бәрі араласып, бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болған деп есептеп, төмендегі рулардың түркі халықтарының қалыптасуына ұйытқы болғандығын көрсетеді: қаңлы, қыпшақ, дулат, алшын, арғын, найман, керей, қырғыз, саха немесе якут, теле, түрк-түкю; карлұқ т. б.

4. Профессор В. А. Богородицкий түркі тілдерін классификациялағанда, оның территориялық орналасуын есепке алып, әрбір тілдің географиялық жағдайына қараған. В. А. Богородицкийдің классификациясы төмендегіше:

- I. Солтүстік-шығыс группа (якут, қарагас, тува тілдері).
- II. Хакас. (абакан) группасы (хакас тілі).
- III. Алтай группасы (алтай тілі).
- IV. Батыс-Сібір группасы.
- V. Волгалық-Оралдық группа (татар, башқұрт тілдері).
- VI. Орта Азиялық группа (ұйғыр, қазақ, қырғыз, өзбек, қарақалпақ тілдері).
- VII. Түстік-батыс (түстік) группа (түрікмен, азербайжан, құмық, гагауз, түрік тілдері).

5. Атақты тюрколог С. Е. Малов түркі тілдерінің ескі жазба естеліктерін зерттеп, олардың тарихын, бір-бірімен қарым-қатынасын, фонетикалық өзгерістерін салыстыра келіп, шығыс түркі тілдерінің батыс түркі тілдеріне қарағанда, ескі элементтерді көп сақтағандығын дәлелдейді. Бұрынғы болған классификацияларға қарағанда, С. Е. Малов көбінесе дыбыстардың өзгешелігін

есепке алады. С. Е. Малов барлық түркі тілдерін ең көне (древнейшие), көне (древние), жаңа (новые), ең жаңа (новейшие) деп негізгі төрт группаға бөледі.

а) Ең көне тілдер: болгар тілі, ұйғыр (сары ұйғыр) тілі, чуваш тілі, якут тілі.

ә) Көне түркі тілдері: «оғұз» (ескі руникалық жазба түркі естеліктерінің тілі), тофалар тілі, тува тілі, ұйғыр (ескі ұйғыр жазба естеліктерінің тілі), хакас тілі, шор тілі.

б) Жаңа түркі тілдері: азербайжан тілі, гагауз тілі, құман тілі, қыпшақ тілі, печенег тілі, половец тілі, салар тілі, түрік тілі, түрікмен тілі, ұйғыр тілі (Қытайдағы немесе Шығыс Түркістан тілі деп аталатын), өзбек тілі, шағатай тілі, чулым тілі.

в) Ең жаңа түркі тілдері: башқұрт тілі, қазақ тілі, қарақалпақ тілі, қырғыз тілі, құмық тілі, ноғай тілі, ойрот (Алтай) тілі, татар тілі (казан, қасым, мишер, батыс-сібірлік), чуваш), (якут).

Пайдаланған әдебиеттер.

Негізгі:

1.Ә.Н.Нұрмаханова. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. А, 1971.

2.Ғ.Айдаров. Күлтегін ескерткіші. А, 1999.

3.Ғ.Айдаров, Ә.Құрысжанов, М.Романов. Көне торік жаба ескерткіштерінің тілі. А, 1971.

4.К. Мелиев. Хор ерги туркий тилларида харакат номлари. Т, 1969.

5.Ә.Хасенов. Тіл білімі 1996.

6.М. Романов. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. А, 1992.

7.Серебреников.Б.А., ГаджиеваН.З. Сравнительно- историческая грамматика тюркских языков. М, 1986.

8.Строй ууйгурского языка. А, 1986.

9.Хор ерги узбек араби тили. Т, 1965

Қосымша:

1.Қазақ тілінің грамматикасы. Морфология. А, 1967

2.Қазақ тілінің грамматикасы. Синтаксис. А, 1967

3.Киргиз тілінің грамматикасы. Морфология. Ф, 1964.

4.Ғуламов. А, Аскарлов .А. Хор ерги узбек адаби тили. Т, 1965

5.Северртян. Э. В. Этимологически словарь тюркских языков. М, 1978.

6.Торік тілдерінің екі тілді сөздіктері қажетіне қарай.

2-лекция. Фонетика, Лексика.

Жоспары:

1. Түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы
2. Түркі тілдері дыбыстарының құрамы мен түрлері.
3. Түркі тілдеріндегі ассимиляция және диссимиляция құбылысы
4. Орта Азия мен Қазақстан халықтары тілдерінің сөздік құрамы

Тірек түсінік: Қазіргі түркі тілдерінің фонетикалық құбылыстары түркі тілдерінің фонетикалық құбылыстарының ұқсастығы мен өзгешелігі. Түркі тілдері дыбыстарының құрамы мен түрлері. Дауысты дыбыстар. Вокализм. Қазіргі түркі тілдерінің дауысты дыбыстарының өзгешеліктерінен көрі ұқсастықтарының күштілігі. Түркі тілдеріндегі дифтонг және дифтонгоид дауыстылар. Дауыссыз дыбыстар. Консонантизм. Қазіргі түркі тілдерінің дауыссыз дыбыстарының өзгешеліктерінен қарағанда ұқсастықтарының күштілігі. Дыбыстардың үндесуі. Сингармонизм заңы. Ассимиляция, оның түрлері: Прогрессивтік, регрессивтік ассимиляциялар, диссимиляция. Тілдердің лексикалық құрамы, грамматикалық құрылысы, фонетикалық құбылыстарымен тығыз байланыстылығы.

1. Фонетикалық зерттеу объектісі-сөйлеу тілі. Сөйлеу тілі деп дыбыстар жүйесі мен ырғақ - дыбысталу әуенінің (екпін, тон, пауза) бірлігі айтылады. Сөйтіп фонетика тілдің дыбыстар жүйесі мен ырғақ - дыбысталу сипатын бірге қарастыратын болады.

Зерттеудің фонологиялық бағыты тілдегі фонемаларды, фонемалар жүйесін анықтауды мақсат тұтады. Бұл үшін зерттеудің әр түрлі әдістері қолданылады. Жиі қолданылатын әдіс - оппозиция әдісі. Бұл әдіс бойынша бір-бірінен мағыналық айырмашылығы бірен-саран дыбыс өзгешелігіне негізделген сөздер зерттеу объектісі ретінде алынады. Зерттеудің екінші бір әдісі коммутация әдісі деп аталады. Коммутация әдісі бойынша объекті ретінде алынған сөз құрамындағы бір дыбыс басқа дыбыспен ауыстырылады да, оның сөз мағынасына әсері зерттеледі. Сонымен қатар, фонетикалық зерттеулерде дистрибуциялық талдау әдісі де қолданылады. Алайда соңғы кездері фонологиялық зерттеулерде жеке бір ғана әдісті қолданудың бір жақтылығы жайында көп айтылып жүр. Зерттеушілердің көпшілігі аталған әдістерді қатар қолданудың жемісті болатындығын дәлелдеп отыр.

Салыстырмалы фонетикалық дыбыстық жүйені зерттеудің жоғарыда көрсетілген екі түрлі мақсатпен біріктіреді. Оған себеп: туыс тілдердің фонетикалық жүйесін салыстырған кезде олардың ұқсас, бір-біріне тең құбылыстарын анықтап қана қоймай, ненің салдарынан пайда болған дейтін сұраққа жауап береді.

2. Салыстырмалы грамматика, оның бір саласы салыстырмалы фонетика салыстыру әдісін тілдердің ареалдық шектелісімен толықтыруды қажет етеді. Салыстыру әдісін қолдану зерттелетін тілдердің генетикалық туыстығын мойындаудан келіп туады. Белгілі бір тілдер тобының бір ғана негізден немесе бір-біріне жақын негіздерден тарағандығын дайындау арқылы оларды өзара

салыстыра зерттеудің объектілігі келіп шығады. Бір-біріне жақын, туыс деп танылған тілдерді ареалдық әдіспен зерттеу мұндай тілдердің қалыптасу, даму барысында өзара әсері болатындығын мойындаудан келіп шығады. мыс: Орта Азияда орналасқан түркі тілдерінің бір-біріне ықпалын зерттеу-ареалдық әдістің міндеті. Орналасу міндетіне қарай ареалдық лингвистикаға бір-біріне өте жақын тілдермен қатар, бір-біріне біршама алыс тілдер де зерттеу объектісі болады. Орта Азиядағы түркі тілдерінің бір-біріне жақындық, ұқсастық дәрежесі әр түрлі: қазақ, қарақалпақ тілдері бір-біріне өте жақын болса, өзбек, түрікмен тілдері біршама алыс. Бірақ замандар бойы шектес территорияда өмір сүру жиі араласуды қажет етеді. Сондықтан аталған тілдердің қазақ тіліне ықпалы қыпшақ тобындағы башқұрт тіліне қарағанда көбірек болды. Соның салдарынан олардың құрамында ұқсас белгілердің қалыптасуына алып келді. Салыстырма зерттеуде ареалдық әдісті қолданудың қажеттігі осындай жайлармен айқындалады.

Дыбыстар жиынтығы сөз құрайды. Алайда, оның дыбыстық құрамы берілетін ұғымның (зат, құбылыс, қимыл) ерекшелігімен тікелей байланысты емес. Екінші сөзбен айтсақ, құм сөзінің осылай дыбысталуы құмның құрылымдық ерекшелігімен байланысты емес. Сондықтан ол әр тілде әртүрлі болады. Ұғым, зат ерекшелігі оларды белгілейтін сөздердің дыбыстық құрамымен байланысты екендігінің тағы бір дәлелі-ұқсас дыбысты жиынтықтардан тұратын сөздер бір тілдің өзінде әртүрлі ұғымдарды білдіреді.

4. Әлеуметтік-экономикалық т.б тарихи тіршілік ерекшеліктерін байланысты қазіргі түркі халықтарының қай-қайсысы да тарихи этногенездік тұрғыдан әр түрлі диалектілерде сөйлеген тайпалардан құралған. Әртүрлі диалектілерде сөйлеген тайпа тілдері негізінде қалыптасқан тілдердің құрамында диалектілік айырмашылықтар болады. Мұндай тілдер тарихи даму барысында бір-біріне әсер етеді. Соңғы процесстер тілдердің жеке топтарының ішінде қалыптасқан нормадан ауытқушылықтардың шығуына алып келді.

Түркі тілдерінің ішінде басқа тілдермен бірнеше қабат араласудың нәтижесінде қалыптасқан тіл-чуваш тілі. Чуваш тілінде басқа түркі тілдері арасында болатын дыбыс сәйкестіктері жүйелі түрде кездеспейді. Чуваш тілінің фонетикалық жүйесін зерттеушілер оның вокализмі құрамында Еділ бойындағы түркі тілдеріне ортақ болып келетін ерекшеліктермен қатар, ол тілдерден өзгеше таза «чуваштық ізді» де, сондай-ақ әрқилы фонетикалық қоршаудың нәтижесінде қалыптасқан өзгерістерді және кейінгі замандарда ауысқан сөздер құрамындағы өзгерістерді ажыратады.

Чуваш тілінің Еділ бойындағы тілдермен ортақ болып келетін ерекшеліктердің қатарына *a* дыбысының еріндік ыңғайда айтылуы, *o > y*, *o > ʏ(y)* ауысулары *a* дыбысының әбден қысаңдап *i* -ге айналуы, редукцияланған, *y*, *ʏ*, *i*, (*ы*), *i* дыбыс қатарларының қалыптасуы жатады. Ал чуваш тілін Еділ бойындағы басқа түркі тілдерінен ерекшелейтін «таза чуваштық» белгілер қатарына сөздің басқа шеніндегі этимологиялық дауыстылардың орнына дауыстылар мен дауыссыздардың тіркесіп айтылуы жатады.

Белгілі дәрежеде аралас тілдер қатарына татар, ұйғыр, өзбек тілдері де жатады. Мыс: сөз басындағы *j* дыбыстарының айтылуы. Бірақ бұлардың

араластығы сыртқы тілдердің (әсердің) нәтижесі емес, диалектілердің өз-ара қатынасының нәтижесі. Түркі тілдерінде сөз басында қатаң, ұяң дауыссыздардың алмасуы да диалектілік қарым-қатынастың әсері болса керек.

5. Әр қилы жүйедегі тілдерді зерттеушілер үнді-европа тілдеріне қарағанда түркі тілдері бір-бірінен соншалық алшақ еместігін атап көрсетеді. Олай болатыны-түркі тілдерінің бір-бірімен қоян-қолтық жақын қоныстас болуы біздің заманымыздан соншалық алшақ жатқан жоқ. Орталық Азияның түркі тайпаларының ортақ Отаны болған дәуір біздің заманымыздың алғашқы 7-8 ғасырларына қатысты болғандығы белгілі. Ұзақ уақыт қоян-қолтық қоныстас болу олардың тілдерінің жақындасуына жағдай жасады. Сөйтіп территориялық жағынан бірыңғай орналасу жеке тілдер құрамында тілдік ерекшеліктердің бірыңғай қалыптасуына алып келді. Тілдер құрамында бір негізден тарау белгілермен қатар, қоныс бірыңғайлығынан туған ортақ белгілер немесе ареалдық ерекшеліктер қалыптаса бастады. Түркі тілдері ішінде территориялық белгілер жағынан бірыңғай болып келетін Еділ бойы Орта Азиялық ареалдарды ажыратуға болады. Еділ бойындағы татар, башқұрт және чуваш тілдеріне ортақ белгілер деп чуваш тілінде *a*-ның *o* (*y*) -ға ауысуы, *a* езулігінің татар, башқұрт тілдерінде лабиалдыққа айналуын, үшеуінде де редуцияланған дауыстылардың фонологиялық дәрежеге жетуін, қысаң, ерін дауыстыларының чуваш тілі мен татар тілі диалектілерінде езулікке айналуын атауға болады. Осылардың әрқайсысы да көрші мари, пермь тілдерінде де байқалады. Сол сияқты шығу тектері бірыңғай емес өзбек, қазақ, ұйғыр, қырғыз, қарақалпақ, түркмен тілдеріндегі ортақ ерекшеліктер көбінесе қоныстас отырудың нәтижесі екендігі дәлелденіп отыр.

Түркі тілдерінде бір буынды сөздер құрамындағы дауысты мен көп буында сөздердің бірінші және келесі буындардағы дауыстыларды бір-бірінен ажыратып қарау керек. Өйткені бір буынды түбір құрамындағы дауысты әрі тұрақты, әрі сапалық жағынан басқа сөз құрамындағы дыбысқа бағынышты емес. Көп буынды сөздер құрамындағы дауыстыларда мұндай қасиет жоқ. Олар көбіне айналмалы болып келеді және сингорманизм ұйғыр умлауы тәрізді құбылыстар оларға қатты ықпал жасады. Оның үстіне фонемалар жүйесін анықтау үшін комбинаторлық, позициялық өзгерістер әсер етпейтін жағдай тек бір буынды түбір құрамында ғана болады.

В.В.Радлов төлеуіт тілінің вокализмін есепке алып, түркі ата тілінде 8 дауысты *a*, *o*, *ө*, *y*, *i*, *y*, *φ* бар деп қараған еді. Кейін азербайжан тілінің ерекшелігін ескеріп, олардың санын 9-ға жеткізеді. (э). Кейінгі зерттеулер көбінесе В.В.Радлов ұсынған жүйеге сүйенеді.

Түркі тілдерінің негізгі топтарында дауысты дыбыстардың бөлінісі мына тәрізді болып келеді: азербайжан тілінде-9, башқұрт тілінде-11, қарақалпақ-8, қырғызда-8, татар-11, түікмен-9, өзбек-6, ұйғыр-8 т.б. Қазақ тіліндегі дауыстылардың саны әртүрлі көрсетіліп отыр.

Дауысты дыбыстардың санын, сол сияқты сапасы мен ерекшеліктерін анықтау үшін оларды фонетикада қалыптасқан принциптер бойынша топтарға жіктеу қажет. Сонда ғана дыбыстардың жылпы түркілік ортақ қасиеттерімен қатар түркі тілдерінің жеке түрлеріне ғана тән өзгешеліктері айқындалады.

Дауысты дыбыстар жасалу орнына қарай, дыбысталуына қарай және дыбысталу процессінде тілдің көтерілу дәрежесіне қарай жіктеледі: жуан-жіңішке дауыстылар, ашық-қысаң дауыстылар, езу-еріндік дауыстылар.

Қазіргі түркі тілдерінде барлық тілдерге ортақ болып келетін 23-25 дауыссыз фонема бар. Дауыссыздардың қазіргі тілдердегі мұншалық үлкен топ құрауы тілдердің ұзақ даму процесінің нәтижесі. Түркі тілдерінің көне ескерткіштері Орхон-Енисей жазбаларының тілдерінде арнаулы графикалық таңбамен белгіленген дауыссыз фонемалар саны 16-17ден аспайды. Сонда шамамен 7-8 дауыссыз фонеманың қалыптасуы - тілдердің даму барысында болған құбылыс. Жаңа фонеманың пайда болуы, әдетте іштей өзгеріс дамуының немесе басқа тілдермен қарым-қатынастың нәтижесі болуы мүмкін. Тілдің іштей өзгерісінің нәтижесі дегенде тілдің дыбыстық жүйесінің өзгерістері еске алынатыны белгілі. Түркі тілдерінде жаңа дауыссыз фонеманың пайда болуын жоққа шығаруға, әрине, негіз жоқ. Сол сияқты басқа тілдермен қарым-қатынасқа түсудің салдарынан сөз ауысады. Жаңа атауды, жаңа ұғымды білдіретін сөздің ауысуымен бірге кейде жаңа фонема пайда болады. Тілдің кейінгі даму барысында ондай фонемалардың көпшілігі тіл құрамында орнығып қолтума фонемалармен оппозиция құрады немесе белгілі бір сөздер құрамында ғана орнығып қалады. Әйтсе де, мынандай бір ерекшелікті айту керек: бүкіл тілдердің барлығына ортақ болып заңдылықтар бар да, жеке бір ғана тілге тән заңдылықтар мен белгілер бар. Дауыссыз дыбыстар жүйесінің дамуында ондай ерекшеліктер байқалады. Егер бүкіл консонантизм жүйесінің дамуы түркі тілдерінде дауыссыз дыбыстардың көп түрлігіне, екінші сөзбен айтқанда, баюуына алып келсе, бұл процесс жеке тілдер тарихында бірыңғай, бір тектес болған емес.

Дауыссыз дыбыстардың жоғарыда келтірілген саны қазіргі түркі тілдерінің барлығында дерлік кездеседі. Егер жеке тілдер ыңғайына салыстыратын болсақ, дауыссыз дыбыстар саны бірдей болып келетін тілдерді түркі тілдерінің ішінен ұштастыру қиын. Айталық, қазақ тілі грамматикасының авторлары 25 дауыссыз дыбысты атаса, оған ең жақын тілдің бірі-қарақалпақ тілінде 26 дауыссыз дыбыс бар дейді. Қазақстан ертеден шектес, аралас болған өзбек тілі 28 дауыссызды, ұйғыр тілі 24 дауыссызды қолданады. Түркімен тілінде 22 дауыссыз айтылады. Қазақстанмен шектес, этникалық жағынан жақын болып саналатын башқұрт тілінде 28 дауыссыз дыбыс айтылса, көршілес қырғыз тілінде 22 дауыссыз дыбыс қолданады, ал чуваш тілінде 24 дауыссыз фонема айтылады. Татарлардың әдеби тілінде 24 дауыссыз фонема қолданылады. Кіші Азиядағы түркмендердің тілінде 24 дауыссыз фонема қолданылатын көрінеді. Осы қысқа шолудың өзінен-ақ түркі тілдеріндегі дауыссыз фонемалар сан жағынан бір тілден екінші тілге ауысып отыратындығын көруге болады. Алайда бір нәрсені алдын ала ескерту керек. Дауыссыздардың саны бір тілде аз, екінші тілде көп дегенде, жалпы түркілік дауыссыздардың кейбірі белгілі бір тілде сақталмаған деген қорытынды шықпауға тиіс.

Дауыссыздар санының ыңғайлас болуы тілдердің географиялық орналасу жағынан көршілестігіне немесе этногенездік бірлігіне негізделме бермесе керек.

Айталық, ол ерекшеліктерді еске алсақ, қазақ тілі мен қарақалпақ тілінде, сол сияқты татар тілі мен башқұрт тілінде дауыссыздардың саны бірдей болса керек еді. Алайда, қазіргі қазақ тілі мен қарақалпақ, башқұрт, татар әдеби тілдері құрамындағы дауыссыз фонемалардың саны әр түрлі. Бұл айырмашылықтар, бір жағынан, әр бір тілдің өзіндік даму ерекшеліктерінен туса, екінші жағынан, әр түрлі экстралингвистикалық факторлардың жемісі. Қазақ тіліндегі сияқты, басқа түркі тілдеріндегі дауыссыз дыбыстар дыбыстау органдарын дауыстау процесіне қатысу дәрежесіне қарай, дыбыстау ерекшелігіне қарай жіктеледі. Алайда, осы аталған жіктеліс белгілері түркі тілінен кездеседі деп қарауға болмайды. Бұл жерде жеке тілдің өзіндік даму ерекшеліктерін еске алу керек. Айталық, түркі тілін зерттеушілер ол тілдердегі дауыссыздарды мұрын жолды деп бөлудің фонетикалық негізі жоқ деп есептейді. Өйткені, мұрын жолды дауыссыздар, дауыссыздардың басқа топтары сияқты, жұптап келетін жүйе құрай алмайды. Қазақ тілін де осындай топқа жатқызуға болар еді. Сондай-ақ фарингальдық дауыссыз дыбыс(х) қазіргі түркі тілдерінің біразында қолданылғанмен, көмей арқылы дыбысталатын басқа дауыссыз дыбысты түркі тілдерінің басым көпшілігі білмейді. Ал, салар тілі мен сары ұйғыр тілінде дауыссыздар осындай принцип бойынша жіктеледі.

3.Түркі тілдеріндегі ассимиляция құбылысы

Дауыссыз дыбыстардың ассимиляциясы мен диссимиляциясы туралы негізгі мәліметтер дауыссыздардың жеке топтары мен түрлері жайында әңгіме болғанда айтылады. Бұл жерде жеке түркі тілдерінде кездесетін кейбір ерекше құбылыстар жөнінде қысқаша мағлұмат беру көзделеді.

Дауыссыздардың жоғарыда әңгіме болған топтарының ішінде қатаң және ұяң болып жіктелетін түрі ассимиляция мен диссимиляция құбылыстарына тығыз байланысты. Өйткені, ассимиляция дыбыстардың белгілі бір фонетикалық заңдылық бойынша бір-бірімен не ілгері қарай, не кейін қарай үйлесу болып табылады. Нақ осындай үйлесуге, үндесуге түсетіндер, егер кейбір тілдерде кездесетіні еріндік дыбыстардың үндесуін еске алмасақ, жоғарыда айтылған қатаң дауыссыздар мен ұяң дауыссыздар. Бұл құбылыстың дауыстылардың үндесуінен басты ерекшелігі-дауыссыздардың үндесуі қатаң айтылған екі дыбысқа ғана жайылады да, сөз құрамындағы басқа дауыссыздарға әсер ете алмайды. Дауыссыздардың ассимиляциясы түркі тілдерінің көпшілігінде сөздің шыққан тегіне қарамай, қатаң сақталып отырады. Бұл жерде осы заңдылықтың дауыстылардың үндесу заңдылығынан тағы бір үлкен ерекшелігі көрінеді. Сырттан, басқа тілдерден енген сөздер дауыссыздар ассимиляциясына түгел ыңғайласа отырып, дауыстылар заңдылығына бағына бермейді. мыс: түрік тіліндегі аспап, қазақ тіліндегі себеп сөздерін осы процестің екі түрлі көрінісі деп қарауға болады: түрік тіліндегі вариант түгелдей ассимиляцияға ұшыраған, бірақ дауыстылар үндесуінің сақталғандығы байқалмайды, ал қазақ тіліндегі вариантында дауыстылардың үндесуі бар. (О баста исбат), сонымен бірге сөздің соңы қатаң болғандықтан, қосымшаларда қатаңнан басталатын болады.

Дауыссыздардың ішінде сонор дауыссыздарды бөліп алып қарау қажет. Р, л, м, н, й сонор дауыссыздарының қатаң айтылатын (мыс: п, б, т, д) тәрізді

варианттары жоқ. Сондықтан бұл дыбыстар қатаң дауыссыздармен ұяң дауыссыздармен де бір тіркесте айтыла береді. Бұл заңдылық қазіргі түркі тілінің көпшілігінде түбір құрамында қатаң сақталады. мыс: қазақ - арқа, малта, шайқа, қорға: түрік - есіне, текне(тегене) камчы(камшы), домбай (өгізше). Ал түбірмен қосымша шегінде сонор дауыссыздар ыңғайында кейбір тілдерде біраз ерекшеліктер ұшырасады. Енді сондай ерекшеліктер кездесетін тілдердің басты-бастыларына тоқталайық. Оғыз тобындағы азербайжан, түрік, түркімен тілдерінде түркі тілдеріне тән заңдылықтың негізгі белгілері қатаң сақталып айтылады. Дегенмен, оларды өзара салыстырып қарағанда бір-бірінен де, сондай-ақ басқа да (айталық қазақ тілінен) ерекшеліктері барлығы байқалады. Түрік тілінде дауыссыздардың не қатаң, не ұяң болып үндесуі сөз түбірінде сақталады және көбіне сөздің шыққан тегіне қарамайды. Сөз түрік сөзі болмай басқа тілдерден ауысқан болса, осы заңдылыққа ыңғайласады.: ексік (кемшілік), істе (тіле), өзге (өзге) т.б. Азербайжан тілінде осы заңдылық негізінен сақталып отырса да, бұл жүйеден біраз ауытқулар ұшырайды. Азербайжан тіліндегі ондай ауытқулар тек араб, парсы тілдерінен енген сөздерде ғана байқалмайды, жалпы түркілік, не азербайжандық сөздер құрамынан да кездеседі: араб, парсы сөздері -рүтбә (атақ, дәреже), тәсбит (нығайту, жетілдіру) т.б.

Осы мысалдарды барлар қарағанда, қыпшақ тіліндегі қатаң дауыссыз қ дыбысына сай қолданылатын ғ дыбысы қатаң дауыссыздармен бір тектес айтылғандығын көруге болады.

Аталған тілдерде регрессивтік ассимиляция мынадай ыңғайларда байқалады: л дыбысы өзінен бұрын, не соң айтылған мұрын дыбысы н-ге ыңғайласады: оннар онлар (олар), гелиннер гиннилер(келіндер), диннемек динилимек (құлақ салу, тыңдау): дыбысы н өзінен соң айтылған еріндік м, б дыбыстарымен ыңғайласады: чембер, чәмбер, ченбер, ченбәр (шенбер): түркі тілінде р дыбысы өзінен соң айтылған л дыбысына ыңғайласады: олуллар олулар (олай бола береді), гелиллер, гелирлер (олар келді). Түркологияда әдетте ысылдау ассимиляциясы деп аталатын құбылыс буын құрамында қысаң дауысты болса, айқын көрінеді де, буын жасаушы ашық дауысты болса, айқын естіле бермейді. Қазақ тілінде осыған керісінше құбылыстың с дыбысының ш-ға ыңғайласуы бар. ас-шы> аш-шы, қос-шы>қош-шы.т.б. Түрік тілдеріндегі құбылыс с дыбысының өзінен бұрынғы дыбысқа ықпалы басым екендігін көрсетсе, қазақ тілінде, керісінше с дыбысының ызың ш-ға ықпалы жоқ, қайта өзі соның әсерінен ұшырайтындығын көрсетеді.

Әрбір ұлт тілінің қалыптасу кезеңдеріндегі фонетикалық өзгешеліктерінің заңдылығын салыстырсақ, Орта Азия мен Қазақстан тілдерінің лексикалық құрамы бір-біріне ұқсас. Бұл жақындық — ерте замандардан келе жатқан жалпы түркі тілінің тектестігі, бұл тілде сөйлеуші тайпалардың, рулар мен қауымдардың бір-бірімен генетикалық байланысының белгісі.

Біздің дәуірімізге келіп жеткен Орхон-енисей ескерткіштерін оқып қарап таныссақ, шүбәсіз түсінуге болады. Оның үстіне бұл ескерткіштер таза түркі тілдерімен жазылған. Демек, бұл қазіргі қазақ-қарақалпақтың да, ұйғыр-өзбектің де, қырғыздың да, түрікменнің де, т. б. түркі тілдердің де, бәріне ортақ ата тілі болып есептеледі. Әрбір ұлт тілінің қандай өзгеріске түскенін білу үшін оны

ескерткіштер тілімен салыстырып, анықтауымыз мүмкін. Тағы бір ескеретін нәрсе, бұл ескерткіштердің тілі қазіргі кейбір тілдерге өте жақын, тіпті фонетикалық өзгеріске де түсіп жарымаған. Орхон-енисей жазуларының тіліне ескі ұйғыр тілі өте жақын, ал қазіргі тілдерден тува, хакас, шор тілдері фонетикалық өзгеріссіз сақталған десе де болады. Сол сияқты Орта Азия тілдерінің ішінде қырғыз тілі біршама жақынырақ екендігі сезіледі.

Осымен қатар Орхон-енисей жазуларының тілінде өз ара өзгешеліктер бар екендігі байқалады. Енисей тілінің өзгешелігі тува, хакас, шор, қырғыз тілдерінде сақталса, орхон жазуының тілі — оғұз тілдеріне жақын болып, кейінірек түрікмен, азербайжан, түрік тілдеріне өтіп кетуі ықтимал. Бұл тілдегі өзгерістер түркі халықтарының өткендегі тарихи жағдайларына байланысты екендігін тағы ескертпесек болмайды. Өйткені қазіргі көпшілік тарихи деректердің көрсетуі бойынша, түркі халықтарының арғы атасы V ғасырдан бастап Енисей бойларынан, Алтайдан Жайық бойына, солтүстікке, Ертіс арқылы VI ғасырда Орта Азияға қозғалып көше бастаған. Сөйтіп, түркі халықтары Алтайдан бастап Саян арқылы Байкалға дейін орналасқан. Түркі халықтары осындай кең территорияда көшіп-қонып жүріп генетикалық жақтан қатынасы жоқ халықтармен де қарым-қатынас жасаған. Соған қарамастан түркі халықтары ана тілінің негізгі сөздік қорын сақтап қалғандығын жалпы туыстық тектестігін білдіретін лексикасынан көруге болады. Ол үшін Орта Азия мен Қазақстан тілдерін Орхон-енисей тілімен салыстырып қарайық

| Қазақ тілі | Қарақалпақ тілі | Қырғыз тілі | Өзбек тілі | Ұйғыр тілі | Түрікмен тілі | Орхон Енисей ескерткіштері тілі |
|------------|-----------------|-------------|------------|------------|---------------|---------------------------------|
| ұл | ул | Уул | Уғил | Оғул | огул | оғул |
| қыз | қыз | Қыз | Қиз | Қиз | гыз | қыз |
| ана | ана | Энее | Она | Анна | эне | ана |
| ата | ата | Ата | Ота | Ата | ата | ата, ада |
| іні | ини | Ини | Ини | Ини | ини | ини |
| ер | ер | Эр | Эр | эр | эр | ер |
| келін | келин | Келин | келин | Келин | гелин | келин |
| қатын | қатын | Катын | хотин | Хотун | хатын | қатун |
| күйеу | күйеу | күйөө | Куёв | Күйоғул | гиев | күдегү |

Сол сияқты адамның дене мүшелерінің аттары да жалпы түркі халықтарында, соның ішінде салыстырып отырған түркі тілдерінде, ұқсастығы былай тұрсын, Орхон-енисей тілімен де жақындығы сақталғандығын көреміз.

| Қазақ тілі | Қарақалпақ тілі | Қырғыз тілі | Өзбек тілі | Ұйғыр тілі | Түрікмен тілі | Орхон Енисей ескерткіштері тілі |
|------------|-----------------|-------------|------------|------------|---------------|---------------------------------|
| Бас | бас | Баш | бош | баш | баш | баш |
| Құлақ | қулақ | кулак | кулок | қулақ | гулак | қулғақ |
| Көз | көз | Куз | куз | көз | гөз | Көз |

| | | | | | | |
|------|------|------|-------|-----|-----|------|
| Қас | қас | Каш | қош | қаш | гаш | каш |
| Аяқ | аяқ | Аяк | оёқ | аяқ | аяк | адак |
| Тізе | дизе | Тизе | тизза | тиз | дыз | тиз |

Айуанаттар, құстар, жәндіктерге байланысты лексикалық ұқсастықтар да барлығын салыстырып көруге болады:

| Қазақ тілі | Қарақалпақ тілі | Қырғыз тілі | Өзбек тілі | Ұйғыр тілі | Түрікмен тілі | Орхон Енисей ескерткіштері тілі |
|------------|-----------------|-------------|------------|------------|---------------|---------------------------------|
| Ат | ат | Ат | От | ат | ат | ат |
| Тай | тай | Тай | той | тай | тай | тай |
| Бие | бие | Бээ | бия | бийә | | би |
| Айғыр | айғыр | айғыр | айғир | айғир | айғыр | адғыр |
| Иңген | иңген | иңген | урғочи туя | чиши | инен | инген |
| Түйе | түйе | төө | туя | төгә | дүе | тебе |
| Бұқа | буға | Бука | буқа | буқа | буқа | бука |
| өгіз | өгиз | өгүз | хукиз | һөкәз | өкүз | өкүз |
| Қой | қой | Қой | қуй | қой | гоюн | қой |
| Құс | қус | Қуш | қуш | қуш | гуш | хус |
| Ит | ийт | Ит | Ит | ишт | ит | ит |

Қысқасы, Орта Азия мен Қазақстан тілдерін өз ара салыстыру арқылы олардың бір-бірімен жақындығын, ал Орхон-енисей ескерткіштерінің тілімен салыстырсақ, ол сөздердің ертедегі түркі сөздері екендігін, сақталу дәрежесін анықтаймыз. Демек, түркі тілдері, соның ішінде қазақ, қарақалпақ, өзбек, ұйғыр, қырғыз түрікмен тілдері негізінен түркі тілдік, бір-бірімен тектестік қасиетін сақтап қалған. Бірақ бұл тілдердің ескі сөздік құрамын сақтап қалғандығын шартты түсіну керек. Өйткені салыстырылған сөздердің мазмұны дәл келгенмен, айтылуында бірсыпыра фонетикалық өзгерістер пайда болған. Демек, әрбір тіл ұлт тілі болып қалыптасуда өзіндік өзгешеліктер пайда болады. Ол өзгешеліктер — бір тілді екінші тілден ажыратудағы ұлт тілінің белгісінің бірі.

Бірақ ескі түркі тілдермен салыстырып қарағанымызда осы өзгерісті әр тіл әр түрлі қалыптастырған. Мысалы, хакас, тува, шор тілдері айтарлықтай өзгеріске ұшырамаған, ал қарлұқ, оғұз тілдеріне қарағанда, қыпшақ тілдері біршама жақын екендігі сезіледі.

Түркі тілдерді, әсіресе Орта Азия тілдерінің тарихын зерттеуде Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» пен Махмуд Қашқари құрастырған «Девону луғотит түрк» (Түркі тілдерінің сөздігі) еңбектерінің маңызы аса зор.

«Девону луғотит түрк» XI ғасырда жазылғанмен, онда баян етілетін мазмұн одан әлдеқайда ертерек дәуірлерге тиісті екендігі белгілі. Өйткені Махмуд Қашқари сөздерді тарихи жақтан қарап, ру-тайпалар тілдерін бір-бірімен салыстырып, олардың өзгешеліктерін де зерттейді. Махмуд Қашқари кейбір сөздердің өте ескі сөз екенін, оның сол дәуірде қандай өзгеріске ұшырағандығын

дәлелдейді. Сол ғасырдағы көптеген сөздер кейбір фонетикалық өзгерісі болмаса, дәл мағынасында осы күні де қолданылады: куп — көп, туп — түп, бэл — бел, қарі — кәрі, тенг — тең, таң — таң, курут — құрт, қанат — қанат, тил — тіл, оіун — ойын, ајак, — аяқ, этак — етек, этук — етік, ун — ұн, эл — ел, ок, — оқ, бәшік — бесік, сәзік — сезік, күман, тубрақ — топырақ, кок — көк, қол — қол, сол — сол, қозі — қозы., тэң — тең, таң — таң, қар — қар т.б.

Біз «Девандағы» кейбір түркі сөздердің өзбек тіліне аударылғанда парсы-тәжік сөзі арқылы берілгенін де байқадық. Мысалы: лұғатта — аја сөзі өзбекшеге аударғанда — кафт, кул кафти (қолдың алақаны I т., 113-б.) болып берілген, ал ая сөзі-қазіргі түркі тілдерінде осы күні де қолданылады. Мысалы, қазақ тілінде ая сөзі алақан мағынасында сақталған: аялап өсіру — алақанына салып өсіру немесе халық аузында «анаңда болса аларсың, аяңда болса жаларсың» дейді.

Қырғыз тілінде аты жоқтун буту жоқ, қазақ тілінде аты жоқтың аяғы жоқ (мақал). Дегенмен бут сөзі қазақ тілінде де аяқ сөзінен алыстап кеткен жоқ; бұт, борбай мағынасында қолданыла береді.

Ал «Девону лұғотит түрк» де аяқ сөзі үшін аяқ, пут сөздерін қатар қолданған («Деванда» 15 жерде аяқ, 8 жерде бұт сөзі ұшырайды). Демек, қырғыз тілі көне түркі тілдеріндегі бұт сөзін әлі ескірте қойған жоқ.

IX ғасырдың басында Орта Азия мен Қазақстан территориясын арабтардың жаулап алуына байланысты оқу-білім, әдебиет араб тілінің ықпалында еркендейді. Араб алфавиты жазба тілге негіз болып, көптеген шығармалар жазылады.

Осыған байланысты Орта Азия тілдеріне араб сөздері келіп кіреді. Өзбек тіліне қарағанда қазақ, қырғыз, қарақалпақ тілдерінде айтарлықтай көп емес. Оның үстіне араб сөздері қазақ тілінің ырқына көніп біраз фонетикалық өзгеріске түскен. Өзбек тілінде көбінше өзгеріссіз және кеңінен қолданылады. Адабиет, одам, ахоли, арава, арбоб, асос, асбоб, атроф, ахборот, жумла доим, жамият, жазо, ғайрат, хужум, ходиса, доир, даража, давом, давлат, дохий, диққат, ахл, фаолият, фақат, хақ, хақиқат, харакат, хурмат, интизом, мажлис, маданият, махсус, муддат, қарор, олий, имконият, интизом, иқлим, истикбол, ихтисос, хисобот, кашф, қонун, мусобоқа, мухәррир, ижро, илхом, иморат т.б.

Бұған қосымша өзбек тілінде араб аффикстері -ий, -вий қосылған сын есімдер де көп қолданылады: абадий, амалий, асосий, жиддий, фахрий, маданий, махаллий, илмий, назорий, олий, оммавий, оддий, тарбиявий, кимевий, фазиनावий, техникавий, т.б. Осымен қатар өзбек тілінде арабтың — ан аффиксі қосылған сөздер үстеулік қызмет атқарады. Асосан, баъзан, масалан, нисбатан, қисман, шахсан, умуман т.б. Өзбек тілінде арабтың балки, аммо, лекин, ва, вахоланки т.б. жәрдемші сөздері де актив қолданылады.

Бұл парсы-тәжік сөздері өзінің көлемі мен қолданылу дәрежесі бойынша барлық тілде бірдей емес. Қазақ, қырғыз тілдерінен гөрі өзбек, ұйғыр тілдерінде кеңінен қолданылады. Өзбек әдеби тіліне тәжік тілінің әсері күшті болған. Көптеген өзбек жазушылары парсы-тәжік тілінде жазған.

Орта Азия мен Қазақстан тілдеріне енген араб, парсы сөздерін салыстырып қарасақ, араб сөздері көбірек абстракт мағынаға ие сөздер болып есептеледі. Олар әдебиет, мәдениет, ғылым, саяси-әлеуметтік байланыстар саласында

қолданылса, парсы-тәжік сөздері күнделік адамдардың өмірімен, экономикалық қарым-қатынас жасау үшін көбірек қолданылатыны сезіледі

Өзбек тіліне көптеген парсы-тәжік сөздерімен қатар, сөз жасаушы, сөз тудырушы аффикстер де келіп кірген. Олар қазіргі өзбек әдеби тілінде кеңінен қолданылады. Оның үстіне өзбек-тәжік екі тілде қатар (Бухара, Самарканд вилояттарында) сөйлеушілік те өте күшті орын алады. Парсы-тәжік тілінен кірген сөздер өзбек тілінің өз сөзіндей қолданылады: дастурхон, кафт, нан, дутор, сетор, сурнай, чунон, сабзавот, мискара, серхосил, камгап, бенуқсон, сартарош, пахтакор, ғузапоя, ватанпарвар, номзод, рахбар, созанда, ошхона, чойхона, етоқхона, қоғаз, бекор, жанжол, дуст, фарзанд, хафта, майдон, мева, намзод, пешқадам, писанд, қахраман, равшан, савдо, пештоқ, хунарманд, донишманд, шарманда, меҳрибон, ширин, баҳор т.б. Бұл сөздердің кейбіреулері өзбек тілі арқылы қазақ, қырғыз, қарақалпақ т.б. тілдерге де кірген. Қазіргі өзбек тілінде тәжік сөздері сөз жасаушы аффикстер, префикстермен қосылып қолданыла береді. Бегуноҳ, бамаслаҳат, тилшунос, сермоҳсул, баркамал, хушхабар, барқарор, боадаб, нотуғри, соатсоз, бартараф, ноҳақ, ҳамфикр, шартнома, қоғозбоз, ишқибоз, донишманд, амалдор т.б.

Осымен қатар өзбек тілінің сөйлеу процесінде парсы-тәжік сөздерімен қатар, түркі сөздерін қатар қолданушылық та анық сезіледі. Мысалы, манглай (маңдай) сөзі мен пешона, қул (қол) сөзі мен даст, эрин (ерін) сөзі мен лаб, олтин (алтын) сөзі мен тилла, яёв (жаяу) сөзі мен пиёда, бутоқ (бұтақ) сөзі мен шох. т.б.

Жалпы алғанда, әрбір түркі тілі араб-парсы, тәжік тілінен кірген сөздердің, бәрін ала берместен, керегін алып оны өз сөзіндей сөздік құрамына ендіріп, қарым-қатынас үшін пайдалаяған.

Араб сөздері қазақ, қарақалпақ, түрікмен, ұйғыр, қырғыз тілінде де өз сөзіндей болып сіңіп кеткен. Осы тілдерде қолданылатын бірнеше сөздерді салыстырып қарайық:

| арабша | қазақша | қарақалпақша | қырғызша | өзбекше | ұйғырша | түрікпенше |
|---------|---------|--------------|----------|---------|---------|------------|
| Жаза | жаза | Жаза | Жаза | Жазо | жаза | жеза |
| шифа | шиппа | Шыпа | Шыпаа | шифо | шиппа | шыпа |
| қассап | қасап | Қассап | Қасап | қассоб | қассап | гассап |
| диққат | - | Дыққат | Дықат | диққат | диққәт | дыкгат |
| харакат | әрекет | хәрекет | Аракет | харакат | һәрикет | херекет |
| Зиһн | зейін | Зейин | Зээн | Зехн | зеһин | зехн |
| кадрат | қүдірет | Қудирет | Қудурет | кудрат | кудрәт | гудрат |
| баракат | береке | Берекет | Береке | баракат | бәрикәт | береке |
| фикр | пікір | Пикир | Бикир | Фикр | пикир | пикир |
| инсаф | ынсап | Инсап | Ынсап | инсоф | инсап | ынсап |
| мажбур | мәжбүр | мәжбүр | Мажбүр | мажбур | мәжбүр | межбур |
| мақул | мақұл | Мақул | Мақул | маъқул | мақул | мақул |
| масалан | мәселен | мәселен | мәселен | масалан | мәсилән | маселем |
| тақдир | тағдыр | тәғдир | Тағдыр | тақдир | тәғдир | такдыр |
| Адат | әдет | әдет | Адат | Одат | адәт | адат |
| Даһр | дәуір | дәуир | Доор | Давр | дәвир | довур |

| | | | | | | |
|--------|--------|--------|--------|--------|--------|--------|
| назар | назар | Назер | Назар | Назар | нәзәр | назар |
| Аман | аман | Аман | Аман | ОМОН | аман | аман |
| даража | дәреже | дәреже | Дараже | даража | дәрижә | дереже |

Орта Азия мен Қазақстан тілдерінде және монғол тілдерінде қатар қолданылып жүрген біраз сөздерді байқадық. Бұл жөнінде көптеген тарихшылардың, филологтардың пікірі де аз емес. Бірақ осы сөздер монғолдан түркі тілдеріне келіп кірді ме, болмаса монғолдар түркі тілдерден қабылдап алды ма, бұл жөнінде белгілі бас жіп таққан пікірді таба алмаймыз. Біздің пікірімізше, бұл сөздер монғолдарда да, түркі тайпаларында да бірдей қатар қолданылған. Ал түркі тілі монғолдармен араласу арқылы бір-бірінен қабылдады деген пікірге қосылуға болмайды. Өйткені көптеген туысқандық некеге, үй мүлікке т.б. байланысты 500-ден кем емес сөздерді олар XIII ғасырдан бұрын да қолданған. Демек, генетикалық байланыс монғолдар мен түркі халықтары ортасында ерте уақыттан болған. Бұл мәселе терең зерттеуді талап етеді. Түркі тілдері мен орыс тілінің байланысы ерте кездерден, ал қазақ тілі орыс тілімен XVII ғасырдың 70-жылдарынан бастап-ақ байланысқа түскен. Осы дәуірлердің ішінде Қазақстан мен Орта Азия тілдеріне көптеген сөздер келіп енген. Олардың көпшілігі түркі тілдердің ырқына көніп, әрбір ұлт тілінің фонетикалық, грамматикалық заңдылығына бағынып кеткен.

Административтік-басқаруға байланысты сөздер: болыс (волость), ояз (уезд), канделет (кандидат), песір (писарь), шенеунік (чиновник), кінез (князь);

Үй-тұрмысына байланысты: самауыр (самовар), шөген (чугун), патнас (поднос), шәйнек (чайник), үстел (стол), сиса (ситец), сатек (сатин) т.б.

Демек, әрбір ұлт тілі өзінің қалыптасу дәуірлеріне жеткенше өте көп бұрылыстарды, тарихи кезеңдерді басынан кешірген, ол әрбір тілдің сөздік құрамында із қалдырғанын көреміз. Түркі тілдерінің сөздік құрамына енген араб, парсы тәжік, монғол, орыс сөздері біртіндеп сіңісіп, халыққа толық түсінікті болғанда, өз сөзіндей қалыптасып кеткен. Бұл сөздерді тек салыстырып зерттеп, этимологиясын іздемесек, қазіргі қазақтың немесе өзбектің сөзі емес деу де қиын. Сондықтан бір тілдің лексикалық құрамындағы сөздерді екінші тілдермен салыстыру арқылы ғана оның тарихи даму жолдарын, ескі түркі тектестігін сақтау дәрежесін, өзінің жақын тілдерімен байланысының алыстық, жақындық өзгешелігін анықтау мүмкін.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.Нұрмаханова Ә. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. - Алматы, 1971
- 2.Айдаров Ғ. Орхон ескерткіштерінің тексі.- Алматы, Ғылым, 1990.
- 3.Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі.- Алматы: Ана тілі, 1992.
- 4.Ескі түркі жазба ескерткіштері туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым 1983.
- 5..Мусаев К.Н. Лексикология тюркских языков. – Москва: Наука, 1984

3-лекция. Қазіргі түркі тілдеріндегі сөз таптары және олардың морфологиялық құрамы

Жоспары:

1. Қазіргі түркі тілдеріндегі сөз таптары
2. Сөз таптары және олардың морфологиялық құрамы.
3. Сөз таптарының лексика – грамматикалық сипаттары

Тірек түсінік: Қазіргі түркі тілдерінің ұқсастықтарын сөз таптары арқылы анықтау.

Сөз таптары және олардың морфологиялық құрамы. Сөз таптарының лексика – грамматикалық сипаттары.

Қазақ тілінде сөз таптары қарақалпақ тілінде сөз шақаптары, қырғыз тілінде сөз түркүмдөрү, өзбек тілінде суз туркумлари, ұйғыр тілінде сөз түркүмлири, түрікмен тілінде сөз топарлары болып аталады.

Салыстырылған тілдерде сөздерді таптастыру олардың лексика-грамматикалық белгілеріне сүйеніп бөлінеді. Сөздердің семантикалық, морфологиялық, синтаксистік белгілерін есепке алу сөз таптарын жүйелі бөлудің, негізгі белгісі болып есептеледі. Өйткені әрбір сөз табы екінші бір сөз табынан өзінің лексика-грамматикалық өзгешелігімен айырылады. Сөздердің семантикалық өзгешелігін былай қойғанның өзінде, морфологиялық — сөз тудыру, сөз түрлендіру тәсілі, сөйлемдегі сөздердің синтаксистік қарым-қатынасы, атқаратын қызметі есепке алынады. Сөз таптары салыстырылған тілдерде осы принцип негізінде бөлінген.

Сөз таптарының лексика-грамматикалық жасалу жолдарын салыстырып қарасақ, көптеген ұқсастықпен қатар кейбір айырмашылықтар да кездеседі. Соның бірі — осы сөз таптарын бөлу мәселесі. Қазақ, түрікмен тілдерінде сөз табы — 9, қарақалпақ тілінде — 12, қырғыз тілінде — 11, ұйғыр тілдерінде — 12, ал басқа түркі тілдерінде бұлардан аз да, көп те болып кездеседі.

Көпшілік түркі тілдерінде барлық сөз таптарының негізіне сөздердің семантикалық және морфологиялық белгілерін алады. Қазақ тілінде сөз таптары атаушы сөздер, көмекші сөздер және одағайлар болып бөлінеді. Сөз таптарының ішінде ең көпшілігі де, негізгісі де атаушы сөздер болып есептеледі, өйткені тіліміздің бүкіл сөз байлығының барлық шұрайы да, негізі де осы атаушы сөздер. Қазақ тілінде атаушы сөздер есімдер және етістіктер болып екі салаға бөлінеді. Бұл жөнінде Ахмади Ықақов былай дейді: «Бірақ есімдер де іштей түп-түгел бірдей емес. Мысалы, зат есім, сын есім, сан есім, есімдіктер ішінара ұқсас, бір-біріне тете болса, үстеу сөздер мен еліктеу сөздер ішінара бір-біріне жақын. Осыған орай шартты түрде есімдердің алғашқы тобын атаушы есім деп, соңғы тобын үстеуші есім деген екі салаға жіктеуге болатын сияқты. Ал етістіктер өз алдына, бір топ» Көмекші сөздер жалғаулықтар, септеуліктер, демеуліктер болып үш топқа бөлінеді. Одағай сөздер адамның әр алуан көңіл-күйімен, ішкі сезімін білдіретін сөздер болып өз алдына жеке қаралады.

Қазақ тілінде сөз таптары 9 түрлі:

1. Зат есім.
2. Сын есім.
3. Сан есім.
4. Есімдік.
5. Етістік.
6. Үстеу сөз.
7. Еліктеу сөз.
8. Көмекші (шылау) сөз.
9. Одағай.

Қырғыз тілінде сөз таптары лексикалық және грамматикалық белгілеріне қарап, үлкен екі топқа бөлінеді: мағына беруші сөздер, көмекші (қызматчы) сөздер.

Мағына беруші сөздер заттарды, заттардың сын-сыпатын, қимыл-әрекетін және басқа жақтарын білдірумен қатар сөйлем мүшесі қызметін атқарады деп көрсетеді.

Көмекші сөздер лексикалық мағынаға ие болмайды, сөйлемде мүшелік қызмет атқармайды, тек негізгі сөздердің арасындағы байланысты білдіру үшін қызмет атқарады.

Сөйтіп қырғыз тілінде сөз таптары төмендегі түрлерге бөлінеді:

1. Зат атооч.
2. Сын атооч.
3. Сан атооч.
4. Ат атооч.
5. Тактооч.
6. Этиш.
7. Сырдық сөздер.
8. Тууранды сөздер.
9. Жандоочтор.
10. Байламталар.
11. Бөлүкчөлөр менен модаль сөздер

Көмекші сөздерге жандоочтор, байламталар және бөлүкчөлөр мен модаль сөздер кіреді.

Ұйғыр тілінде сөз таптарын 12 түрге бөледі:

1. Исим
2. Сүпәт
3. Сан
4. Алмаш
5. Рәвиш
6. Пеил
7. Тиркәлмиләр
8. Бағлиғүчлар
9. Уланмилар
10. Модал сөзләр
11. Имликлар

12. Тәхлидий сөзләр

Сөз таптары осындай сан жағынан әр түрлі болса да, олардың тілдегі зерттеу объектісі бір-біріне ұқсас, өйткені бұл тілдер өзінің тектестігімен қатар, лексикалық және грамматикалық тәсілдері бойынша ортақ белгілерге ие. Осыған қарамастан, әр тіл сөз таптарын өзінше бөліп, екінші тілден алыстата түсіреді. Бұл жағдай әсіресе көмекші және адамның көңіл күйін, эмоциясын білдіретін сөздерге байланысты екендігі байқалады. Ал жалпы түркі тілдерінің грамматикаларында атаушы сөздер жөніндегі пікірлер бір-бірінен онша алыстамайды. Демек, сөздерді таптастырғанда, олардың лексикалық, морфологиялық және синтаксистік функциясын есепке алып, бірыңғай ғылыми негізде берілгені дұрыс болады. Мысалы, сөз таптарының саны көбейгенде көмекші сөздердің әрбір түрі жеке сөз табы болып есептеледі. Ал шынында көмекші сөздердің саны кебейсе де, оның негізгі қызметі бір-біріне ұқсас. Осыған қарамастан, ұйғыр, өзбек, қырғыз тілдерінде көмекші сөздер тиркәлмиләр (послелогои), бағлиғучилар (союзы) және уланмилар (частицы) болып бөлінеді, Осы сияқты қырғыз тілі де көмекші сөздерді жандоочтор, байламталар, бөлүкчөлөр жана модаль сөздер деп үшке бөледі. Бірақ қырғыз тілі грамматикасының модаль сөздерді көмекші сөздердің ішіне кіргізгені біраз анықтауды талап етеді. Өйткені модаль сөздер түркі тілдерінде аз емес, оның үстіне олардың атқаратын қызметі де көмекші сөздерден басқа. Модаль сөздер сөйлемдегі айтылған пікірге айтушының көзқарасын білдіреді, Сондықтан модаль сөздердің мағынасы әр түрлі — біреулері анықтықты, мақұлдаушылықты білдірсе, екіншілері күмәнды, болжауды т.б. білдіреді. Сондықтан, модаль сөздерді өз алдына сөз табы етіп қараса, қата болмайды. Бұл жөнінен өзбек, ұйғыр тілдері модаль сөздерді өз алдына бөліп дұрыс істейді. Осымен қатар ұйғыр тілі имликлар және тәқлидий сөзләр, ал өзбек тілі ундовлар, тасвирий сузлар, қырғыз тілі тууранды және сырдык сөздерден дербес яки сөз табы ретінде қарайды. Ал қазақ тілі бұларды одағайлар, түрікмен тілі үмликлер деп бір сөз табы ретінде қарайды.

Осымен қатар салыстыра зерттеген тілдерде көмекші сөздерге де біраз көңіл аударылуы керек. Өйткені олар бір-бірінен атқаратын қызметіне қарай ажыратылады. Оның үстіне жалғаулық және демеуліктердің тарихи шығысы да біраз ойлануды талап етеді. Бұл жағынан септеуліктер жалғаулықтар мен демеуліктердей емес. Септеуліктер әлі де басқа өз таптарымен ауысып бірде дербес мағынада қолданылса, екіншісінде көмекшілік қызметін атқарады: Бұрын барсаң, орын бар дегенде бұрын — үстеу сөз, ал Институтты мерзімінен бұрын бітіріп, биыл осы ауылдың орталау мектебіне оқу меңгерушісі болды (Ғ.Мұстафин) дегенде, септеулік қызмет атқарып тұр. Осымен қатар септеулік деген термин оның қызметіне дәл де келмейтін сияқты. Ал түрікмен тілінің оны сөз соңы көмекшілері деп атағаны біраз қолайлы болса керек. Қысқасы, түркі тілдеріндегі сөз таптарының кейбіреулері әлі де бір-бірінен анық ажырап кетпей, бірінен екіншісіне ауысып жүреді. Бұл әсіресе олардың сөйлемдегі қызметінде анықталады. Бұған атаушы сөздердің қай-қайсысы да мысал болады. Сондықтан сөз табын белгілеуде олардың сөйлемдегі атқаратын қызметі де шешуші орын алады.

Біраз тілдердегі еліктеуіш сөз, одағай сөз болмаса қырғыз тіліндегі табыш тууранды жана элестүү сөздер, сырдық сөздер деген сөз таптары біраз анықтауды талап етеді. Сонымен түркі тілдердің сөз таптарын зерттегенде әрбір тілдің өзгешелігі есепке алумен қатар, оның басқа тілдермен тектестігін естен шығаруға болмайды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Нұрмаханова Ә. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. - Алматы, 1971
2. Айдаров Ғ. Орхон ескерткіштерінің тексі.- Алматы, Ғылым, 1990.
3. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі.- Алматы: Ана тілі, 1992.
4. Ескі түркі жазба ескерткіштері туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым 1983.
5. Мергенбаев Е. Түркий тиллерде сөз өзгертуі системасы. – Нөкис; Билим. 1994
6. Мусаев К.Н. Лексикология тюркских языков. – Москва: Наука, 1984
7. Болғанбаев Ә, Қалиев Ғ. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы. А, 1997
8. Сайтов Д. XVIII-XIX әсирлердегі қарақалпақ шайырларының тили, - Нөкис, 1989
9. Балақаев М., Сауранбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1997.

4-лекция. Түркі тілдеріндегі зат есімдер

ж о с п а р ы

1. Түркі тілдеріндегі зат есімдер
2. Септік категориясының түрлері
3. Зат есімнің көптік категориясы
4. Тәуелдік категориясы

Салыстырмалы грамматиканың басты міндеті-тілдерге ортақ морфемаларды анықтау, сондай-ақ ерекше оқшауланып тұратын морфемаларды ажырату. Осы тұрғыдан қарасақ зат есімдердің жасалуын, оларды жасайтын тәсілдерді жалпы түркі тілдеріне ортақ деп қорытындылауға болады. Бірақ сол ортақ тәсілдердің жеке тілдерде таралуы, қолданылуы бірдей емес. Сондықтан олардың әрқайсысына жеке тоқталу керек.

Қазақ тілінде *зат есім*, қарақалпақ тілінде *атлық*, қырғыз тілінде *зат атооч*, өзбек тілінде — *от*, ұйғыр тілінде *исим*, түрікмен тілінде — *ат* болып аталады. Басқа да түркі тілдер сияқты салыстырылған тілдерде зат есімдер заттық ұғымға ие болған, өз алдына дербес мағыналы сөздер болып есептеледі. Олардың түрлері сан алуан. Олар затты, табиғат құбылыстарын, оқиғаларды, өмірдің әр түрлі көріністерінің қай саласын болса да өз ішіне алады. Бұл зат есімнің өрісінің кең екендігін көрсетеді. Сондай сан алуан заттық ұғым білдіретін сөздердің көпшілігі мағынасы бойынша бір-біріне жақын болып

келеді. Зат есімдер басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түсу үшін көптік, септік және тәуелдік жалғауларын қосып алады. Бұлардан басқа сөз тудыратын және форма тудыратын жұрнақтар да зат есімдерге қосылады.

Қазіргі қазақ тілінде зат есімдерден зат есім жасайтын қосымшалар басқа да түркі тілдерінде қолданылады. -шы, -ші қосымшасы қазіргі түркі тілдерінде субъектінің кәсібін, тіршілік, күнкөріс қызметін білдірудің тәсілі ретінде қолданылады. -чы (аңшы) авчы, ділчі, балықшы, па-лықшы т.б. Кейбір тілдерде бұл аффикс жалғанған сөздер субъектінің белгілі бір әдетке, іске икемділігін білдіре алады: шор тілінде: урушча (ұрысқақ), терчи (тершең) Бұл мағына қазақ тілінде -шыл (-шең)-қақ аффикстері арқылы беріледі. -шы аффиксті сөздер бірсыпыра тілдерде субъектінің белгілі бір қоғамдық ағымға, тапқа қатысты екендігін білдіреді: республикачи, монархиячи: қазақ тілінде: стахановшы, мичуринші. Дегенмен қазақ тілі өзбек т.б. тілдермен салыстырғанда ерекшелеу болып келеді: республикашыл, монархияшыл т.б. Ал қарашай-балкар, тува тілдерінде аффикс субъектіні тұрған, туған жеріне қарай ажырататын тәсіл ретінде қолданылады: қарашай-балкар: налчикчі, қызылчы т.б. Бұл мән қазақ тілінде -лық аффиксі арқылы беріледі. Ал якут тілінде -сыт, -сүт аффиксі арқылы беріледі: балвқсыт, кусчут, (құс аулағыш), -лық, -лығ, -луғ, -тық, -дық, -ның аффикстері арқылы абстракт мәнді зат есімдер жасалады: қалыптық, достық, шындық: өзбек: ақтық (ақтық), келішлік (келіс, келу): ұйғыр: балылық (балалық)т.б.

Зат есім жұрнақтарының ішіндегі ерекше топ-кішірейткіш-экспрессив мәнді сөздер айтылатындары: -ық, -эк, -оқ, -ек: масақ :татар: башақ екеуінің де бастапқы түрі-бас-баш: жолақ, азербайжан: золох:

-қа, -ке: қырғыз: атаке, шешеке, ерке.

-қы, -ки: түркмен: атақы, тува: авақым (аваана) өзбек, қазақ, балақай, татар: куйанқай (күйан-қоян).

-ш, -ч :аташ, бабаш, ноғай тілі: абаса(ана)

-ач, эч. хакас тілі: хазынас (хаіың-қайың), шор тілі: ертегегіш (өртөч-үйрек).

-ша, -ше (-ча, че): кітапша, бұтақша, өгізше, азербайжан: бағча,

(бағ-бак), түркмен: өкүзше, қырғыз: төкөче (текешік)

-шақ, -шек, -чақ, -чек: құлыншақ, түйіншек, хакас: тураджақ,

(үйшік), түркмен: довүнчек (түйіншек). Көне, жаңа түркі тілдерінде жиі қолданылатын аффикс -дырық, -тұрық, -дурық, -тұрық: тұмылдырық, өмілдірік, мойынтұрық, өзбек: сақалтұрық (сақал тарағы), түркмен: ағыздырық, ұйғыр: еғиздирик (ауыздық), қазақ тілінде бұл сөз құрамынан -ры буыны түсіп қалса керек. Якут : томдорук (ауыздық , хакас: ултурух (ұлтарақ)

Сонымен, бұл көрсетілгендер - есім түбірден зат есімдер жасайтын аффикстер. Бұлар түркі тілдерінің басым көпшілігіне ортақ.

Ал етістіктерден зат есім жасайтын аффикстер тарихи тұрғыдан есімшілік формалар болып табылады. Тіл дамуының көне дәуіріндегі есімше формаларының заттануынан етістік негізді зат есімдер қалыптасса, объективациялануынан етістік негізді сын есімдер келіп шықты, сөйтіп генетикалық бірлік аталған сөз таптары құрамында іздерін қалдырды. Кейде бір

аффикс зат есім құрамынан да, сын есім құрамынан да ұшырайды. (-ыс, -іс: соғыс, айтыс: зат есім: кеміс, тегіс.)

Септік жалғаулары

Зат есімдер басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсу үшін септік жалғауларын қосып алады. Септік жалғаулары карақалпақ тілінде *сеплик*, қырғыз тілінде — *жөндөмө*, өзбек тілінде — *келиш*, ұйғыр тілінде — *келишик*, түрікмен тілінде — *дүшим* болып аталады.

Салыстырып зерттеген тілдердің көпшілігінде септік жалғаулардың саны — 6, ал қазақ тілінде — 7. Ол — көмектес септігі. Көмектес септігінің қызметін атқаратын қазақ тіліндегі *мен (менен)*, *бен (бенен)*, *пен (пенен)* жалғауының басқа тілдерде барлығы сезіледі. Олай болса көмектес септігі басқа тілдерде де өзінің орнын табуы мүмкін.

1) Қазақ тіліндегі септік жалғаулары:

1. Атау (Қім? не?).
 2. Ілік *-ның/-нің, -дың/-дің, -тың/-тің* (кімнің? ненің?).
 3. Барыс *-ға/-ге, -қа/-ке* (кімге? неге? қайда? қай жерге?).
 4. Табыс *-ны/-ні, -ды/-ді, -ты/-ті* (кімді? нені? не?).
 5. Жатыс *-да/-де, -та/-те* (кімде? неде? қайда? қашан?).
 6. Шығыс *-дан/-ден, -тан/-тен, -нан/-нен* (кімнен? неден? қайдан? қашаннан?).
 7. Қөмектес *-мен (-менен), -бен (-бенен), -пен (-пенен)* (кім-мен? немен? қалай?).
- Біз карақалпақ тіліндегі септік жалғауларының үлгісін келтірмедік, өйткені қазақ тіліне өте ұқсас. Екеуінің айырмасы тек әріптердің өзгешелігінде және кейбір септік жалғаулардың аталуында: атау сеплиги, иелик сеплиги, көмеклес сеплиги т. б.

2) Узбек тилидаги отларнинг келишик категориясы.

1. Бош (ким? нима?).
2. Қаратқич *-нинг* (кимнинг?) киманинг?).
3. Тушум *-ни* (кимни? нимани?).
4. Жуналиш *-га, -ка* (кимга? нимага?).
5. Урин-пайт *-да* (кимда? нимада?).
6. Чиқиш *-дан* (кимдан? нимадан? қаердан?).

3) Уйгур тилиде келиш категорияси.

1. Баш келиш (ким? немә?).
2. Егилик *-ниң* (кимниң? неминиң?).
3. Чүшүм *-ни* (кимни? немини?).
4. Бериш *-га, -гә, -қа, -кә* (кимгә? немигә?).
5. Чиқиш *-дин, -тин* (кимдин? немидин? нәдин? қәйәрдин? қачандин?).
6. Орун-вақит *-да, -дә, -та, -тә* (кимдә? нәמידә? нәдә? қачан?).

4) Түрікмен дилидә дудумлериң атлары.

1. Баш (ким? нәме? нире?).
2. Әелик *-ыңи-иң, -уң/-уң, -ның/-ниң* (кимниң? нәмәниң? ни-рәниң?).
3. Йөнелиш *-а/-е, -на/-не* (киме? нәмә? нирә?).
4. Ениш *-ы/-и, -ны/-ни* (кими? нәмәни? нирәни?).
5. Вагт орун *-да/-де, -нда/-нде* (кимде? нәмеде? ниреде?).
6. Чыкыш *-дан/-ден, -ндан/-нден* (кимден? нәмеден? нире-ден?).

5) Кыргыз тилинде жөндемөлөдүн мааниси.

1. Атооч жөндөмөсү — ким? эмне?
2. Илик –нын/-нин, -нун/-нүн, -дын/-дин, -дун/-дүн, -тын/-тин, -тун/-түн.
3. Барыш -га/-ге, -ка/-ке, -го/гө.
4. Табыш –ны/-ни, -ды/-ди, -ру/-дү, -ты, -ти, -ту.
5. Жатыш –да/-де, -до/-дө, -та/-те.
6. Чыгыш –дан/-ден, -дон/-дөн, -тан/-тен, -тон/-төн, -нан/-нен, -нөн/-нон.

Міне біз салыстыра зерттеген тілдердегі септік жалғауларын көзден еткіздік. Егер де үндестік зақы мен кейбір фонетикалық өзгерістерді есепке алмасақ, бір-біріне жалпы ұқсастық сезіледі.

Осымен қатар септік жалғауларын салыстырып қарасақ, әрбір тілдің аз ба, көп пе айырмашылығы да бар.

Зат есімдердің септелу үлгілерін салыстырып қарасақ, төмендегілерді байқауға болады:

1. Қарақалпақ, қазақ тілдері сингармонизм заңын сақтап, зат есімнің соңғы дыбысы қатаң дыбыс болғандықтан, қатаң дауыссыз дыбыстардан басталған жалғаулар, ал ұяң дауыссыздардан соң, ұяң дауыссыздан басталған жалғаулар қосылған.
2. Өзбек тілінде сингармонизм заңы сақталмаған, сондықтан септік жалғаулары зат есімге тікелей қосыла береді.
3. Қырғыз тілінде сөздің түбірі көбірек қос дауыстыларға бітсе, созылып айтылады да, септік жалғауында да дауыстылар үндестігі сақталады. Оның үстіне ілік септігінің жалғаулары — -ның/-нин, -дың/-дин, -тын/-тин т. б. түрінде қосылады.

| Зат есімдердің септелу үлгісі | | | | | |
|-------------------------------|--------------------|----------------|-----------------|---------------|------------------|
| Қазақ тілінде | Қарақалпақ тілінде | Қырғыз Тілінде | Өзбек тілінде | Ұйғыр тілінде | Түрікмен тілінде |
| <i>ат</i> | <i>ат</i> | <i>ат</i> | <i>от</i> | <i>ат</i> | <i>ат</i> |
| <i>ат-тың</i> | <i>ат-тың</i> | <i>ат-тын</i> | <i>от-нинг</i> | <i>ат-нин</i> | <i>ат-ық</i> |
| <i>ат-қа</i> | <i>ат-қа</i> | <i>ат-ка</i> | <i>от-га</i> | <i>ат-қа</i> | <i>ат-а</i> |
| <i>ат-ты</i> | <i>ат-ты</i> | <i>ат-ты</i> | <i>от-ни</i> | <i>ат-ни</i> | <i>ат-ы</i> |
| <i>ат-та</i> | <i>ат-та</i> | <i>ат-та</i> | <i>от-да</i> | <i>ат-та</i> | <i>ат-да</i> |
| <i>ат-тан</i> | <i>ат-тан</i> | <i>ат-тан</i> | <i>от-дан</i> | <i>ат-тин</i> | <i>ат-дан</i> |
| <i>ат-пен</i> | <i>суу</i> | - | - | - | - |
| <i>су</i> | <i>суу-дың</i> | <i>суу</i> | <i>сув</i> | <i>су</i> | <i>сув</i> |
| <i>су-дың</i> | <i>суу-ға</i> | <i>суу-нун</i> | <i>сув-нинг</i> | <i>су-ниң</i> | <i>сув-уң</i> |
| <i>су-ға</i> | <i>суу-ды</i> | <i>суу-га</i> | <i>сув-га</i> | <i>су-ға</i> | <i>сув-а</i> |
| <i>су-ды</i> | <i>суу-да</i> | <i>суу-ну</i> | <i>сув-ни</i> | <i>су-ни</i> | <i>сув-ы</i> |
| <i>су-да</i> | <i>суу-дан</i> | <i>суу-да</i> | <i>сув-да</i> | <i>су-да</i> | <i>сув-да</i> |
| <i>су-дан</i> | | <i>суу-дан</i> | <i>сув-дан</i> | <i>су-дин</i> | <i>сув-дан</i> |
| <i>су-мен</i> | | | | | |

Бұл - Орта Азия мен Қазақ тілдерінің ешқайсысында кездеспейді. Мысалы: *Досуңа сырыңды айтпа, досундун досу бар.* (Мақал.) Қазақ тілінде: *Досыңа сырыңды айтпа, досыңның досы бар.*

4. Түрікмен тілінде барыс септігі *-а, -е* түрінде қолданылады: *базара, шәхере* (*Марат колхоза гитди. Эжеси Тәзегүле кәйнек алды.* Қазақ тілімен салыстырсақ: *базара — базарға, шәхере— шәхерге, колхоза, — колхозға, Тәзегүле—Тазагүлге*).

Көптік жалғаулар

Қазақша *-лар, -лер, -тар, -тер, -дар, -дер*;

Қарақалпақша *-лар, -лер*;

Қырғызша *-лар, -лер, -лор, -лөр, -тар, -тер, -тор, -төр, -дар, -дер, -дор, -дөр*;

Өзбекше *-лар*;

Ұйғырша *-лар, ләр*;

Түрікменше *-лар, -лер*;

Мысалдар:

Төрелер амалсыздан таңдау бергенде Салиқа құрығын ер жетіп қалған қайынысы — Жақыпқа салған. (С. Мұқанов.)

Қарақалпақ тілінде: *Мен жигитлерди айырып айтқанга Улмекеннің кеулине тийдима деп ойлады.* (Т. Жумамыратов.)

Қырғыз тілінде: *Тышчтангыла, агайындар, азыр өкүлдөр шайланат!* (Т. Сыдыкбеков.)

Өзбек тілінде: *Кеча бетончилар хайдаб юборгандан кейин, шу ерга қуйишган экан.* (Аскад Мухтор.)

Ұйғыр тілінде: *Балилар ач! Өйдә бир чишләм нан йоқ!* (Ғ. Исраилов.)

Түрікмен тілінде: *Ики йузе голай шадыян чагалар навильонлардан чыкып, спорт мейданчасына бараярлар.* (Түркмен ди-линен.)

Кейбір жағдайларда көптік жалғаулары айтушының құрмет-іззетін білдіру үшін жеке мағынадағы зат есімге де қосылады:

— *Ойинглар яхшими? Аданглар яхшими?* (Мирмухсин.)

Қазақ тілінде: — *Апаңдар жақсы ма? Ағаңдар жақсы ма?*

Тәуелдік жалғауы

Тәуелдік жалғауы қарақалпақ тілінде тартым, қырғыз тілінде таандық, өзбек тілінде эгалик, ұйғыр тілінде егилик, түркімен тілінде йөңкеме категориясы болып аталады. Бұл салыстырылған тілдердің барлығында да зат есімнің тәуелдік ұғымды білдіру және жасалу тәсілдері бір-біріне өте жақын, бәрінде де белгілі бір заттың үйленуші үш жақтың біріне тиісті екендігін білдіретін категория болып есептеледі.

Түркі тілдерінде тәуелділік ұғымды білдіретін жұрнақтар ерте кезден-ақ қолданылған – XI ғасырдың жазба ескерткіштерінде зат есімдер I-II-III жақ тәуелдік жалғаулармен айтылғандығын көруге болады: йулин (жолын), сузим (сөзім), юзум (жүзім), сучитти сузи хам севитти узи (Құтадғу білік). Мұндай мысалдарды V-VIII ғасырлардағы Орхон – енисей ескерткіштерінен, М. Қашқаридың “Диуани лұғат ат-түрк” және XII-XVI ғасырдың жазба мұраларында да көп көптеп кезд болады.

Түркі тілдерінде зат есімдердің тәуелдік форма арқылы байланысуы үш түрлі тәсілмен беріледі:

- 1) морфологиялық тәсіл – тәуелдік мағына білдіретін жұрнақ арқылы.

2) Синтаксистік тәсіл – ілік септігінде тұрған, тек жіктеу есімдік арқылы.

3) Морфология және синтаксис тәсілдің бірігуі арқылы.

Зат есімдер морфологиялық тәсіл арқылы байланысқанда, оған тәуелдік жалғаулары қосылады да, меншіктелуші заттың белгілі бір жаққа тәуелді екендігін көрсетеді. Бұл жағдайда алғашқы иеленуші формаға ілік жалғауы қосылып айтылуы шарт емес.

Тәуелді жалғауларының қосымшалары:

| | Қазақ тілі | Қарақалпақ тілі | Қырғыз тілі | Өзбек тілі | Ұйғыр тілі | Түркмен тілі |
|-----|---------------------------------------|------------------|------------------|------------|------------------------------|------------------------|
| I | -м, -ым, -ім | - м, -ым, -им | - м, -ым, -им | -м, -им | - м, -им, -ум, -үм | - м, -ым, -им |
| II | -ң, -ңыз, -ңіз- ың, -ің, -ыңыз, -іңіз | -ң, -ңыз, -ңиз | -ң, -ңыз, -иңиз | -нг, -инг | -ң, -иң, -уң, -үң -ңиз,-иңиз | -ң, -ың, -иң, -уң, -үң |
| III | -сы, -сі, -ы, -і | -сы, -си, -ы, -и | -сы, -си, -ы, -и | -си, -и | -си, -и | -сы, -си, -ы, -и |

2). Тәуелдік мағынаны беру синтаксистік тәсілмен жасалғанда есім сөздер ілік септік жалғауын қосып алады да, анықталатын (иеленетін) сөзбен қатар тіркесіп айтылады. Бұл жағдайда анықталатын зат есім ешқандай қосымшасыз тұрады да, алдыңғысы анықтаушы мүше болып есептеледі.

| Қазақ тілі | Қарақалпақ тілі | Қырғыз тілі | Өзбек тілі | Ұйғыр тілі | Түркмен тілі |
|--------------|-----------------|--------------|---------------|--------------|--------------|
| біздің кітап | бизиң китап | Биздин китеб | Бизнинг китоб | Бизниң китап | Бизиң китап |

3). Тәуелді ұғымды білдірудің тағы бір тәсілі – аралас тәсіл. Бұл жағдайда анықтаушы сөз ілік септіктерде тұрады да, анықтаушы зат есім тәуелділік жалғауды қосып алады: біздің мектебімі, көршінің иті т.б. Бұлардан басқа да тәуелдеу ұғым тудыратын –нікі, –дікі, –тікі жұрнағы тарихи жақтан ілік септігінің жалғауларына –кі, –қы, –ғы, –гі жұрнағы қосылып пайда болған.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.Нұрмаханова Ә. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. - Алматы, 1971
- 2.Мергенбаев Е. Түркий тиллерде сөз өзгертиў системасы. – Нөкис; Билим. 1994
- 3.Балақаев М., Сауранбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1997.

1. 5-лекция. Сын есім. Сын есім.Есімдік

Жоспары:

2. Сын есім
3. Түркі тілдеріндегі шырай категориясы.
4. Сан есім.
4. Есімдіктердің түрлері

Түркі тілдерінде сын есімдер және оның шырай категориясы зерттеліп, белгілі бір жүйеге түскендігі анықталады. Салыстырылған тілдерде сын есім және оның шырай категориялары бір – біріне ұқсас болуына қарамастан оларды таптастыру мәселесінде біргелкі пікірлер жоқ.

Ғ.Ғ. Мусабаяевтың “Қазақ тіліндегі сын есімнің шырайлары” деген еңбегінде салыстырмалы шырай бәсең шырай, шағын шырай, күшейтпелі шырай, үдетпелі шырай деп беске бөлгендігін көреміз. Ж. Шакенов “Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім категориясы” деген еңбегінде кейбір анықтаулар кіргізіп жай шырай, бәсең шырай, күшейтпелі шырай, таңдаулы шырай деп беске бөледі.

А. Ысқақов “Шырайлар жөніндегі” барлық пікірлерді жинақтай отырып қазақ тіліндегі шырайларды төрт түрге бөледі. 1) жай шырай, 2) салыстырмалы шырай, 3) күшейтпелі шырай 4) асырмалы шырай

Н. А. Баскаков қарақалпақ тілінде : 1) положительная 2) усилительная 3) сравнительная 4) интенсивная 5) превосходная деп беске бөледі.

Ал қырғыз тілінде салыстырмалы жана кучотма даража деп екіге бөледі.

А. Н. Кононов өзбек тілінде сын есім шырайларын сравнительная и превосходная деп екіге бөлсе, Хозирги узбек адабий тилинде 1) орттирма даража 2) чоғиштирма даража 3) өз айтирма деп үшке бөледі.

Ұйғыр тілінде де қазақ тілі сияқты төртшырайға бөледі. 1) аддий даража, 2) **семиштириш даража** 3) ашурма даража 4) камситиш даража

Түркмен тілінде кемлік дережеси артыклық дережеси болып екіге бөлінеді.

Жай сырай (қаз) аддий даража (уйғыр) деп аталатын сын есімнің негізгі формасын білдіретін ақ, сары, көк, аласа сияқты сөздердің белгілі бір форма өзгертетін жұрнақтары болмасада өздерінің табиғатында реңдік бояулар аз емес.

Тағы бір кеңінен қолданылатын және барлық түркі тілдерінде өзін танытқан салыстырмалы шырай болып есептелінеді.

Қазақ, қарақалпақ тілдерінде –рақ, -рек, -ырақ, -ирек жұрнақтары: сарырақ – ыраак, - раак жұрнақтары фонетикалық нұсқалармен қосылады: сулуурақ, жакшыраак, узунураак тб.

Ұйғыр тілінде –рақ, -рәк, -ирақ, -ирәк яхширақ, толуғирақ.

Өзбек тілінде –рақ, -рәк, жұрнақтары: гөгрек, яшрак,тб. Түркі тілдерінде сындық белгіні күшейте түсу үшін сын есімге тән үстеме буын қосылып айтылады. Бұл үстеме буын дербек мағына бермесе де өзі тіркелетін сын есімнің алдында келеді де, оның мағынасын күшейтеді:

Қазақ тілінде: аппақ, қап – кара, қып – қызыл, жап – жасыл, көкпеңбек т.

Қырғыз тілінде: аппақ, капкара, кыпкызыл, жапжасыл, көпкөк тб.

Өзбек тілінде: оппоқ, қопа, қора, қип – қизил, ям – яшил, кум – кук тб.

Ұйғыр тілінде: аппақ, қапа – қара, қип – қизил, яп – йешил, көп – көк.

Түркмен тілінде: ап – ак, гап – гара, гып – гызыл, гөм – гөг тб.

Сол сияқты қазақ тіліндегі асырмалы шырай, қырғыз тіліндегі ашырма жаража деп аталған шырайларда қалған тілдерден өз орнын табу керек. Өйткені тіл факттыларына қарасақ, сын есімнің асырмалы шырайы барлық тілде де қолданылып жүр.

Қазақ тілінде *сан есім*, қарақалпақ тілінде *санлық*, қырғыз тілінде *сан атооч*, өзбек тілінде *сон*, ұйғыр тілінде *сан*, түрікмен тілінде *сан* деп аталады.

Сан сөзінің өзі Орхон-енисей ескерткіштерінде де сан деп қолданылған.

Салыстыра зерттеген түркі тілдердің барлығында да сан есімдер заттың немесе заттық ұғымды білдіретін сөздердің санын, ретін, мөлшерін білдіру үшін қолданылады. Сан есімдер өзінің лексика-грамматикалық функциясы бойынша қазақ, қарақалпақ, қырғыз, өзбек, ұйғыр, түрікмен тілдерінде бәріне де ортақ. Бұл сан есімдердің ерте дәуірлерден-ақ жалпы түркі тілдік қасиетке ие болғандығын дәлелдейді. Орхон-енисей ескерткіштеріндегі сан есімдердің қолданылуын қазіргі түркі тілдермен салыстырсақ, жалпы тектестік сақталғандығы байқалады. Мысалы: Орхон-енисей ескерткішінде — *тоқуз* деп айтылса, қазіргі қазақ, қарақалпақ тілдерінде — *тоғыз*, қырғыз тілінде — *тоғуз*, өзбек тілінде — *туққиз*, ұйғыр тілінде — *тоққуз*, түрікмен тілінде — *докуз* т. б.

Сол сияқты XI ғасыр ескерткіштерінде де сан есімдердің айтылуында кейбір өзгерістердің барлығы көрсетілген. Махмуд Қашқари «Девону луғотит түркте» *бир* және *бийр*, *ики*, *-икки* түрінде қолданылғанын көрсетеді. Бұл жағдайда біріншісі қысқа, екіншісі созылып айтылатындығы сезіледі. «Қутадғу білікте» де бір сан екі вариантта қолданылған:

Киши икки турлук киши отанур;

Бири угратигли, бири угранур

Ики дан нару барча йилқи сони,

Тиласа муни тут тиласа ани'.

Орхон-енисей жазуларында реттік санды білдіруші *-унч*, *-ынч*, *-инч* қосымшаларын қосып алып, *үчүнч*, *алтынч*, *йетинч* болса, қазіргі тілдерде *үйіінші*, *алтыншы*, *жетінші* (қаз.), *үшин-ши*, *алтыншы*, *жетинши* (қарак.), *үчүнчү*, *алтынчы*, *жетинчи* (қырғ.) *учинчи*, *олтинчи*, *еттинчи* (өзб.), *үчинчи*, *алтинчи*, *йәттинчи* (ұйғ.), *үчүнжи*, *алтынжи*, *единжи* (түрікм.) т. б.

Реттік санды білдіру үшін осындай *-унч*, *-инч* қосымшалары XI ғасыр ескерткіштерінде қолданылған: *турт+унч*, *беш+инч* т. б.

Демек, ескі түркі тілдермен қазіргі тілдерді салыстырғанда, сан есімдер негізінен фонетикалық өзгерістерге ғана ұшырағандығы сезіледі. Бұл фонетикалық өзгешеліктер бір тілді екінші тілден ажыратудағы негізгі белгінің бірі. Бұл жағдай өте заңды, өйткені әрбір тілдің жалпы және өзіндік даму заңы бар, сол өзіндік заңдылық сан есімдер системасында да сақталған (*тоғыз*, *тоғуз*, *туққиз*, *докуз*). Бұл әр тілдің өзіне тән фонетикалық өзгерістерін тек оның реттік сандарында ғана емес, қосымшалар қосылғанда анық сезіледі.

Жалпы алғанда сан есімдер өзінің лексикалық-грамматикалық функциясы бойынша өзгешеліктерден гөрі ұқсастыққа ие. Орхон-енисей тілдеріндегі сан есімді қазіргі түркі тілдерімен салыстырып қарайық:

| Орхон-енисей ескерткіштерінде | Қазіргі қазақ тілінде | Қазіргі қарақалпақ тілінде | Қазіргі қырғыз тілінде | Қазіргі өзбек тілінде | Қазіргі ұйғыр тілінде | Қазіргі түркімен тілінде |
|-------------------------------|-----------------------|----------------------------|------------------------|------------------------|------------------------|--------------------------|
| <i>Бір</i> | <i>бір</i> | <i>бир</i> | <i>Бир</i> | <i>бир</i> | <i>бир</i> | <i>бир</i> |
| <i>екі, әкі</i> | <i>екі</i> | <i>еки</i> | <i>Эка</i> | <i>икки</i> | <i>икки</i> | <i>ики</i> |
| <i>Үч</i> | <i>үш</i> | <i>үш</i> | <i>Үч</i> | <i>уч</i> | <i>үч</i> | <i>үч</i> |
| <i>төрт</i> | <i>төрт</i> | <i>төрт</i> | <i>төрт</i> | <i>турт</i> | <i>төрт</i> | <i>дөрт</i> |
| <i>беш, биш</i> | <i>бес</i> | <i>Бес</i> | <i>Беш</i> | <i>беш</i> | <i>бәш</i> | <i>бзш</i> |
| <i>алты</i> | <i>алты</i> | <i>алты</i> | <i>Алты</i> | <i>олти</i> | <i>алтә</i> | <i>алты</i> |
| <i>йеті</i> | <i>жеті</i> | <i>жепгі</i> | <i>Жети</i> | <i>етти</i> | <i>йәттә</i> | <i>еди</i> |
| <i>секіз</i> | <i>сегіз</i> | <i>сегиз'</i> | <i>сегиз</i> | <i>саккиз</i> | <i>сәккиз</i> | <i>секиз</i> |
| <i>тоғыз</i> | <i>тоғыз</i> | <i>тоғыз</i> | <i>тоғуз</i> | <i>туққиз</i> | <i>тошүз</i> | <i>доғуз</i> |
| <i>йегірмі</i> | <i>жиырма</i> | <i>жигирма</i> | <i>Жыйырма</i> | <i>йигирма</i> | <i>жигирмә</i> | <i>йигрими</i> |
| <i>отуз</i> | <i>отыз</i> | <i>опғыз</i> | <i>отуз</i> | <i>уттиз</i> | <i>оттуз</i> | <i>отуз</i> |
| <i>қырқ</i> | <i>қырық</i> | <i>қырқ</i> | <i>қырк</i> | <i>щриц</i> | <i>қириқ</i> | <i>қырк</i> |
| <i>еліг</i> | <i>елу</i> | <i>елли</i> | <i>Элүү</i> | <i>элик</i> | <i>аллик</i> | <i>элли</i> |
| <i>алтмыс</i> | <i>алпыс</i> | <i>алпыс</i> | <i>Алтымыш</i> | <i>олпгмиш</i> | <i>атмиш</i> | <i>алтмыш</i> |
| <i>йетмиш</i> | <i>жетпіс</i> | <i>жепгтис</i> | <i>Жетимиш</i> | <i>етмиш</i> | <i>йәтмиш</i> | <i>етмиш</i> |
| <i>секіз он</i> | <i>сексен</i> | <i>сексен</i> | <i>Сексен</i> | <i>саксон</i> | <i>сәссән</i> | <i>сегсен</i> |
| <i>тоққуз он</i> | <i>тоқсан</i> | <i>тоқсан</i> | <i>Токсон</i> | <i>туқсон</i> | <i>тоқсән</i> | <i>тоғсан</i> |
| <i>йүз</i> | <i>жүз</i> | <i>жүз</i> | <i>Жүз</i> | <i>юз</i> | <i>йүз</i> | <i>йүз</i> |
| <i>бір, миң</i> | <i>мың</i> | <i>мың</i> | <i>Миң</i> | <i>минг</i> | <i>миң</i> | <i>мүң</i> |
| <i>түмен</i> | <i>он миң</i> | <i>он мың</i> | <i>он миң</i> | <i>ун минг</i> | <i>он миң</i> | <i>онмүң</i> |
| <i>ілік</i> | <i>бірінші</i> | <i>биринши</i> | <i>Биринчи</i> | <i>Биринчи</i> | <i>биринчи</i> | <i>биринжи \</i> |
| <i>бисинч</i> | <i>бесінші</i> | <i>бесинши</i> | <i>Бешинчи</i> | <i>бешинчи</i> | <i>бәшинчи</i> | <i>бәшинжі'</i> |
| <i>секизинч</i> | <i>сегізінші</i> | <i>секизинши</i> | <i>Сегизинчи</i> | <i>Секкизинчи</i> | <i>Сәккизинчи</i> | <i>секизинжи</i> |
| <i>онунч</i> | <i>оныншы</i> | <i>оныншы</i> | <i>онунчу</i> | <i>Унинчи</i> | <i>онинчи</i> | <i>онунжы</i> |
| <i>бір йегірминг</i> | <i>он бірінші</i> | <i>онбиринши</i> | <i>он биринчи</i> | <i>ун биринчи</i> | <i>он биринчи</i> | <i>он биринчи</i> |
| <i>йегірмінч</i> | <i>жиырма бірінші</i> | <i>жигирма биринши</i> | <i>Жыйырма Биринчи</i> | <i>йигирма Биринчи</i> | <i>жигирма биринчи</i> | <i>йигрими биринжи</i> |

Осындай сан есімдерді салыстырып қарау, олардың бір-біріне ұқсастығын, тектестігін көрсетеді. Осымен қатар сан есімдердің айтылуында кейбір өзгешеліктер де жоқ емес. Мысалы, алтай тілінде қырықты *төртөн* (төрт он), тува тілінде *төртең* (төрт он), елуді *бежен* (бес он), алпысты тува тілінде *алдан* (алты он), хакас — *алтон*, *алтан*; жетпісті тува *чеден*, хакас *читон*, алтай — *іетен* (жеті он), сегізді — *сезен*, *сигизон*, *сегизен* (сегі» он); тоқсан — *тозан*, *тоғызон*, *тоғузон* деп қолданады.

Қазіргі тілдерде ондық алдында бірлік сандар соң айтылса, Орхон-енисей ескерткіштерінде, керісінше, әуелі бірліктер, кейін ондықтар айтылған: *бір йегірмининч* — *он бір*, *йети йегірмі* — *он жеті*, *бир отуз* — *жиырма бір*, *алтыс отыз* — *жиырма алты*, *токуз**. *елиг* — *қырық тоғыз*, *токуз алтмыш* — *елу тоғыз*.

...Қамуғы биш отуз сүледіміз. Уч йегірмі сүңүшдіміз. Бас аяғы жиырма бес (рет) аттандық. Он үш рет соғыстық... Алты йегірмі йашыңа — он алты жасқа (келгенде)... Ұлұғ су екі йегірмі — көп қолмен он екі жорық жасадым'.

Тоғуз элиг йашда токуз алтмыш эр өлүрмиш — қырық тоғыз жасында елу тоғыз батырды өлтірген. Күл-тігін... йити йегирмике учды — Күл-тігін он жетінші күнде өлді. Тоғузынч ай йети отузка йог эржүртимиз — тоғузыншы айдың жиырма жетінші күнін-де қойдық.

Ескі түркі тілдеріндегі бұл есеп Қытайдағы сары ұйғыр тілінде қазір де сақталған. *Пэр йығырма* — *он бір*, *пеш ығырма* — *он бес*, *пэр отус* — *жиырма бір*. Сол сияқты сары ұйғыр тілінде *ішкон* — *жиырма*, *учон* — *отыз*, *туртон* (*қырық*), *пісон* (*елу*), *алтон* (*алтыс*), *йетон* (*жетпіс*), *сақысон* (*сексен*), *тоқысон* (*тоқсан*) болып қолданылады.

Он мың сан Орхон-енисей ескерткіштерінен бастап XVI ғасырдың әдеби мұраларында *тумен*, *туман*, *жүз мың лэк*, *он миллион көрүр* түрінде кездеседі.

Сан есімдердегі осындай кейбір өзгешеліктер көптеген тюркологтардың назарын өзіне аударған.

Түркі тілдеріндегі сан есімдерді бір-бірімен салыстырсақ, олардың өзгешелігінен көрі ұқсастығы күшті. Соған қарамастан тілдердің даму процесінде кейбір лексикалық, фонетикалық, морфологиялық өзгешеліктер де кездеседі. Оны сан есімдердің семантика-морфологиялық классификацияларында көруге болады.

Есімдік қарақалпақ тілінде *алмасық*, қырғыз тілінде *ата-тооч*, өзбек тілінде *олмош*, ұйғыр тілінде *алмаи*, түрікмен тілінде *чалышмалар* болып аталады.

Салыстырылған тілдерде есімдіктер зат есім, сын есім, сан есімдердің орнына қолданылып, абстрактылық пен жалпылықты білдіреді. Есімдіктердің дәл қай сөздің орнына жұмсалып отырғаны контекст арқылы, алдыңғы айтылған сөз арқылы ғана анықталады. Есімдіктер барлық түркі тілдерінде есім сөздердің орнын басып, мағынасы мен атқаратын қызметі бір-біріне дәл келеді. Есімдіктер көне түркі тілдерінде де жиі қолданылғандығын көреміз, оларды қазіргі тілдермен салыстырсақ, ұқсастығы жақсы сезіледі. Орхон-енисей ескерткіштеріндегі есімдіктерді қазіргі тілдермен салыстырып қарайық.

| Орхон-енисей ескерткішінде | Қазақ тілінде | Қарағалпақ паң тілінде | Қырғыз Тілінде | Өзбек тілінде | Ұйғыр тілінде | Түрікмен Тілінде |
|----------------------------|---------------|------------------------|----------------|---------------|----------------|------------------|
| <i>мен, бен</i> | <i>мең</i> | <i>мен</i> | <i>мен</i> | <i>Мен</i> | <i>мен</i> | <i>мен</i> |
| <i>сен, сін</i> | <i>сен</i> | <i>сен</i> | <i>сен</i> | <i>Сен</i> | <i>сэн</i> | <i>сен</i> |
| <i>ол</i> | <i>ол</i> | <i>ол</i> | <i>ал</i> | <i>у</i> | <i>у</i> | <i>ол</i> |
| <i>биз</i> | <i>біз</i> | <i>биз</i> | <i>биз</i> | <i>биз</i> | <i>биз</i> | <i>биз</i> |
| <i>сиз</i> | <i>сіз</i> | <i>сиз</i> | <i>сиз</i> | <i>сиз</i> | <i>Сиз</i> | <i>сиз</i> |
| <i>бу, бол</i> | <i>бул</i> | <i>бул</i> | <i>бул</i> | <i>бу</i> | <i>Бу</i> | <i>бу</i> |
| <i>өз</i> | <i>өз</i> | <i>өз</i> | <i>өз</i> | <i>уз</i> | <i>өз</i> | <i>өз</i> |
| <i>маңа, бақа</i> | <i>маған</i> | <i>маған</i> | <i>мага</i> | <i>менга</i> | <i>маңа</i> | <i>маңа</i> |
| <i>саңа</i> | <i>саған</i> | <i>саған</i> | <i>сага</i> | <i>сенга</i> | <i>саңа</i> | <i>саңа</i> |
| <i>аңар</i> | <i>оған</i> | <i>оған</i> | <i>Ага</i> | <i>унга</i> | <i>у, улар</i> | <i>оңа</i> |

Салыстырып көргеніміздей-ақ, есімдіктердің кейбір фонетикалық өзгерістерін есепке алмасақ, олар негізінен қазіргі тілдерде сөздерінің ескі қалпын сақтап қалғандығы байқалып тұр. Бұл есімдіктердің салыстырылған тілдерде өз ара ұқсастығын көрсетеді. Демек, есімдіктер ескі сөз таптарының қатарына жатады. XI ғасырдың ескерткіштері «Қутағу білік», «Девону луғотит түрkte» де есімдіктер кеңінен қолданылған. С. М. Муталлибов XI ғасыр ескерткіштері тіліндегі есімдіктерді зерттеп, оларды төмендегі түрлерге бөледі:

- 1) кишилик олмоши (жіктеу есімдігі)
- 2) курсатиш олмоши (сілтеу есімдігі)
- 3) суроқ олмоши (сұрау есімдігі)
- 4) Белгилаш олмоши '

Есімдіктер көптеген ғалымдардың зерттеу объектісі болып келеді. Бұған себеп болған бір жағынан жіктеу, сілтеу есімдіктері сияқты түрлерінің кейбір ерекшеліктері болса, екіншіден, олардың көп уақыттар бойы дамып, байып кейбір өзгерістерге түсуі. есімдіктердегі ұқсастық пен өзгешелік тілдерді бір-бірімен салыстырғанда жақсы сезіледі. Оны есімдіктердің мағыналарына қарай түрлерінен анық байқауға болады. Есімдіктердің бұндай түрлері қазақ, қарақалпақ, ұйғыр, түрікмен тілдерінде жеті, қырғыз, өзбек тілдерінде алты.

2. Жіктеу есімдігі

Жіктеу есімдігі қарақалпақ тілінде *меншиклеу*, қырғыз тілінде *жактама*, өзбек тілінде, ұйғыр тілінде *кишилик*, түрікмен тілінде *ат чалышмасы* деп аталады. Бұлай деп аталуының өзі де жіктеу есімдіктердің айтушы, сөйлеуші, бегде кісілерге байланысты болуынан келіп шыққан.

| Қазақ тілі | Қырғыз тілі | Өзбек тілі | Түрікмен тілі |
|---|-----------------------------------|------------------------------------|------------------------------------|
| I жақ <i>мен,</i> II жақ <i>біз</i> III жақ <i>сен, сіз</i> IV жақ <i>ол, олар</i> | <i>мен, биз сен, сиз ал, алар</i> | <i>мен, биз, сен, сиз, у, улар</i> | <i>мен, биз, сен, сиз ол, олар</i> |

Кейбір болар-болмас фонетикалық өзгешелігі болмаса, қарақалпақ, ұйғыр тілдері де осындай I—II—III жақпен айтылады.

Демек, жіктеу есімдіктері ең ескіден келе жатқан, аз болса да, қарым-қатынас үшін өте жиі қолданылатын сөздердің қатарына жатады.

Махмуд Қашқари *мән-мен* (түрікше) *ман* сөйлеуші жақ орнында қолданылатын сөзді көрсетеді .

Ман ана имлаттим. Ман нонг урнаттим.

Махмуд Қашқари *сан* екінші жақ мағынасындағы сөз. Бұл сөзді түркі қауымы жас, дәрежесі өзінен кішілерге қолданып, өзінен үлкен, құрметшілерге *сиз* есімдігін қолданады. Оғыздар, керісінше, өзінен үлкендерге *сан*, өзінен кішілерге және көптік мағынада *сиз* қолданады.

Түркі қауымдары қолданған формасы қағидаға дұрыс келеді деп көрсетеді. Осымен қатар Махмуд Қашқари *сен қанжак* қауымы тілінде *сан* деген, түркі қауымдары *сан* деп айтады деп. Көрсетеді. С. М. Муталлибов бізге де түркі қауымдары қолданған *сан, сиз* варианты жетіп келді деп көрсетеді шынында, сол уақыттарда да кейбір қауымдар *сен* есімдігін қолданған, демек, бұл қышшақтар екендігі сөзсіз.

Үшінші жақта *ул, у* есімдігі қолданылады. *Ул аңдаг айді — ол сондай деді, у (одам) шундай деди — ол (одам) сондай деді.*

Махмуд Қашқарида бірінші жақ көптік яғни *біз* мағынасындағы есімдік: *биз келдимиз*. Сонымен қатар *біз* есімдігінің *міз* варианты бар екендігі де айтылады. «*Миз* сөзі *биз* деу. Бұл сөздің бірінші *м* дыбысы *б-ға* өзгерген. Сөз басында *б* мен, *біз* түрінде, қолданса да, сөз аяғында есімдер мен етістікке жалғанғанда *миз* түрінде қолданылады. *Биз бардимиз, келдимиз, отимиз сияқты*». Міне, қазіргі тілдердегі жіктеу есімдіктерін көне түркі тілдерімен салыстыру арқылы I жақта қолданып жүрген *мыз-міз* жақ аффикстерінің о бастағы жіктеу есімдігі (-*біз-иц* фонетикалық варианты) екендігін анықтаймыз.

Махмуд Қашқари «сиз жикил қауым тілінде жекелік мағынасында, сан орнында құрметті үлкен адамға қолданылатын есімдік. Дикилдер кішкентайларға *сан* дейді, оғұз қауымдары керісінше деп көрсетеді. Кішкентайларға *сиз*, үлкендерге *сан* дейді. *Сиз* есімдігі, XI ғасыр тілінде *си* болып қысқарған түрінде де қолданылады»,— дейді.

Силарга манингдан осиз сұз керак. С. М. Муталлибов қазіргі заман тілі диалектінде *сиз* сөзіне *-лар* қосымшасы қосылғанда, *з* дыбысы түсіріліп *силар* болып айтылатындығын көрсетеді. Шынында, диалектіні былай қойғанның өзінде бұл құбылыс қазіргі заман қырғыз, ұйғыр әдеби тілдерінде *силер-силәр* түрінде қолданылады .

Жіктік есімдіктері есім сөздердің орнына қолданылатын болған соң, бұлар да септік, көптік, тәуелдік жалғауларын қосып алады

Салыстырылған тілдерде жіктеу есімдіктерінің септелу үлгілері.

Қазақ, қарақалпақ, қырғыз, өзбек, ұйғыр, түрікмен тілдеріндегі жіктеу есімдігінің септелу үлгісінен жалпы ұқсастықпен қатар кейбір өзгешеліктер де бар.

Қазақ, қарақалпақ тілдерінде жіктеу есімдіктері барыс септігінде I жақта — *маған*, II жақта — *саған*, III жақта *оған* болып айтылады. Басқа тілдерде — *маға, менға, маңа* болып, біраз фонетикалық өзгерістер болса да, негізінде, барыс септігінің жалғауы қосылған. Сол сияқты III жақта айтылатын *ол* жіктеу

есімдігі қырғыз тілінде *ал*, өзбек, ұйғыр тілдерінде *у* түрінде қолданылады да, қалған септік жалғауларында дұрыс септеле

Мен — жіктеу есімдігі

| Септік | Қазақш а | Қарақал- пақша | Қырғызш а | Өзбекш е | Ұйғырш а | Түрікменш е |
|--------|---------------|-------------------|---------------|---------------|----------------|----------------|
| А. | <i>мен</i> | <i>мен</i> | <i>мен</i> | <i>Мен</i> | <i>мен</i> | <i>мен</i> |
| І. | <i>меңің</i> | <i>мениң</i> | <i>менин</i> | <i>менинг</i> | <i>мениң</i> | <i>мениң</i> |
| Б. | <i>маған</i> | <i>маған</i> | <i>мага</i> | <i>Менга</i> | <i>маңа</i> | <i>маңа</i> |
| Т. | <i>Мені</i> | <i>мени</i> | <i>мени</i> | <i>мени</i> | <i>мени</i> | <i>мени</i> |
| Ж. | <i>менде</i> | <i>менде</i> | <i>менде</i> | <i>Менда</i> | <i>меңиңдә</i> | <i>менде</i> |
| Ш. | <i>менен</i> | <i>меннен</i> | <i>менден</i> | <i>мендан</i> | <i>мәнинди</i> | <i>менден</i> |
| К. | <i>Меншен</i> | <i>менименен</i> | — | — | <i>н</i> | — |

береді, өйткені түбір сөзге қосымша қосылғанда фонетикалық өзгерістерді де керек етпейді, тарихи көзқараспен қарағанда, *у* емес, *ул* түрінде қолданылған. Махмуд Қашқари бұл туралы былай дейді: «*Ул* мазмұнында яғни үшінші жақ орнында қолданушы есімдік дей келіп, *ул андағ айди — ол сондай айтты* .

Бұлардан басқа фонетикалық өзгерістер ұйғыр, түрікмен тілдерінде де кездеседі. Бұл — тілдердің бір-бірімен қарым-қатынасының алыс-жақындығына байланысты болады.

3. Сілтеу есімдіктері

Сілтеу есімдіктері қарақалпақ тілінде *силтеу*, қырғыз тілінде — *шилтеме*, өзбек, ұйғыр тілдерінде — *курсатиш* — *көрситиш*, түрікмен тілінде — *гөркезде* деп аталады.

Түркі тілдердің қай-қайсысында болса да, сілтеу есімдіктері сілтеу, көрсету мағынасында қолданылады. Ал сілтеу көрсету мағынасы өте кең, осыған қарай сілтеу есімдіктерінің әр қайсысы әрбір көрсететін, нұсқайтын нәрсенің алыс-жақындығын дәлдеп немесе шамалап көрсетеді. Мысалдар: *-анау екі орыс кім?* (Ғ. Мұстафин.) *Мына ауылға жүгір, — деді Жамал.* (Ә. Нұр-пейісов.) *Уша ерда қатта сурат турибди* (А. Мухтор) — өзб. *Мы-на ошол Каныбек быйыл жыйырма бирге чыкты* (Қ. Жантөшев) — қырғ.

Қазақ тілінде сілтеу есімдіктер болып есептелетін сөздер: *бұл, осы, ол, сол, анау, мынау, сонау, осынау, ана, мына, сона, әні, міне* , ал қарақалпақ. тілінде *бул, усы, ол, сол, ана, анау, мына, мынау, мине*. Қырғыз әдеби тілінде сілтеу есімдіктерінің қысқарған жаңа толық түрі қатарынан — *бу — бул, ушу — ушуа — ошо — оиол, тиги — тигил, тетиги — тетигил, тээ тетиги — тээ тетигил* болып қолданылады . Өзбек әдеби тілінде — *бу, шу, у, уша* , ұйғыр әдеби тілінде — *у, бу, шу, мону, мана у, мана, маву, мана бу, мошу, мана шу, әйнә (әнә), әйнә у, ушу, әйнә шу, әву, әйнә бу, ушбу*, түрікмен тілінде — *бу, шу, шол, шо, ол*.

Бұл тілдердегі барлық сілтеу есімдіктері бірінде — аз, бірінде көп сияқты болып көрінгенмен, салыстырып қарасақ, барлығына ортақ, барлығында бар — *бұл — бу* (қырғыз, өзбек, ұйғыр, түрікмен тілдерінде), *ол — у, осы — ошо — уша — ушу — шу; сол — ошол — шу — шо; сол — шу — шо — шол* т. б. сілтеу есімдіктері болып келеді, Қалғандары сол кезгі сілтеу есімдіктердің әр түрлі вариантта айтылуына байланысты қолданылады.

Сілтеу есімдіктерінің құрамы бірыңғай емес, біреулері табиғаты бойынша сілтеу есімдіктері болса, қалғандары басқа есімдіктерден кіріп, сілтеулік қызметін атқарады.

Махмуд Қашқари «Девону луғотит түркте» сілтеу есімдіктеріне тоқтаған, мысалдар келтіріп, олардың қолдану жолдарын көрсеткен. XI ғасыр тіліндегі сілтеу есімдіктерін қазіргі түркі тілдерімен салыстырсақ, олардың барлығына ортақ ұқсастығы мен өзгешелігі, даму жолдары анық байқалады. Махмуд Қашқари *ул (ол), бу (бул), на, не, ким, қаю, қани, қали, натан, қанча* есімдіктерінің сілтеу, көрсету мағынасында қолданылатынын айтады. Махмуд Қашқари әрбір сілтеу есімдігінің мағынасын анықтап көрсетеді. *Ул(ол)* — алыстағы нәрсені көрсетуші есімдік, *бу (бұл)* жақындағы нәрсені көрсетуші есімдік: *бу әр* (бул адам). Алыстағыны көрсетуші *ул* есімдігінің шығыс септігінде — *анда* септігінде — *ангар (анар)* түрлері қолданылған.

«Құтадғу білікте» *бу (бұл) му* мен берілген. *Му* сілтеу есімдігі барыс, табыс септік жалғауларын қосып алып, *мунгар, муни* түрінде қолданылған:

Мунгар мангар эмди эшит ушбу суз

Муни сен аюрсан менинг теб манинг

Махмуд Қашқари ұзақ пен жақындықты көрсету үшін *ани-муни* есімдіктерінің өзгешелігін көрсеткен.

Тилансанә ани тут, тиласанг муни сол сияқты С. М. Муталлибов XI ғасыр тілінде *бу* есімдігі көбінесе анық, *ул* — анық болмаған, күман түріндегі мағынада қолданылғандығын көрсетеді.

«Құтадғу білік» сенімді анықтықты білдіру үшін *ушбу* есімдігін қолданған.

С. М. Муталлибов XI ғасыр тілін зерттегенде, ушандағ, *мундоғ* сілтеу есімдіктерінің бір нәрсені екінші нәрсемен салыстыруды білдіретіндігін көрсетіп, мынадай мысал келтіреді: *Идишчи боши қур ушандоғ, керак, идиш тутғувчилар бу мундоғ керак*.

XI ғасыр әдеби мұраларында *на, не* есімдіктерін көп қолданумен қатар, солардың негізінде *налук, начук, нега, натак, нагутах* сияқты түрлері де сілтеудің әр түрлі жағдайларын көрсеткендігі білінеді. Ал XII—XIII ғасырдағы орта Азия тәфсирінің тілінде де, XIV ғасырдағы Алтын — Орда Хорезм әдеби мұраларында да *на* есімдігінің *налук, нечук, неча, нааг*.

Демек, сілтеу есімдіктері тарихи жақтан барлық түркі тілдерге ортақ қазіргі тілдерде негізгі функциясын сақтап қалғандығы сезіледі, тілдердің даму процесінде кейбір фонетикалық өзгерістер, әрбір ұлт тілінің қалыптасуында келіп шыққан. Бұған қосымша, әр тілдің өзіне тән сілтеу есімдік мағынасында қолданылатын сөздері де бар. Мысалы, қырғыз тіліндегі *те-тиги, тээ, тээтетиги, береги* сияқты сұрау есімдіктері оқшау, алыс, өте алыс тұрған заттарды көрсетуге қолданылады. *Тиги биздин чабдар ат го. Тээ тунелге*

жақындап, эшелондун артындагы. кызарган оту көрүнбөй калды. (Ч. Айтматов). *Тетиги ч'ыгыштагы чоң коктуну демей деп коёбуз* (Қ. Жантөшев), *Бөрөгй чокунун күн чыгыш жагын карачы.*

Түркі тілдерде сілтеу есімдіктерінің функциясы өте кең, олар зат есімдердің, сын есімдердің, сан есімдердің, есімдіктердің, етістіктің де орнына қолданыла береді.

Мысалдар: *Мына пәле бірдеңе істеді-ау, шамасы* (Ә. Нұрпейісов). *Бұл үйдің кілті жоқ болып шықты.* (Қазақ ертегілері.) *Эркектің үйде жоқтауға ушу да!* («Ала-Тоо» журн.) —Қырғ. *Бұлар гадийишип йәргә чүшти.* (Сәлқин)— Ұйғ.

Сұрау есімдіктері басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсу үшін тәуелдік, септік, көптік жалғауларын қосып алады. Бірақ бұл жағынан барлығының қосымшаларды қабылдау қабілеті бірдей емес. Мысалдар: *Неге істемейді?.. Қашанғы байлап жүрің?* (Ғ. Мұстафин) *Мунуң бири мениң хатым ахыры* («Түркмен дили»). *Элдин күткөнү берегиде келе жатқан чоң сакал Дмит-рий эле* (Т. Сыдықбеков).

Пайдаланған әдебиеттер.

Негізгі:

- 1.Ә.Н.Нұрмаханова. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы.А,1971.
- 2.Ғ Айдаров, Ә құрысжанов, М.Романов. Көне торік жаба ескерткіштерінің тілі. А,1971.
- 3.Серебреников.Б.А.,ГаджиеваН.З. Сравнительно- историческая грамматика тюркських языков. М,1986.
- 4.Строй ууйгурского языка. А, 1986.

Қосымша:

- 1.Қазақ тілінің грамматикасы. Морфология. А,1967
2. Киргиз тілінің грамматикасы . Морфология. Ф,1964.
3. Ғуламов. А, Аскараров .А. Хор ерги узбек адаби тили. Т,1965

6-лекция.Етістік, үстеу

Жоспары:

1. Салыстырылған тілдердегі етістік
2. Орхон-енисей және ХІ ғ. тіліндегі етістіктер
3. Етістіктің рай категориясы
4. Етіс категориясы
5. Етістіктің шақ категориясы
6. Үстеу

1. Етістік қарақалпақ тілінде *фейил*, қырғыз тілінде — *этиш*, өзбек тілінде *феъл*, ұйғыр тілінде *пейл*, түрікмен тілінде *ишлик* деген терминмен аталады. Бұл тілдердің барлығында етістіктер өзінің лексика-грамматикалық қызметі бойынша бір-біріне жақын. Олар қимыл-қозғалыс, іс-әрекетін білдіреді. Етістіктің, түбірі оның 2 жақ жекеше түрі болып есептеледі. Мысалы.

Қ а з а қ т і л і н д е: *ал, тұр, кел, оқы, жаз, айт*. Қарақалпақ тілінде: *ал, тұр, кел, оқы, жаз, айт*. Қ ы р ғ ы з т і л і н д е: *ал, тур, кел, оқу, жаз*. Ұйғыр тілінде: *айт ал, тур, кәл, оқи, яз*. Өзбек тілінде: *яз, ейт ол, тур, кел, уқи*. Түрікмен тілінде: *ал, дур, гел, ока, яз, айт*.

Міне осындай етістіктердің түбірі салыстырылған тілдердің қай-қайсысында болса да, аффикстер қосып алу арқылы оның басқа түрлерін жасауға негіз болады, сол арқылы етістіктердің шақ пен рай, етіс, есімше, көсемше сияқты категориялары жасалады, жалпы алғанда, етістік категориялары, болымды және болымсыз етістіктер, сабақты, салт етістіктер және олардың сөз түрлендіру, сөз тудыру тәсілдері бір-біріне ұқсас. Бұл ұқсас-тық шартты түрде айтылады, өйткені әрбір тілдің өзіне тән тілдік өзгешелігі оның лексика-грамматикалық функциясында байқалады да, ол салыстыра зерттегенде жақсы сезіледі.

Осымен қатар, етістіктер басқа сан түрлі сөздерді жасауға да негіз бола алады.

2. Орхон-енисей ескерткіштерінде, XI ғасырдың тілінде де етістіктердің барлық түрлері кеңінен қолданылған. Бұл туралы Махмуд Қашқари етістік жасаудың негізі — бұйрық етістігі. Түрлі мақсат үшін қолданылатын қосымшалар осы негізге қосылады деп көрсетеді. Осымен қатар Махмұд Қашқари етістіктің негізі — бұйрық райға әр түрлі қосымшалар қосылу арқылы жасалған етістіктердің түрлеріне, білдірген мағыналарына, атқаратын қызметтеріне тоқтайды: *тур — турур — турді; тіз — тізар — тізді; бар — барір — барді, кәл — кәлір — кәлді, күл — күлүр — күлді; ол іуқару турур; ол турді, ал сут сағди. Ол әр ол ішларқа турған*.

Махмуд Қашқари етістіктің түрлі жасалу тәсілдеріне тоқтайды. *-қил, -ғыл, -гил* аффикстері бұйрық етістікке қосылады:—

баргіл, тургіл, отургіл' т. б. сол, сияқты бұйрықты күшейу үшін оған *-чи* аффиксі қосылады: *кел+чи, барма + чи* т. б.

Бұйрық рай етістіктеріне — *ла* аффиксі қосылғанда іс-әрекеттің анық болғандығын көрсетеді (*ул бардила, ол кәлділа, ол барды, ол келді*).

-Миш аффиксі күмән етістігін жасайды: *бармиш, кәлмиш* (есітуімше барғанға, келгенге ұсайды *-ма* бұйрық етістігіне қосылса, болымсыздық мағынасын тудырады: *барді-бармаді, кәлді-кәлмаді* т. б. Бұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады, өйткені «Девону Луғотит түрктің» жартысынан көбірегі тек етістіктердің әр түрлі формаларынан тұрады. Демек, етістік тіліміздегі ең негізгі, көлемді ескі сөз таптарының бірі) ол қазіргі тілдерде де айтарлықтай өзгеріске түспей, негізін сақтап қалған. Оның үстіне, басқа сөз таптарына қарағанда етістік табиғатында жаңа сөздерді қабылдай бермейді.

Етістіктің рай категориясы қарақалпақ тілінде мейил,қырғыз тілінде ыңғай,өзбек тілінде майл,ұйғыр тілінде мейил,түркмен тілінде форма болып аталады.

Салыстырылған тілдерде етістіктің рай категориясы субъекттің іс-әрекетке,қимыл-қозғалысқа көзқарасын білдіреді.

Ниет немесе мақсат деп аталатын райлар қырғыз,ұйғыр тілдерінде көрсетілген,сол сияқты арзув-өкунч формасы да тек түркмен тілінде айтылған.

Ашық райдың жасалу жолдары,білдіретін мағыналары етістіктің үш шағымен ұштасып жатады алды, алып жатыр, алады - (қаз) Олди,олаетир,олади(өзб)

Бұйрық рай айтушының тыңдаушысы немесе сол арқылы басқа біреулерге бұйырғандығын,өтінгендігін білдіреді.Осыған байланысты кейбір түркі тілдерде бұйрық жене қалау райлары қосылып,бұйрық-истак майли деп те аталады.

Салыстырылған тілдерде бұйрық райдың жасалу тесілдері ортақтық қасиетке ие болумен қатар,кейбір тілдерде,өзгешеліктер де жоқ емес.

Қырғыз тілінде 2жақта кейде –ғын,-кин(барғын,кеткин),өзбек тілінде – ғин,-қин,кин,(езғин,тутғин,боққин),ұйғыр тілінде –ғин,-гин,-қин,- кин(алғин,кеткин,оқигин),түркмен тілінде –гын,-гин,-гун,- гүн(баргын,эшитгин,гөргун,болгун) аффикстері қосылып, бұйрық аралас өтінішті білдіреді.

Түркмен тілінде етістіктерге –сана,-сене, -ла,-ле қосымшалары қосылып бұйрықты білдіреді. Шилесин-ле,ал-сана,гел-сене т.б.

Барлық түркі тілдерінде шартты рай жасау үшін етістіктің түбіріне –са,-се аффиксі қосылады.

Салыстырылған тілдерде шартты райдың функциясы кеңейген,ол жай жене құрмалас сөйлемнің баяндаушы болып қызмет атқарады.Жай сөйлемде шартты рай арқылы тілектік мағына шақпен жалғасып модальдікті білдіреді.Мысалы Көңілдің осы бір шағы,қырдың осы бір көрінісі тұра берсе,тұра берсе екен!(Ғ.Мұст.)-қаз.

Сырдашса сыр чечилет,сырдашпаса не чечилет-қырғ.

Қалау рай кейбір салыстырылған тілдерде тілек,истак,халаш деген атпен аталса да,барлығында да сөйлеушінің қимыл іс-сәрекеттің орындалуына тілек,ниет білдіретінін көрсетеді.

Қазақ,қарақалпақ тілдерінде –ғай,-гей,-қай,-кей, қырғыз тілінде –гай, өзбек тілінде –ай,-ғай,ұйғыр тілінде –ғай,-гей,-қай,-кей аффикстері етістіктердің түбіріне қосылып қалау рай жасайды.Қазақ,қарақалпақ тілдерінде бұл аффикстерден кейін жіктік жалғаулары қосылып айтылады,ал қырғыз тілінде эле көмекші етістігімен қосылып айтылады.

Қалау рай жіктік жалғауымен айтылады.

Қазақ.

- 1.Мен барғаймын.
- 2.Сен барғайсың.
- 3.Ол барғай.

өзбек

- 1.Мен борғайман.
- 2.Сен борғайсан.
- 3.У борғай.

Қырғыз.

- 1.Мен барғай элем.
- 2.Сен барғай элең.
- 3.Ол барғай эле.

1. Етіс категориясы қарақалпақ тілінде жәреже, қырғыз тілінде мамиле, өзбек тілінде даража, уйғыр тілінде дәрижә, түркмен тілінде дереже болып қолданылады.

Салыстырылған тілдерде етістер субъект пен іс - әрекет ортасындағы қарым – қатынасты білдіреді.

Әсіресе субъекттің іс - әрекетке бір өзінің болмаса ортақтасып бірнеше субъекттердің қатыстығын немесе бсқа біреулер арқылы істелгендігін көрсетеді.

2. Өздік етіс қазақ, қарақалпақ тілдерінде –н, -ын, -ін, (ин), қырғыз тілдерінде өздік мамиле –н, -ын, -ин, өзбек тілінде қайтим даража –(и), - н, уйғыр тілінде өздік дәрижә -ин, -ун, - үн, түрікмен тілінде – ғайдым жереже – ын, - ин, - ун, - үн, -н, аффикстерінің жәрдемімен жасалады.

Қазіргі тілдерден мысалдар: Ол ерте тұрды да, жуынды, таранды, киінді – қаз. Қарақалпақ.

Анда бир топ катын – кыздар жуунуп жатат – Қырғыз.

Сиз бу ишга яхши таерландингиз - Өзбек

Ақирқи сигналму чеминде. – уйғыр.

Марал көлегеде дүшек язынды. Ат силкинди. – Түркмен.

3. Ырықсыз етіс, қарақалпақ тілінде ериксиз дәреже –л, -ыл, -іл, (ил), қырғыз тілінде туюк мамиле –ыл (-л), өзбек тілінде мажқұл даража –л (-ил), уйғыр тілінде өзге дарижә - л, (ил), -ұл, ұл, түрікмен тілінде ғайдым дереже - -ыл, ил, - ул, -л аффикстердің жәрдемі арқылы жасалады.

Мысалдар: Альбом көріп шығылды. – Қазақ. Альбом қуриб чикилди - өзб. Унтулуп кетилди – қырғыз.

Вышханның, огул фундаменти гуралды, станогги, насос, моторлары гетирилди – Түрікмен.

4. Өзгелік етіс қарақалпақ тілінде мәжбүрлеу дәреже, қырғыз тілінде арқылуу мамиле –т, -ыт, -іт (ит); - дыр, -дір (-дүр), -тыр (тир), -гыз, -қыз, -кіз, -ар, -ер, -ыр, -ір (-ир), -кар, -кер, -гыр, -дар, -сет; ұйғыр тілінде мәжбүр дәрижә -т, -тур (-түр), -дур, - дүр, -күз, (-күз), -ғүз, гүз; түрікмен тілінде йүклетме дереже –дыр, -дир, -дур, -дүр аффикстерінің қосылуымен жасалады. Салыстырылған тілдерде өзгелік етістің негізгі аффикстері барлығында бірдей, іс-әрекеттің басқа біреу арқылы істелінгендігін көрсетеді.

Мысалдар: Бірақ Ардақ екеуін де отырғызып кетті – қаза0. Этигимди итке бүлдүрүм – қырғыз.

5. Ортақ етіс қарақалпақ тілінде шериклик дәреже –с, -ыс, -іс (ис), қырғыз тілінде кош мамиле –ш, -ыш, -иш; өзбек тілінде биргалик даража (-и) –ш; ұйғыр тілінде өмлүк дәрижә -ш, -иш, -уш, -үш; түрікмен тілінде мәриклик дереже –ыш, -иш, -уш, -үш, -т аффикстерінің жәрдемі арқылы жасалады.

Мысалдар: Білекті үзердей қатты қысып қол алысты – қаз. Эл дуулдашып чоң маселе чечилгендей тарап жатышты – қырғыз. Балилар шох көзлирини ойнитишип, күлимсиритип қоюшти – ұйғыр.

Биз пионер лагерде Марыдан гелен елдашларымыз билен гөрүшдик – Түрікмен.

1. Етістіктің шақ категориясы қарақалпақ тілінде — мәхәл, қырғыз тілінде — чак, өзбек тілінде замон, ұйғыр, түрікмен тілдерінде,,— заман делінеді. Барлық түркі тілдер сияқты, салыстырылған тілдерде, етістіктің шақтары өткен шақ, келер шақ, осы шақ болып үшке бөлінеді. Барлық тілдерде шақ категориясы іс-

әрекеттің сөйлеп тұрған уақыттан бұрын, кейде сөйлеп жатқан уақыттың өзінде, немесе кейін болатындығын көрсетеді.

Шақ категориясы тек қана етістіктерге тән. Бұл жөнінде етістіктің ашық райы негізгі орында тұрады, өйткені ол үш шақпен айтылады. Бұған қосымша етістіктің шақ білдіретін басқа да тәсілдері аз емес. Қысқасы, етістік шақпен өте тығыз байланысты, етістік бар жерде шақ бар, шақ етістіктің органикалық элементі болып есептеледі.

Етістік — тарихи категория, олай болса шақ та етістікпен байланысты. Оны Орхон-енисей ескерткіштерінен, XI ғасырдағы, әдеби жазба мұралар тілінен көруге болады. «Девону луғотит түрkte» етістіктердің шақ категориясының жасалуы және оның мезгілдік қатынасы анық байқалады. С. М. Муталлибов «Девандағы» етістіктердің үш шақпен айтылғандығын көрсете келіп, өткен шақтың анықтық түрі — іс-әрекеттің болған, болмағандығын айтушы анық, өз көзімен көргендігін білдіріп, етістіктің түбіріне *-ди, -ти, -диң, -тиң, -туң; -дим, -тим,* көптік түрі *-дилар, -тилар, дим.из, -тимиз, -диңиз, -тиңиз* жұрнақтары қосылатындығын көрсетеді.

XI ғасыр тілінде етістіктің келер шақ түрі *-р, -ар, -ур, -ур* аффикстерінің жәрдемімен жасалған (эгаси тилагинча булмас туруп). Бұл аффикстер арқылы жасалған келер шақ етістігі ұзақ келер шақ, жақын келер шақ болып бөлінеді. Бұлардан басқа тілекті білдіретін келер шақ (*-ғисоқ, -гисоқ* (борғисоқ — бармақшы, тергисоқ — жинамақшы, термекші), мүмкіншілікті білдіретін келер шақ (*-у, -ув, -ю*) аффикстері арқылы жасалады, шартты білдіретін келер шақ *-са, -се* аффиксіне *эрсa, эса* көмекші етістіктері қосылған: *ула* болса *йул озмас, билик* болса *суз ёзмoc*. Осы шақ көбіне келер шақ арқылы берілгендігі сезіледі. Махмуд Қашқари тек өткен шақ етістігі — *феъли мозий,* келер шақ етістігі — *феъли мустак, бал* туралы айтқанда, осы шақ туралы ешнәрсе көрсетпеген."

2. Ш. Шукуров XII—XIX ғасырдағы жазба әдебиеттердегі етістік формаларының даму тарихына тоқтайды. Автор XII—XIV ғасырдың тіліндегі етістіктердің кейбір өзгешелігін XV—XIX ғасырдағы жазба ескерткіштер және қазіргі өзбек тілімен салыстырып, ескі өзбек тілі мен қазіргі өзбек тілінің ортасындағы етістіктерде болған даму процесі деп қарайды. Шынында, бұл ескі өзбек тіліндегі өзгешелік емес, ал ескі түркі тілдер мен қазіргі тілдердің, соның бірі өзбек тілінің даму процесіндегі кейбір айырмашылықтар болып есептеледі. Бір жағынан қазіргі өзбек тілі мен сол XV—XIX ғасырды, екінші жағынан XII—XIV ғасыр тілін салыстырып, етістіктің шақ, жағына байланысты төмендегі өзгерістер атап көрсетіледі: 1) келер шақтың *-асы/эси* — *барасы, кэлэси* («Тафсир», «Қысас әл-әмбия»); 2) келер шақтың *-ысар, -исәр* — *барысар, кэлисәр* («Мухаббат-на-мэ»); 3) кейбір осы шақ пен келер шақта I жақтың жекеше түрінде *-м* аффиксінің қолданылуы — *ала-м, ала-мән, алға-м* («Тафсир», «Қыссас ул-әмбия») т. б. Бұл қазіргі өзбек тілі мен XIV—XIX ғасыр тілінде жоқ деп көрсетілген «ескі өзбек» тілінің құбылысы жалпы түркі тілдеріне — қыпшақ группасы тілдеріне — тән, өйткені бұл «өзгешеліктер» қазіргі қазақ әдеби тілінде де кеңінен қолданылады.

Жалпы алғанда түркі тілдердегі етістіктің шақтары ерте кездерден-ақ зерттеушілердің назарын аударған'.

Салыстырылған тілдерде етістіктің шақтары жасалу тәсілдері мен семантикасы бойынша бір-бірімен өзгешелігінен көрі жалпы ұқсастығы күшті, ол етістіктің табиғатына да байланысты болса керек.

3. Өткен шақ

Өткен шақ салыстырылған тілдерде *өткен шақ* — *өткен мәхәл* — *өткөн чак* — *утган* — *өткән, өтен заман* деп аталып, іс-әрекеттің сөйлеп жатқан кезден бұрын болғандығын көрсетеді.

Етістіктің түбіріне *-ты, -ті, -ды, -ді, -ди* аффикстері қосылып *жедел өткен шақ* жасайды, ал қырғыз тілінде — *айқын өткен шақ*, өзбек, ұйғыр тілдерінде *анық өткен шақ* деп қарайды. Мысалдар: *Сыпыртқымды балқытып алып шабынатын сереге шыға бергенде қызара бөртіп сабаланып жатқан сыбайласымды таныдым. Ол да мені көрді. Көрді де әрі қарай бұрылып отырды. Мен де оны қысталамадым.* (Ғ. Мүсірепов.) — Қаз.

Атам ары жагындагы коондордон алып келип, кесе баиштады. (Ю Жантөшев.) *Курман менен Мендирманды Сапарбай тартипке чакырды.* (Т. Сыдықбеков.) — Қырғ.

Офицер йиқилди вә ётган ерида қулини кутарди. Бу орада жанч босилди. Ахмаджон офицерни олиб кетди. (А. Каххор.) — Өзб.

Есімшенің *-қан, -кен, -ган, -ген, -тын, -тін* аффикстері арқылы бұрынғы өткен шақ жасалады, ал қырғыз тілінде бұны *жалпы өткен шақ*, өзбек тілінде *ұзақ өткен шақ* десе, ұйғыр тілі *сүпәт пейлді* өз алдына бөліп қарап өткен шақты көрсететіндігі де айтылады. Барлығында да есімшенің өзі-ақ, немесе жіктік жалғауларын қосып алып, іс-әрекеттің, қимылдың сөйлеп тұрған уақыттан әлдеқайда ерте болғандығын білдіреді. Мысалдар: *Әрине, инженер Асанбай да күдіктенген... Одан әріректе апат күші бәсеңсіген. Тас пен темір балқып барып, есін жинаған. Жан иесі бұл маңайда да түгел қырылған.* (Ғ. Мүсірепов.) — Қаз.

Штабта бәрнәччә ат болидиган. Шуларниң бирини мән шәһәр ичидә минип жүридиган. («Уйғур тили».)

Мен уни курмаганман. Москвани мен биламан. Тер тукиб зур шахарни қурганларни курганман, одам тула кучаларни айланиб, жангчиларнинг қаторида юрганман. (Қ. Олимжон.)

Өзбек, қырғыз тілдерінде ұзақ өткен шақ етістігіне — *дир* аффиксі қосылып та айтылады: *Шунинг билан банка бүгун очилмагандир.* (С. Айний.) — Өзб. *Ала мойнок күчүгү менен ой-ногондур.* (Т. Сыдықбеков.)

Қазақ тілінде *бұрынғы өткән шақ* *-ып, -іп, -п*, қырғыз тілінде — *капыскы өткөн чак* — *ып+дыр, -тыр, -дир* аффикстерімен, өзбек тілінде — *(-и), -б эди* болып айтылады.

Мысалдар: *Кереге салыны сүйреп келе жатқан дардай атан тұрып қалыпты. Бақырып, басын шайқап, жынын шаша бақырыпты.* (Ғ. Мүсірепов.) — Қаз.

Илгери биздин элдин көк-чунак деген айгыры карышкырдын көкжсалын чайнаптыр. (Т. Сыдықбеков.) *Бизге сыйлық алып, Қырғызыстандан өкүлдөр келе жатыптыр.* (К. Маликов.) — Қырғ.

...Шу сирни билай деб келиб эдим. («Сайед».) *Шу кеча бировникига уғирликка бориб эдим.* («Уғри» эртаги.) — Өзб.

Қырғыз тілінде *адат өткөн чак* — етістіктің түбіріне *-чү* аффиксінің қосылуымен жасалады. *Түнкүсүн ал оюктан араң бұлбүлдөгөн жарык шооласы көрүндү. Биздин кыздардан да далай кыйындар чыкчу.* (Т. Сыдыкбеков.)

Етістіктің өткен шақтағы. айтылу мерзіміне қарап әр тілде әр түрлі бөлушілік бар. Мысалы, өзбек тілінде өткен шақ алты түрге бөлінеді де, әрқайсысы өзіне тән оттенкаларымен бір-бірінен ажыратылады: *өткен шақ анықтық етістігі, тарихи өткен шақ* т. б. Барлығы да іс-әрекеттің өткендегі орындалу мезгілімен байланысады.

1. Осы шақ

Салыстырылған тілдерде осы шақ — хәзирги *мәхәл* — *учур чак* — хозирги — *һазирқи* — *хәзиркки заман* делініп, барлығында да дәл қазіргі сөйлеу үстінде болып жатқан іс-әрекетті көрсетеді.

Мағыналық ерекшеліктеріне қарап, қазақ тілінде *осы шақ* — *нақ осы шақ*, *ауыспалы осы шақ* болып екіге бөлінеді. Қырғыз тілінде — *жөнөкөй учур чак*, *татаал учур чак* болуп әкіге бөлүнөт.

Өзбек тілінде — *аниң хозирги замон феъли*, хозирги — *келаси замон феъли* .

Нақ осы шақ мағынасын білдіруде — *отыр* — утир, *жүр* — юр, *жатыр* — *әтир*, *тұр* — *тур* деген төрт етістік дара күйінде де, жіктеліп те жұмсалады.

Қ а з а қ т і л і н д е:

Мен отырмын, біз отырмыз

Сен отырсың, сіздер отырсыздар

Ол отыр, олар отыр

Ө з б е к т і л і н д е:

Мен турдим, биз турдик

Сен турдинг, сиз турдингиз

У турди, улар турди

Бұл етістіктер *-ып, -іп, -п, -а, -е, -й* аффикстерімен келген көсемшелермен де қатар қолданылады. Мысалдар: *Улкен залда үш әйел, екі еркек жуынып шығып, дем алып отыр...* *Осы бақшада қырық екі жас бала ойнап жүр.* (Ғ. Мүсірепов.)—Қаэ.

Уни кутиб туриши учун кум устидан силжиб, постга тушиб, чузилиб ётибди.

(С. Айний.) *Ота, қозон қайнатишига пул бериб турайми?* (Ойбек.) — Өзб.

Өзбек тілінде етістіктерге *-ётиб, -етир, -яп* аффикстері қосылумен анық осы шақ жасалады: — *Одамларни кинога хабарлаб келяпмаң, она!* (Х. Назир.) *Россияга егоч келиш. Бригадаси бошлига булиб кетяпман.* (Ж. Шарипов.) — Өзб.

Өзбек, ұйғыр тілдерінде *-мокда, -мақта, -мәктә* аффикстері қосылумен етістіктің осы шақпен айтылғандығын білдіреді: *Кушлар шохдан шохга сакрашиб, қувноқ сайрашмоқда. Қишлақ устида кишига хузир берувчи тонг шабадаси гир-гир эсмоқда.* (Х. Назир.) — Өзб.

Уларму бәхитлик ата-анасиниң бир-бирисигә болган меъриванлигини улгайттип, эркин өкмәктә. (Һ. Абдуллин.) — Ұйғ.

Қырғыз тілінде осы шақ етістігі *-а, -й* аффиксімен жасалған көсемшеге жіктік жалғауы қосылып айтылады. Әсіресе жай осы шақ *-т* жіктік жалғауын қосып алып, қырғыз тілінің өзгешелігін көрсетеді. Мысалдар: *эми өзү, ичтен кыңкылдап, өкүнүчтүү ырдап олтурат.* (Т. Сыдыкбеков.) *Анда-санда онтоп, тык-тык жөтөлүп, сансыз жатат.*— *Бегим! Төтигинде өрдөк жүрөт...* *Үшин-тип Каныбек, таттуу кыялдын кучагынан чыга албай, кубанычтуу турат.* (К. Жантөшев.)

2. Келер шақ

Келер шақ — *келер мэхэл — келер чак — келаси замон, келидиган заман — гелжсек заман* деп аталып, барлығында да, етістікпен берілген іс-әрекеттің сөйлеп тұрған уақыттан соң болатындығын көрсетеді. Қазақ тілінде келер шақ — *болжалды келер шақ, сенімді келер шақ, мақсатты келер шақ, ауыспалы келер шақ* болып бөлінеді, қырғыз тілінде — *айқын келер чак, арсар келер чак*, өзбек тілінде — *хозирги — келаси замон, келаси заман, гумон феъли, келаси замон қатъий феъли—тарихий каласи замон қатъий феъли, квласи замон давом феъли, келаси замон моқсад феъли, бұған қосымша эмоқ көмекии* (толықсыз) етісті-гінің жәрдемімен — *келаси замон хикоя феъли, келаси замон эшитилганлик феъли, келаси замон истак феъли*; ұйғыр тілінде — *аниқ келидиган заман, гуман келадиган заман, махсәт келидиган заман, шәртлик келадиган заман* болып бөлінеді. Бұлардан басқа түркі тілдерде де келер шақ грамматикалық тәсілі, контекст, ситуацияны есепке алып, бірде көп, бірде аз болып бөлініп жургенін көруге болады. Мысалы, өзбек тілінде бір кезде келер шақ жетіге бөлінген'. 1) *буйрук феъли — утк, уқисин, булур феъли — уқурман, давом феъли — уқийман, утинч феъли — уқиғайман, шарт феъли — уқисам, уқиса, орзу феъли уқимоқчиман, уқимоқчи; келгуси феъл — уқигумдир; проф. Фитрат беске бөлген, «Қозирги замон узбек тили» — келаси замон давом феъли, келаси замонгумон феъли* деп екіге бөлген, А. Н. Кононов етістіктің келер шағын есімше, шартты рай, қалау райлардың қатынасымен қарайды. Түркі тілдердегі келер шақтың жасалу тәсілдерімен, іс,-әрекеттің келер шақта болатынын көрсетуін еске алсақ, келер шақтың жасалуында барлық тілдерге ортақ, жалпылық бар екендігі сезіледі.

1. Салыстырылған тілдердің барлығында да етістіктің түбіріне *-ар, -ер, -р* қосылып айтылу арқылы келер шақ жасалады, бұны қазақ тілі грамматикасы *болжалды*, өзбек тілі — *гумон*, қырғыз тілі *арсар* деп аталуынан белгілі, барлығында да келер шақта іс-әрекеттің орындалу-орындалмауы күмәнмен болжай айтылады.

Мысалдар: *Бие байлайтын уақыт болып қалды, кейін айтармын.*

Жеңіл машиналардың көбі бос, бірақ ешкім тоқтаған жоқ, тоқтар емес, мойын бұрар емес. (Ғ. Мүсірепов.)—Қаз.

Ырас, жұрт эми далай оордукту тартар: Согуштун кыйынчылығын көтөрөрсүңөр. (Т. Сыдыкбеков.) — Қырғ.

Мехнатдан дуст ортар, гийбатдан душман. Бахил эхсондан кочар, хасис мехмондан. Анов ерда уста Тошпулат бор, биларсиз. (Ойбек.) — Өзб.

Әгәр өлсәм, челиштила өләрмән, зайә қилмай шеир язган қенимдин... чечәк терәрсән мениң сөйгән сейимдим. (Мүһәммә-дий.) — Ұйғ.

Якымлы йылгырмадан якымлы сөзүң ысы гелер. Дурмуш — мениң сени әпет окена меңзедесім гелйәр. (Г. Сейитмәдов.) — Түрікм

Салыстырылған тілдердің әр қайсысында етістіктің келер шақ формасы жасалу тәсілімен білдіретін мағыналары бойынша әр түрлі өзгешеліктерге ие. Бұл әсіресе бірнеше тілдерді салыстырып зерттегенде байқалады. Мысалы, қарақалпақ, өзбек, түрікмен тілдерінде етістіктің түбіріне *(-а) жақ, (-е) жақ* аффикстерінің қосылуымен келер шақ жасалады. *Неше әсирден берли адам*

баласының изи түспеген шөлистан гүлистанға айланажақ. (Т. Жумамуратов.)
Ауа, сондай курсты бизде шөлкемлестирежақбыз. (Х. Сейтов.) — Қарақ.
Уруида кечирганлари қора босриқдай, базъан хотирдан утажак. (Ойбек.)—
Лекин сенлар қиёматда... жавоб беражаксиз. (С. Айний.) — Өзб.

Ёғсам, Меңлиниң гызы ялы сиркелилериң йүзүсини алсанам болжак. Сен эйдип-бейдип мени машының рулуна гечирәйжексиң — ә? (Сейитмәдов.) — Түрікм.

Сол сияқты қырғыз тілінде етістіктің түбіріне III жақта — *m* форманты қосылумен келер шақ жасалады. *Ақыл айға жеткизет, өнөр көккө жеткизет. Кеңешип кескен бармак оорубайт.* -(Ма-қал.) *Эми жакында эгин орулганы турат.*— (К. Баялинов.)

Өзбек тілінде есімшелерге — *dip* аффиксінің қосылуы іс-әрекеттің болар-болмасына күмән тудырады да, мағынасы келер шақты аңдатады: *Гумонимча, бермагандир.* (А. Қодирий.) *Балки у ролларни хали хам аввалгидек* харакат билан уйнаетгандир. (Ғ. Зуннонова.)

Өзбек тілінде келер шақ *эмиш (-мыс, -міс)* аффикстерінің қосылуымен «келаси замон эшитилганлик феълин» жасайды. Туйга узи *бош* булиб *турармиш, одам кутишни бенихоят билар эмиш.* (А. Қодирий.) *Биласизми, ёзда қимизни ичадиган одам топилмас* эмиш. (Ойбек.) Келер шақтың бұл түрлерінде модальділік өте күшті, сондықтан көптеген тюркологтар бұларды *модальділік етістігі* деп те атайды .

Үстеу қарақалпақ тілінде — *рәуиш*, қырғыз тілінде — *так-тооч*, өзбек, ұйғыр тілдерінде — *равиш — рзвиш*, -түрікмен тілінде — *халлар* болып аталады.

Салыстырылған тілдерде үстеулер, зерттеліп, белгілі бір системаға түскен ⁵.

Үстеулер іс-әрекеттің сындық, бейнелік, мекендік, мезгілдік, себеп-мақсаттық, шарттық, мөлшерлік сияқты белгілерін көрсетеді. Екінші сөзбен айтқанда, сын есімдер заттық ұғым мен ты-ғыз байланысты болса, үстеулер іс-әрекет-қимылмен байланысты. Кейде бір сездің езі әрі сын есім, әрі үстеу сөздің қызметің атқарады, ол тек қана сол сөздің тұрған орнына байланысты. Соған қарап оның синтаксистік қызметі де өзгереді (*жақсы ба-ла жақсы оқиды*). Осы сияқты кейбір үстеулер шылау сөздердің де қызметін атқаратындығы байқалады. (*Ол соң келді. Ол се-нен соң келді.*) Сондықтан да түркі тілдерде үстеулердің құрамы да, даму дәрежесі де әр түрлі сатыда екендігі байқалады. Осы күнгі негізгі үстеулер деп аталын жүрген сөздеріміздің өзі де тарихи жақтан туынды үстеу болуы мүмкін: *ілгері, ішкері, сырт-< қары, үшқары, тысқары* деген үстеулер *-ғары, -қары, -гері, -кері* қосымшалары *іл, іш, сырт, үш, тыс* деген түбір сөздерге қосылуынан келіп шыққан деп қаралады. Сол сияқты *ерте* (эр+те — жатыс септігі), *ертең* (ир//эр+тан), *кейін* (кед+ин), *ары* {ал//ол + ры), *бері* {бу)л{+ры), *бүгін* {бу)л{+күн) т. б. үстесу-лер жөнінде де осыны айтуға болады.

Салыстырылған тілдерде негізгі және туынды үстеулердің көпшілігі мағынасы мен атқаратын қызметіне қарай бір-біріні жақын екендігін байқауға болады.

Мысалдар: *Бүгін ол теңіз астын кең орай жүзіп дамылсы.і кезіп жүр.* (Ғ. Мүсірепов.) *Бері кел, қара төбет!*— деп ақырiш жіберді. (Ғ. Мұстафин.)

Өткенге топырақ лақтырудан пайдамй іс шықпайтынына қазір бәріміздің де көзіміз жеткен секілді (М. Қаратаев.) — Қаз.

Курман саа келип жүрөт. Ал азыр кайда? (Т. Сыдыкбеков.) *Жээ ары барып чүйдө өлбөй, жээ бери келип, үйдө өлбөй.* (Мя« қал.) — Қырғ.

,Бугун эр талаб мактабим ёнидан утдим. (Ойбек.) *Бултур берадиган улпондан қолган.* (Ф. Й.) *Узокдан бунинг шах.ар экаңЯ ни дарров пайкаш қийин.* (Ас. Мухтор.) — Өзб.

Мен хазир еке-де болсам, менде миллионың ынанжы бардыр, (Б. Кербабаев.) *Соңра оны, ене-де мол пикирлер басмарлап учарды.* (Г. Сейитмәдов.)

Түркі тілдерде үстеулер кеңінен қолданылады, ейткені негізгі үстеулермен бір қатарда басқа сөз таптарынан да жасалған үс-теулер аз емес. Бұндай туынды үстеулер белгілі бір аффикстер», ді қосып алып, үстеулердің қызметін атқарады. Түркі тілдердЯ бұндай морфологиялық тәсіл арқылы жасалған үстеулер кеңінен қолданылады. Мысалдар: *Синченко мен екеуміз ылғи қазаіШ ша сөйлесетінбіз.* (Б. Момышұлы.) — Қаз.

Аскар мугалимдин тилегин уяндык менен дале болсо балацц укту. (Т. Сыдыкбеков.) —Қырғ.

Балки қызлар айтгендек уларча ужар эмасдир. («Узб. тили»,)] *Инди Гөзел хем хаты Атача язып билйәр.* («Түрікм. дили»); Түркі тілдерде үстеулер екі сөздің бірігуінен немесе қосарланып айтылуынан да жасалады. Үстеулердің бұндай синтаксистік тәсілмен жасалған түрі де кеңінен қолданылады. Қазақ тілінде сөздердің бірігуі арқылы жасалған үстеулерге—*бүгін, биыл, таңертең, жаздыгүні, қыстыгүні, күздігүні, эрқашан, элдеқашан, әрдайым, ендігәрі, түнеугүні, бүрсігүні, бірталай, бірқатар, не-гурлым, солғұрлым, әжептәуір, бірқыдыру, әлдекімше* т. б. Са-лыстырылған тілдерде осы көрсетілген үстеулер негізінен сақ-Я талған, бірақ кейбіреулерінің жасалу тәсілі өзгерген, дамығаі, басқа сөздермен араласқандығы сезіледі.

Сол сияқты сөздердің қосарланып айтылуы арқылы да үстеу І жасауда салыстырылған тілдерге тән қасиет болып есептеледі.

Мысал үшін қазақ, өзбек тілдерін салыстырайық: *күннен-күнге//кундан-кунга, жылдан-жылга//йилдан-йилга, ұзыннан-ұзақи// шзундан-узоқ, турадан-тура//туғридан-туғри, ерте-кешЦэрта-кеч, кысы-жазы//қишин-ёзин, асты-үсті//остин-устин, оқыр-оқымас// ўқир-ўқимас, шығар-шықпас//чиқар-чикмас, күле-күле//кула-ку-ыа, күте-күте//кута-кута, жеке-жеке//якка-якка, жүзбе-жүз//юз-ша-юз* т. б.

Үстеулер идиомаланған тұрақты тіркестерден де жасалады. Мысал үшін қазақ тілін қырғыз тілімен салыстырайық: *көз ашып жұмғанша//көз ачып жумғанча; қас пен көздің арасында//каш-хкабактын ортосунда; тасқа таңба басқандай//ташка тамга ба\кандай; қамырдан қыл суырғандай//камырдан кыл суурғандай.*

ҮСТЕУЛЕРДІҢ МАҒЫНАСЫ БОЙЫНША ТҮРЛЕРІ

Үстеулер мағынасына қарай қазақ тілінде сегіз топқа (мезгіл, мекен, мелшер, сын (бейне), күшейту, мақсат, себеп-салдар, топтау (бөлу); қырғыз тілінде әуелі екі үлкен топқа — бышык-І тагыч тактооч, аныктагыч тактооч (пысықтаушы

үстеулерге — мезгіл, мекен (орын); анықтаушы үстеулерге — сын-сыпат, сан — (өлшем), өзбек тілінде алты топқа (Алат, урин, пайт, мақсад, микдор — даража, сабаб), ұйғыр тілінде қырғыз тілі сияқты Һаләт және ениклиғучи болып үлкен екі топқа (Һаләт рәвши — вақит, орун, сәвәп — мәхсәт, ениклиғучи — Һаләт, дәрижә — микдар) бөлінгендігін кәреміз.

Жалпы алғанда, салыстырылған тілдерде үстеулер бір-бірі-не мағынасына қарай жақын екендігі сөзсіз. Олай болса, үстеулер әрбір тілде іс-қимылдың мезгілін де, мекенін де, сынын да, мелшерін де, мақсатын да, себеп-салдарын да білдіреді. Сондықтан үстеулердің мағналары бойынша сандарының тура келмеуі, кейбір тілдерде ол үстеу жоқ дегенді білдірмейді, бұл тек қана сол тілдің зерттелуіне байланысты. Мысал үшін қазақ, өзбек тілдеріндегі мезгіл үстеулерін салыстырып қарайық:

Қазақ тілінде: *қазір, соң, кейін, енді, былтыр, бұрыннан, әлі, І бір күні, алдеқашан* т. б.

Өзбек тілінде: *х.озир, сунг, кейин, энди, бултур, бурундан, х.а-Или, бир куни, алла-қачон* т. б.

Бұл мезгіл үстеулері қашан? қашаннан? қашанға? деген сұ-І рауларға жауап береді.

Сол сияқты мекен үстеулерін салыстырып қарайық: қазақ тілінде: *әрі, алға, артқа, алды-артында, жоғары, төмен, мында, І анда, онда-мында, ілгері* т. б.

Қырғыз тілінде. *ары, алға, артқа, алды-артында, жоғору, тө-мөн, мында, анда, анда-мында, илгери* т. б. Мекен үстеулері қайда? қайдан? деген сұрауларға жауап береді.

Пайдаланған әдебиеттер.

Негізгі:

- 1.Ә.Н.Нұрмаханова. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. А, 1971.
- 2.Ғ Айдаров, Ә құрысжанов, М. Романов. Көне торік жаба ескерткіштерінің тілі. А, 1971.
- 3.К. Мелиев. Хозирги туркий тилларида харакат номлари. Т, 1969.
- 4.М. Романов. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. А, 1992.
- 5.Серебренников. Б. А., Гаджиева Н. З. Сравнительно- историческая грамматика тюркских языков. М, 1986.
6. Строй ууйгурского языка. А, 1986.

Қосымша:

1. Қазақ тілінің грамматикасы. Морфология. А, 1967
2. Қазақ тілінің грамматикасы. Синтаксис. А, 1967
3. Киргиз тілінің грамматикасы. Морфология. Ф, 1964.
4. Ғуламов. А, Аскарлова. А. Хозирги узбек адабий тили. Т, 1965
5. Северртян. Э. В. Этимологически словарь тюркских языков. М, 1978.
6. Түрік тілдерінің екі тілді сөздіктері қажетіне қарай.

7-лекция. Еліктеу сөздер, Одағайлар, Модаль сөздер. Көмекші сөздер.

Жоспары:

1. Еліктеу сөздер
2. Одағайлар
3. Модаль сөздер
4. Көмекші сөздер

Еліктеу сөздер қырғыз тілінде — *тууранды сөздөр*, өзбек тілінде — *тасвирий* сузлар, ұйғыр тілінде *тәхлидий сөзләр*, түрікмен тілінде — *сес ве шекил аңладян сөзлер* делінеді.

Түркі тілдері бойынша ертеректегі зерттелінген еңбектердің көпшілігінде еліктеу сөздер одағай сөздердің құрамында қаралады. Еліктеу сөздерді өз алдына ажыратып қараған Н. И. Ашмарин рин болып есептеледі'. Ол өзінің еңбектерінде еліктеу сөздердің 115 тән артық структуралық типін белгілейді. Бұдан кейінгі еліктеу сөздер туралы мағлұматты Н. К. Дмитриевтің еңбектерінен табуға болады. Н. К. Дмитриев, Н. И. Ашмариннің еңбектері негізінде еліктеу сөздерді зерттеп, оны төрт группаға бөліп қарайды, оның жасалу жолдарына көңіл бөледі. Ал Н. К. Дмитриев құмық, башқұрт тілдерінің грамматикаларында еліктеу] сөзді өз алдына бөлмей одағаймен бірге қарайды. Сол сияқты қарақалпақ тілінің грамматикасында Н. А. Баскаков та еліктеу сөздерді одағайлардан бөліп алып қарамайды. Соңғы жылдарда еліктеу сөздерді өз алдына бөліп, оның одағай сөздерден айыр-машылығын дәлелдегендер Л. Н. Харитонов, А. И. Искаков, Ш. Ш. Сарыбаев, С. К. Құдайбергенов, М. Х. Құдайкулиевтер болып есептеледі. Осыған қарамастан, түркі тілдерде еліктеу сөздер әлі де бірлесіп өз алдына ажыралып шығып, сөз табы болып қалыптаспағандығы сезіледі. Оны салыстырып зерттегеш тілдерден-ақ анық көруге болады. Еліктеу сөздер қазақ, қырғыз, түрікмен, ұйғыр тілінде өз алдына қаралса, қарақалпақ, өзбек тілдерінде бірде бөлінеді, бірде одағай сөздердің бір бөлегі сияқты болып қаралады. Бұған мысал етіп өзбек тілінің грамматикаларын келтіруге болады. Бірінде «Ундов ва мимемалар» бірге қаралған, екіншісінде ундовлар және тасвирий сөздер деп ажыратылған.

Шындығында, еліктеу сөздердің одағайлардан ажыралып қаралғаны өте орынды. Түркі тілдері еліктеу сөздерге өте бай, олар ауызекі және әдеби тілімізде кеңінен қолданылады. Олар табиғатта ұшырайтын құбылыстар мен заттардың әр түрлі дыбыстарын, жан-жануарлардың-сын-сипаты мен қимыл-әрекеттерінен пайда болатын түсініктерді білдіретін сөздер болып есептеледі. Бұндай сөздер басқа сөз таптарынан өзінің фонетикалық, грамматикалық және семантикалық жақтан өзгешелігімен ажыралады. Еліктеу сөздер айтайын деген ойды дәл, ықшам, көрікті етіп айтуға қолайлы. Өйткені өз орнында қолданылған бір ғана еліктеу сөздің берген дәл ұғылын бірнеше сөйлеммен де бере салу қиын. Түркі тілдерде еліктеу сөздер деп аталатын ұғымдар бір-бі-

ріне ұқсас, мен қабыл етілу процесі солай. Еліктеуіш сөздердің түрі өте көп болу мен қатар бірі екіншісімен сан алуан дәл қасиеттерімен ажыралып отырады, өйткені әрқайсысының өз алдына тән дыбысы бар.

Мысалдар: *оның оқуы желді күні жапыраңтай дірілдеп, өк-песі көріктей көмпиіп, танауы дәлдең-дәлдең етті.* (С. Мұқанов.) *Дөсекең сескеніп, қонаң еткенде, борсық сып етіп еніп кетеді інге. Дәмет бәйбіше қысқа гана амандасты да, үлкен аузын шай-ға отыра бере бір сыяп еткізді.* (Ғ. Мұстафин.) *Ол мөрін были еткізіп баса салды.* (К., Аманжолов.) *Жанып жатқан тезек шо-ғы, майлы көбік тамғтда ныс етіп, борс етіп сөне қалып, қоңыр-сытып майды күйдіріп, қайтадан тез лап етіп жанады.* (С. Сей-фуллин.) — «Қазақ тілінің грамматикасынан».

Яша эки колун шак-шук эттире тамандарына жанып алып, бийлей баштады. (К. Жантөшев.) *«Беккулу кана?» — деп, барк этти. «Жок» деп күңк этти кемпир.* (М. Элебаев.) *Азан-казанга житип кеткен дурсул кулакка жетпейт. Абышканың күңкүлүн кулагы чала калган кемпир аны кимге деп сураганча болбой, эм-негедир алагдиланып унутуп қойду.* (Т. Сыдыкбеков.)—Қырғ. *Гапы шакырт-шукурт ачылды* (Х. Т.), *Акмырадың әхем-әхеш әдйән сеси эшидилйэр* (П. Н.) *Артык Алашаң гершини сынап, арқасына пат-пат какды* (Б. Қ.) *Мама аңырсына ағдарылып, гарс-гарс гашанды.* (Б. К.) *Ораз төверегине ялтак-юлтак этди.*— «Түркмен дили». Қазақ тілінде еліктеуші сөздердің семантика-лық сипатына қарай, *дыбыстық еліктеуіш сөздер, бейнелеуіш сөздер* деп бөлінсе, қырғыз тілінде — *табыш тууранды және элестүү сөздер*, өзбек, түрікмен тілдерінде — *тақийдий сузлар, образли сузлар*, ұйғыр тілінде— *тавушқа тахлит сөзлэр, тасви-рий сөзлэр* болып бөлінеді. Бұл салыстырылған тілдердегі елік-теу сөздерінің жалпы білдіретін мағынасы мен бөліну принциптері бір.

Еліктеуіш сөздер көбінесе атау формада қолданылып, етіс-«іктермен тікелей байланысады.

Мысалдар: *Біресе лап етіп жанып, лып етіп сөнген оттай ты-на қалады.* (Ғ. Мүсірепов.) — Қаз. *Ол өзуне серетди, жакгылдап г.үлди* («Худайкулиевтен») — түрікм. Салыстырылған тілдерде еліктеуіш сөздердің синтаксистік|іқызметі оның тіркесетін сөзіне байланысты.

Одағайлар қарақалпақ тілінде *таңлақ*, қырғыз тілінде *сірдық дык сөздөр*, өзбек тілінде — *ундавлар*, ұйғыр тілінде — *имлиқ-лар*, түрікмен тілінде — *үмлүк* деп аталады.

Қазіргі түркі тілдерде одағайлар зерттеліп, белгілі бір системаға темаға түскендігі сезіледі.

Одағайлардың пайда болуы тілдің өзімен тығыз байланысты, өйткені адамның көңіл-күйін, сан түрлі сезімін сөзбен айтып жеткізе алмаған жағдайда, тек қана одағай сөздерді қолдану арқылы, дәл түсіндіре алады. Одағайлар адам баласының өзі және оның жасаған орталығы, жан-жақтағы құбылыстармен қарым-қатнасының нәтижесінде пайда болған. Ол— ауыр еңбек-те, жаңашырлық жағдайда, қайғы-қасіретте, жүрек жібітерлік сезімде, қуанышта айтылып қалыптасқан сөздер. Сондықтан одағайлар тілімізде ежелгі дәуірлерден бері қолданылып келе жатқан тарихи категория бблып есептеледі. Одағай сөздерді кө-не жазба ескерткіштердің қай-қайсысынан да

кездестіре ала-мыз: *a, анант a! ай, o! аһ²*. Сол сияқты ХІ ғасыр ескерткіштерінде *a* одағайы таң қалушылықты білдірген *Ул мени а қилди* (ол мені *a* дегізді), *вой* — одағайы қиналуды білдірген, ал қар сылықты, наразылықты білдіру үшін *ав, ай, во, е* одағайларын, разылық пен жауап ретінде *ува* — одағайын, ал ұялу опынуда — *ю*, ескерте, қарата айтылуды білдіруде *ке, хе, ай, аё, о* одағай ларын қолданған.

Мысалы: *Аё курк тилакли киши эзгуси...
яна айда илик ай угдулмиш — о .*

Осымен қатар одағайлар құстарды және айуанаттарды шақыру қыру үшін де қолданылған: *тох-тох* — одағайы құстарды шақырту қыру үшін, *чилк-чилк* — ешкілерді шақыру үшін, *чўк-чўк* түйені шақыру үшін, *хуш* — *хуш* — сиыр сауғанда тыныштанды-ру үшін қолданылған.

Қазіргі түркі тілдерінде одағай сөздер сан жағынан көбейіп мағыналары кеңейіп, жасалу тәсілдері дамығандығы байқалады. Салыстырылған тілдерде бірсыпыра одағайлар өзінің мағынасы және тұлғасы бойынша ұқсас, ортақ болса, қалғандары әрбір тілдің даму процесінде пайда болған. Сондықтан кейбір тілдер-дегі одағайлардың құрамында ортақ ұқсастықтан гөрі өзгешеліктер де көп екендігі сезіледі. Бұл — табиғи нәрсе, өйткені ода-ғай сөздерге әрбір халықтың өзіндік психологиясы, тұрмыс жағ-дайы, экономикасы әсер етеді.

Одағайлар — адамның әр түрлі ішкі сезімдерін, көңіл-күйін білдіретін сөздер. Осымен қатар, адам тек өз сезімін білдіріп қат на қоймайды, ол басқа біреулерге, айналадағы табиғатқа, ай-уанаттарға да қаратылған өзінің көңіл-күйін білдіру үшін қол-данылады. Салыстырылған тілдердің қай-қайсысында болса да, одағайлардың түрі де көп, көлемі де кең екендігі сезіледі; пікір-дің мақсатына қарай пайдаланылады. Одағайлар кейде бір ды-быстан, немесе бір сөзден құралса да, дәл мағынаны беріп, ай-татын пікірді, әсерлі етіп көрсетеді.

Мысалдар: *Ә!.. Ә! Доңызға таяқ қана өтеді деген бар зой. Е, сорлым-ай!* — деп басын изеді (Ә. Нұрпейсов) — *Кәл, кәл, кәл!* — жоқ, қыран қайырвшар емес. Оны үлкен тіршілік толқы-ны айдап әкетті (Ғ. Мүсірепов) — қаз.

Пай-пай-пай, эмне деген казана! — *Әх, биз жаңылышкан тур-байбызбы, оң жакка түшүп кеткен экенбиз, бул жерде бөлөк айыл бар.*

— *Өш! ой, талаада калгыр, өш!* (Т. Сыдыкбеков.) — Қырғ. Хай-хай қандай бахтли киши экансан! *Тавба, на улиги, на ти-риги ма'лум* (Ойбек) — *Бай-бай! деди Хатиб дамла...* (А. Қо-дирий.)

Салыстырылған тілдерде білдіретін мағынасына қарай ода-ғайлар қазақ тілінде *көңіл күй одағайлары, ишарат одағайла-ры²* немесе *көңіл-күй одағайлары, императивтік одағайлары, тұрмыс салт одағайлары³*, қырғыз тілінде *сезимди билдирүүчү сырдык сөздөр, эркти билдирүүчү сырдык сөздөр, турмуштук мамилени билдирүүчү сырдык сөздөр⁴*, өзбек, ұйғыр тілдерінде *хис-туйғу ундовлари, буйруқ— хитоб ундовлари⁵* болып бөлі-неді.

Одағайлар негізгі және туынды болып екіге бөлінеді, негізгі одағайларға қазақ тілінде: *ау! па! ей әй! е! уа! уау! уай! пай! ә! о! оһо! ой! әй! йе! аһа! ау! беу!* т. б.

Қырғыз тілінде: *а! о! э! и! ох! өх! эх! ай! әй! ой! я! ту!* т. б.

Өзбек тілінде: *а! о! э! и, е! х, о! әй! ^а! оҳ! вой! воҳ!* т. б.

Туынды одағайлар о баста мағыналы сөздермен байланысты болса да, қазіргі тілдерде одағай сөздерге айналып кеткендігі байқалады. Туышды одағайларға қазақ тілінде *мәссаған, б.әре-келді, әттеген-ай,- жаракімалла, масқарай, опырмай, ойпырмай, о тоба, о дарига* т. б.

Қырғыз тілінде — *жаша, кашайгыр (көзің шыққыр) барекел-де, ассаламу алейкум, ишалла, ырақмат, кайыр, бали* т. б.¹

Өзбек тілінде: *ё раббий! э, худо! ё аллох! офарин, балли, рах,-мат, салом, баракалла, афсус* т. б.²

Бұлардан басқа одағайлар қосарланып, қайталанып та ай-тылады: *э-э, бай-бай, ия-ия, ха-ха, а-а-а, и-и, хо-хо, вой-хой*³. Бұндай қайталана, қосарлана айтылу басқа тілдерде де қолданылады.

Мысалдар: *желігуден жалықты жаным менің, сап-сап көңілім, лепірме, тоқта, тоқта!* (Қ. Аманжолов.) *Әлди-әлди, ұйқта, жаным, бөпешім, жылдағыдай үйде жоқ қой көкешің* (Х. Ерға-лиев) — «Қазақ тілінің грамматикасынан».

Бай-бай, унинг ялқавлиги, амма тил деген бир кулоч. (Ой-бек.) *Хов-хов, кетки дедиларми.* («Қоз. узб. адаб тили».)

Одағайлар сөйлемнің құрамына еніп, айтылатын пікірдің эмоциональдығын күшейтеді, оның әсерімен сөйлем экспрессивтік түрге енеді. Бұндай жағдайда сөйлемнің интонациясы езгеше көріністе болады: сөйлемнің диапазоны кеңейіп, оның интенсивтігі өседі.

Модаль сөздер қазақ тілінде сөз таптарының қатарына кір-мейді, ал қырғыз тілінде бөлукчөлер менен модаль сөздер⁵ қарақалпақ тілінде де жанапайлармен бірге қаралады, өзбек, ұйғыр тілдерінде модаль сөздер дербес сөз табы болып саналады. Модаль деген термин латын тіліндегі «модус» (меры, способ) деген сөзінен алынған. Салыстырылған тілдерде модаль сөздер дербес сөз табы болып қаралса да, тіпті қаралмаса да, барлық түркі тілдерінде модаль сөздер бар екендігі анық. Олар сөйлемде айтылған ойдың мазмұнына, болған шындыққа айту-шының кезқарасын білдіреді.

Жалпы тіл ғылымында сөйлемнің модальдігін объективті модальділік, субъективті модальділік деп қарайды. Ал сөйлемнің модальділігі сан алуан экспрессивтік және эмоциональдықпен байланысты болып келеді. Модаль сөздер сөйлемнің құрамына енгенде, оның анықтығын кәрсетумен қатар күмәндылығы, бол-жалдылығын -да білдіреді. Бұндай сөздерге қазақ тілінде *мұм-кін, шамасы, рас, әрине, тәрізді, сияқты, әлбетте, бәлкі.*

Қырғыз тілінде — *әлбетте, арийне, балким, мүмкүн, ықты-мал, чамасы, болжолу, сыяғы, кыязы, чындығында, ырас, сөзсүз, шексиз, керек, тийиш, көрүнөт, чыгар, окшойт, өндөнөт, сыяктуу, шекилдүү, имиш, дейм.*

Ўзбек тилинде — *албатта, дархақиқат, ʼақиқатан, шубʼасиз, эх.тимол, шекилли, балки, афтидан, ʼойнаʼой, чоғи, чамаси* т. б.

Ўйғыр тилинде — *шубһисиз, шарт, шаксиз, чоқум, элвәттә, сөзсиз, әтималим, әпсуски, әксичә, әттәң, әсли, еһтимал, бәлки, керәк, бар, йоқ, яқ, йоғуси, болар, болиду, болмиса, ваһаләнки, гоя (гояки), дәйду, демәк, екән (емиш), илайим, ейтмақчи, қис-қиси, көрүниду, лазим, мүмкин, мәйли, ниһайәт, охшайду, раст, тоғра, тегши, тәбиий, дәрһәқиқәт, һәқиқәтән, чоқум, чамиси, че-ғи, санилиду, һесаплиниду, жумлидин, биринчидин, иккинчидин, ахир, хусусән, мәсилән* т. б. жатады.

Бұл модаль сөздерді бір-бірімен салыстырып қарасақ, бар-лық тилде бар ортақ және бірінде болса, екіншісінде қолданыл-майтын сөздерді де кездестіруге болады. Дегенмен көпшілік модаль сөздер анықтауды талап етеді, оны көмекші сөздермен немесе қыстырма сөздермен араластыруға болмайды. Модаль сөздер — мағыналық-грамматикалық жағынан да өздеріне тән ерекшеліктері бар сөздер тобы, модаль сөздер туралы зерттеу-лер де аз емес⁴. Салыстырылған тилдерде қолданылатын — мүмкін — мумкин — мүмкүн (қаз., қарақ., қырғ.) *әлбетте* — *ал-батта* — *әлвәттә*; *рас* — *ырас* — *рост* — *раст*; *секілді* — *шекилли*; *шамасы* — *чамасы* — *чамаси*; *ықтымал* — *әʼтимол* — *еһтимал*; *бәлкі* — *балки* т. б. сияқты сөздер жалпы ортақ болса, *дрине, шығар, кыязы, чоқум* т. б. сөздер тек сол тилде сөйлеушілерге ғана түсінікті. Модаль сөздердің құрамында кәштеген араб тілінен кірген сөздер бар, көпшілігі салыстырылған тилдерге ортақ, ал өзбек, ұйғыр тилдерінде кейбір басқа тилдерде кездес-пейтін араб-парсы сөздері ұшырайды (*дарʼақиқат, ʼаптидан, ʼойна-дой* — *аслида* т. б.).

Мысалдар: *мүмкін көп олжамен ырғап-жырғап жете алмай келе жатқан шығар.* (Ә. Нұрпейісов.) *Көпей, әрине, Жұманның ендігі бет алысын ертерек абайлағалы шығып тұр.* (Ғ. Мүсіре пов.) *Рас, Ділдің Абай сүйіп қайтқан жоқ.* (М. Әуезов.) *Тегі, сол мында келмеген болды.* (Ғ. Сланов.) — Қаз.

Әлбетте, егиске хәм хеш адамның мениигине зыяны тимей-ди. Адам адамға ұқсайды, ол итимал. (Ж. Аймурзаев.) *Әйтеуир, усы кунлери лап сөзде, көпфирме сөзлерде көбейип баратыр.* (С. Сейітов.)—Қарақ.

Чындығында, Алым мынадай түш көргән эмәс. (Қ. Жантөшев.) *Ырас, биз алдыменен ал көлдүн сырын билгенибиз жок.* (Н. Байтемиров.) *Сыяғы, сиздин әлден болса керек.* (Қ. Баяли-нов.) *Кыязы, анын иши жакшы көрүнөт.*— Қырғ.

Сиз бу гаплардан беҳабарсиз, албатта. (А. Қаххор.) *Қой-нахой, меникига тушмасдан кетмассан Мусобақада ютқазиб куйганингиз учун аламингизга чидолмай юрибсиз чоғи (у.)*—< «Ўзбек тили грамматикасидан».

Модаль сөздердің саны айтарлықтай көп болмаса да, атқа-ратын қызметі ете маңызды. Модаль сөздер айтылатын пікірдің бағытына, ыңғайына қарай қолданылады да, сөйлемнің экспрес-сивтігін күшейтеді. Сондықтан модаль сөздердің құрамы түрлі-ше болып кездеседі.

Әлбетте — *албетте, дрине* — *арийне, рас* — *ырас, сөзсиз* — *сөзсүз, шынында—чындығында* (қаз., қырғ.); *дарʼақиқат, ха-қиқатан, албатт, шубʼасиз, шаксиз, сусиз, табиий* т. б. (өзб.-) еияқты модаль сөздер айтылған

пікірдің анықтығын көрсету үшін қолданылады | *Тузри, қиз боши билан уни қидириб кел-майди* (С. Анорбаев) —өзб. *Догры, вагтымматлы зат* (Г. Сейтмәдов.)

Салыстырылған тілдерде модаль сөздің *мүмкін, шамасы,- төрізді, сияқты, бәлкім, шығар* т. б. түрлері айтылған пікірдің анық екендігіне кезі жетпегенде, күмән келтіргенде, шамалағ-анда айтылады.

Бет бітімі аумаған дкесінікі сияқты. (С. Сейфуллин.) *Жо~ мартты жек көрмейтін тдрізді.* (Ғ. Мұстафин.)—Қаз. *Балким, Супахан адатынча мени ушактаганы чыгар.* (Қ. Жантешев.) *Мүмкүн менден бир аз айбы гар* (Қ. Қаймов.)—қырғыз;

— *Қа, яна бир таъзирингни берадиган* булдим, *чамаси!* (Ұй-гун). *Узунгизни танитсангиз, э^тимол бирон қариндошйнгиз чи-қиб қолар эди.* (А. Қа^қар) —Өзб.

Салыстырылған тілдерде **көмекші сөздердің** зерттелу объектісі бірдей болуына қарамастан, бірінде кумакчилар *туркуми, боглавчилар туркуми, юкламилар түркими*² болып әрқайсысы жеке сөз табы ретінде, екіншісінде бұлардың барлығы бірігіп, көмекші сөздер деген сөз табының ішінде қаралады. Ал кара-қалпақ, қырғыз, түрікмен тілдерінде көмекші сөздердің ішіне модаль сөздер де | одағайлар да ² кіреді. Оның үстіне көмекші сөздер, әсіресе септеулік шылауы, модаль сөздермен, үстеулер-мен де араласып жүреді. Қысқасы, барлық салыстырылған тіл-дерде көмкші сөздер сө бен сөздің, сөйлем мен сөйлемнің арасындағы қатынасты білдіру үшін, немесе сезге қосымша ма-ғына беру үшін жұмсалады. Түркі тілдерінде көмекші сөздер өз алдына дербес мағынаға ие емес, тілдердің даму, қалыптасу процесерінде о бастағы мағыналарын жойып, абстракцияла-нып кеткен. Бұндай көмкші сөздерге *септеуліктер, жалғаулытар және демеуліктер жатады.*

Септеуліктер карақалпақ тілінде *тиркеуиш сөзлер*, қырғыз тілінде *жандоочтор*, өзбек тілінде кумакчилар, ұйғыр тілінде *тиркэлмиләр*, түрікмен тілінде — *сөз соңы көмекчилер* деп аталады.

Түркі тілдерінде септеуліктер көптеген зерттеушілердің на-зарың өаіне аударған³. Оның үстіне септеуліктер демеуліктер мен жалғаулықтар сияқты жалғанатын сөзіне қалай болса, со-лай қарамайды, керісінше, атауыш сөздердің арнаулы грамма-тикалық формада түруын талап етеді.

Мысалдар: *балапандарын соңына ертіп көлден қайтқан қаз-ға ұқсап, балаларын шұбыртып ертіп Әмина ұлкен жолға қарай жөнелді. Сайды толтырып, қырманға жайыла бастаған су бала-лар үйінің іргесіне дейін жылысып келіп қалыпты.* (Ғ. Мүсірепов.) *Оған завод жақтан алты адам келді. Әрине, Балаубай ақсақал есігінің алдында күтіп тұр.* (Ғ. Мұстафин) — қаз.

Раушан менен жолдаслары машинаның келуин күтип турды. Айнаның тұсында Қамекбайдың көпеги үрди де турды (Ж- Аймурзаев) — қарақ.

Дал ушул учурда Калдар бардык сезимин жоготкон сыяктуу эле. (Қ. Жантөшев.) *Кыныр иш кырк жылдан соң билинет* (ма-қал). Мындан ары жүре албай калдым. (Т. Сыдыкбеков.) *Сен-ден башка менин жакын кишим жок* (Я. Шиваза) —қырғ.

Бир хафтадан кейин соғайиб яна ишга тушиб кетди. (П. Тур-сун.) *Утам онасининг қошига бориб, ранжиган товуш билан су-ради.* (Ойбек)—Өзб.

Үзүмгүл паракатчылық хақында макала язды. Какам Жерен үшін тәзе китап гетирди. Ашыр Эсен билен ылгаиды. («Түркмен дили») — түрікм.

Салыстырылған тілдерде септеуліктер езінің мағынасы мен атқаратын қызметі жағынан бір-біріне ұқсас, яғни өзгешелігі-нен гөі жақындығы күшті. Бірақ өзбек тілінде *араб-парсы* тіл-дерінен бірқатар септеуліктер кірген, олар өзбек әдеби тілінде кеңінен қолданылады. *Қиз чор — атраф сари қаради.* Бахо *ка-би* тулиб *боради, ха күн гулдай* булиб *боради* (Х. Олимжон) т. б.

Қазақ тілінде сөдерді атау формада меңгеретін септеулік-тер: *арқылы, бойы, бойда, бойынша, жайында, жайлы, жөнінде, сияқты, секілді, тәрізді, туралы, сайын, үшін* |

Қырғыз тілінде *атооч жөндөмөсү менен айкашуучу жандооч-тор²* менен, *бинен, үчүн, аркылуу, сыяктуу, тууралуу, шекилдүү, бойдон, жөнүндө, боюнча, сымак, сөрөй, чалыш, бою, сайын.*

Өзбек тілінде *бош келишиқдаги суз билан бирга* қулланади-ган кумакчилар³ билан, *учуң, қадар, орқали, сайин сари, бұй-лаб буйинча, узра.*

Ұйғыр тілінде *баш келиштики сөздәр билән келидиган тир-кәлмиләр; билән, үчүн, бойи, арқилиқ, тоғрилиқ, илгири, сәвәпли, һәққидә, шәклидә, бирликтә, кейин* т. б.

Түрікмен тілінде — *хақында, догрусында, барысында, билен, биле* т. б.

Кейбір сөздердің жалпылық,- ортақтық қасиетке ие екендігін салыстырып керейік: *арқылы — аркылуу — орқали — аркилик; бойынша — боюнча — буйинча — бойи; секілді — шекилдүү — шәклидә; жөнінде — жөнүндө* т. б.

Қазақ тілінде сөздерді барыс септік формасында меңгеретін септеуліктер: *дейін, шейін, деген, деп, қарап, қарсы, салым.*

Қырғыз тілінде — *барыш жөндөмөсү менен айкашуучу жан-доочтор⁴* чейин, *дейин, дейре, жараша, жете, карата, карай, ка-раганда.*

Өзбек тілінде — *жуналиш, келишигидаги суз билан бирга* қулланадиған кумакчилар: *қадар, томон, қура, қараб, яраша*

Ұйғыр тілінде — *бериш келиш формасидики сөзләр билән кели-дигән тиркәлмиләр* ' *қәриганда, қәдәрЦйеқин, охшаш, қарапЦта-ман, нисбәттән, муватиқ, бенаән* т. б.

Түрікмен тілінде- *гаранда, середенде, гөрә гаршы, бака* т. б.

Кейбір жалпылық, ортақтық қасиетке ие болған септеулік-терді салыстырып көрейік: *шейін — шейин, чейин; дейін—дейин, қарап — карата — қарай — караганда — қараб — қарап — га-ранда* т. б.

Қазақ тілінде сөздерді шығыс септік формасында меңгеретін септеуліктер: *бері, кейін, соң* ³.

Қырғыз тілінде — *чыгыш жөндөмөсү менен айкашуучу жан-доочтор мурун, соң, кийин, ары, бери, илгери, тышкары, баш-ка, өзгө, көрө, баштап, тартып.*

Өзбек тілінде — чиқиш келишигидаги суз билан бирга қул-ланадиган кумакчилар *баиқа, таиқари, узга, илгари, бурун, аввал, олдин, кейин, сунг, бери*.

Ұйғыр тілінде чиқиш келиш формисидики сөзләр билән келидиған тиркәлмиләр: *баиқа//өзгә//бөләк таиқири, нери, бу-руниАвал/ИлгириЦбери, буян, баишланЦтартин, көрә, артуқ* т. б..

Түрікмен тілінде — *өң, соң, овал, озал, бәри*.

Кейбір жалпылық қасиетке ие болған септеуліктерді салыс-тырып көрейік: *бері — бәри; кейін — кейин — кийин; соң — сунг; тысқары — тышқары — таиқари — таиқири; бұрын — мурун — бурун; ілгері — илгери — илгари — илгири* т. б. Салыстырылған тілдердің ішінде септеуліктер ілік септігін (ұйғыр тілі), табыс; жатыс септігін (қырғыз тілі) меңгеріп келетіндігі айтылған⁶. Септеуліктер көпшілігі о баста дербес мағыналы сөздерден шыққандығы оның этимологиясынан сезіліп тұрады. Бұл тура-лы көптеген ғалымдардың пікірі бар. Қазіргі түркі тілдердегі *мен (бен, пен) менен, билән септеуліктері* о бастағы *бирлен (бир+ла + н)* сөзінен шыққан; *үшін — ушын — үчүн — учун* сеп-теуліктері *уч + ун* деген екі составты сөз, *бірі — уч* нәрсенің *ұшы*, ал *ун* — ескі тілдерде инструментальдық септік жалғауы деп қаралады. Сол сияқты — *арқылы — арқалы — арқылуу — арқали — арқилин* септеулігі *арқа* зат есіміне *ли* аффиксінің қосылуымен *арқа+лы; туралы (тура<тугра+лы); секілді* араб-тың *шekl — шакил* деген сышаты, түрі деген мағынадағы сөз-ге — *ли* аффикс қосылған. Басқа септеуліктер жөнінде де осыны айтуға болады⁷. Септеуліктердің келіп шығуы неғұрлым ертедәуірлерге тиісті болса, онда жалпылық, тектестік күшті бола-ды. Ал керісінше ұлт тілдерінің соңғы дәуірлеріне тиісті болса, ұқсастықтан гөрі, айырмашылық, өзгешелік көзге түседі. Бұл — жеке тілдердің өз дамуына сәйкес болатын құбылыстар.

Септеуліктер мағынасына қарай қазақ тілінде төмендегі топ-қа бөлінеді: 1) мезгіл — мекен мағынасындағы септеуліктер: *дейін, шейін, бойы, бойында, таман, салым*. 2) Амал мағыналы септеулер: *бойынша, бірге, қабат, қатар*, 3) Мақсат мағыналы септеуліктер: *үшін деп*, 4) Қатыстық мағыналы септеуліктер: *туралы, жөнінде, жөніндегі, жайлы*, 5) Теңеу жалғау мағыналы септеуліктер: *сияқты, секілді, тәрізді*-. Септеуліктердің мағынасы жағынан бұлай бөлінуі басқа түркі тілдерде де кездеседі.

Бұған қосымша түрікмен тілінде біргелік мағынасын білді-руші *билен, биле* септеуліктері алынады.

Жалғаулықтар қарақалпақ тілінде *дәнекерлер*, қырғыз тілінде *байламталар*, өзбек тілінде — *боғловчилар*, ұйғыр тілінде — *бағлиғучилар*, түрікмен тілінде — *бағлайжы көмекчилер* деп аталады.

Түркі тілдерде жалғаулықтар өз алдына қалыптасып, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыру үшін қолданы-лады.

Мысалдар: *Берден біресе атанын жұлмалап, біресе қозыла-рына жүгіріп абыржып қалды. Әлде, өзі бүктеп бүріп алған түлкінің төсін сұрай ма, әлде, алдырмай кеткен бір түлкіге ыза-сын шаға ма, әйтеуір қыранда тыныштық жоқ.* (Ғ. Мүсірепов.) *Егер Айбала болмаса, Мүсәпір үй болудан қалған болар*

еді. (Ә. Әбішев.) *Ал ендеше мен атымды мынау тастың ар жағына тұсап тастайын* (М. Әуезов) — қаз.

Уқтам уз колхозига элтадиган йулда тухтади, бирақ қайрил-гиси келмади. (Ойбек.) *Эрматжон самоварни тортиб олади-да, баркаши билон бошига куяди. Лангар чупдан х.ам бир қулини олиб, бушаган бир кули ва бир оёгини хавода муаллақ уйната-ди.* (Мир-Мухсин) — Өзб.

Өзбек әдеби тілінде қолданылатын *аммо, лекин, ёхуд, ёинки, Гох.-гох., дам-дам, дам-бадам, базъан, на-на, гар, чунки, х.олбу-ки, вахоланки, башарти, ки, ким* сияқты жалғаулықтардың бір-сыпырасы ұйғыр тілінде қолданылады, ал басқа тілдерде кез-деспейді.

Қазақ тілінде көп кездесетін жалғаулықтар *әрі, да, де, та, те, және, мен (бен), пен, ал, алайда, әйтпесе, әйтпегенде, әйтсе де, бірақ, дегенмен, онда да, өйткенмен, сонда да, әлде болмаса*

Демеуліктер қарақалпақ тілінде *жананайлар*, қырғыз тілінде *бөлүкчөлөр*, өзбек тілінде — *юкламалар*, ұйғыр тілінде — *уланмилар*, түрікментілінде — *гошылма* деп аталады.

Түркі тілдерде демеуліктер өздерінің о бастағы мағынасы-нан алшақтап, тек қана негізгі сөздерге. қосылып, оларға қо-сымша мағына береді.

Демеуліктер алғашында дербес мағыналы сөз болған. Бірақ көп уақыттардың өтуімен қазіргі тілдерге көмекші сөз есебінде келіп жеткен'. Демеуліктердің көпшілігі тұлғасы мен, қызме-тіне қарай бір-біріне ұқсас, ортақ болып келеді. Демек, деМеу-ліктердің о бастағы дербес мағынасында дәл түркі тілдерінен келіп шыққандығын білдіреді. Бірнеше демеуліктерді салысты-рып көрейік:

гой (қаз., қарақ.), *го* (қырғ.), *ку* (өзб.) *гу, қу* (ұйғ.), *шы, ші, ши* (қаз., қарақ.), *чи* (өзб.), *чу* (уйғ.)

ма//ме, ба//бе, па//пе (қаз., қарақ.), *ми* (өзб.), *му//ма* (уйғ.), *мы, ми* (түрікм.).

гана (қаз., қарақ.), *гана* (қырғ.), *гина, қина, кина* (өзб.), *да//де, та//те* (қаз., қарақ.), *да* (қырғ.), *да* (өзб.), *ду//ту* (ұйғ.), *да//де* (түрікм.), *ақ* (қаз., қарақ.), *оқ* (өзб.) т. б.

Түркі тілдердегі демеуліктерді салыстыру арқылы олардың жалпы ұқсастығы және тектестігімен қатар, өзгешеліктері де жоқ емес. Бұндай өзгешеліктер тілдердің даму процесінде пай-да болады, ескісі жоғалады, оның орнына жаңа демеуліктер қолданылады, болмаса басқа тілдерден келіп кіреді. Бұл процесстер өте ақырын, бірте-бірте болып жатады, өйткені дербес мағыналы сөздер демеулікке айналу үшін көп дәуірлер керек болады. Кейде керісінше бір дәуірлерде жиі қолданылған де-меуліктер кейбір тілдерде қазірде сақталып, басқаларында қол-данылудан шығып қалған. Мысал үшін салыстырылған тілдер-дің ішінде ұйғыр, түрікмен тілдерінде қолданылатын — *ла* дә-некерін алайық. Бұл — *ла* дәнекері қазіргі қазақ, қарақалпақ, қырғыз, өзбек тілдерінде қолданылмайды; бірақ кене түрік тіл-дерінде дәнекер түрінде кездеседі. Махмұд Қашқари «Девону луготит түркте» -*ла* дәнекерінің қызметіне тоқтайды. *Ол бар-дыла* (ол сөзсіз* барды), *ол келділа* (оның келгені анық) С. Муталлибов — «*ла*» дәнекері Навои шығармаларында, Э. Фазылов XIV ғасырдағы Хорезм ескерткіштерінде қолданыл-ғандығын дәлелдейді.

Лабинг фикри бағримни қон қилди — ла
Чу қон қилди куздин равон қилди — ла
Табуб оз бахтын алгина лә кәтәрғи

А. М. Шербак оның XIV—XVI ғасыр тілдерінде қолданыл-ғандығын көрсетеді В. Л. Котвич — *ла* дәнекерінің осындай мағынада монғол тілдерінде де бар екендігін айтады.

Қазіргі түрікмен, ұйғыр тілдерінде — *ла* дәнекері тұлғасын да, қызметін де сақтап қалғандығын көреміз.

Мысалдар: *Ай-ёк-ла*. Пикир эдемоқ — *ла...*— *хава-ла*, *Гурбан* (Г. Сейитмәдов.)—түрікм.

Шу вақиттила партияның һәқиқи ярдәмчиси болалайсән, жи-гинда бәшла адғм болди. (И. Мусазаев.) —Ұйғ.

Салыстырылған тілдерде демеуліктер лексика-грамматика-лық мағыналарына қарап, қазақ тілінде — 7 түрге⁵, қырғыз тілінде 11 түрге, өзбек тілінде — 6 түрге бөлінсе де, зерттелу объектісі бір-біріне жақын. Осылардан кейбіреулеріне тоқта-йық: қазақ тілінде — сұраулық, шектік, нақтылық, күшейткіш, болжалдық, болымсыздық, қомсыну болып бөлінсе, осы тілдегі екінші бір еңбекте 6 түрге бөлінген⁷, ал қырғыз тілінің грамма-тикасында 11 түрге бөлінген⁸ чектегіч белүкчө (*гана, эле*), анықтагыч — тактагыч бөлүкчө (*да, дагы, деле, дале, нах, нак, куду, кап, так, дал*), сурама белүкчө (*ээ, ыя*), *болжолдомо-су-рами* бөлүкчө (*бейм, белем*), күмөндүү бөлүкчө (*го, миш*), *жалыныч-бөлүкчө* (*гой*), *күчөткүч бөлүкчө* (*эң, өтө, абдан, түк, чымкый, дегеле, аябай, аябаган//аябагандай, тим эле, жөн эле*) *тангыч бөлүкчө* (*эч*), *ырастагыч бөлүкчө* (*ооба*),— деги бөлүк-чөсү, кана бөлүкчөсү.

, Сол сияқты өзбек тілінде — суроқ *ва таажжуб юкламалари* (-ми, -чи-а-я); *кучайтирув ва таьқид юкламалари* (-ку-у-ю-да оқ-ёқ-ки, ахир-хатто, х.аттоки, нах.откй); *айирув ва чегаралав юкламалари* (-гина-кина-қина, фақат, фақатгина, ёлғиз); *аниқ-лов юкламаси* (*худди*), *гумон юкламаси* (-дир), *инкор юкламаси* (*на...но*), ал өзбек тілінің басқа ғылыми грамматикасында демеуліктер тек қана 5 түрге бөлінеді. Ал ұйғыр, түрікмен тіл дері демеуліктерді мағынасына қарап бөлмей-ақ, әрбір демеуліктердің өзіне тоқтайды.

Мысалдар: *Егер ісіңді реттеймін деп тұрса ше?* («Қазақ тілі».) *Қап, мына шақ мені жеңді ау.* (Ұ. Мүсірепов.) *Өлең мен ән ырысын тауыпты-ау.* (М. Әуезов.) *Қайтқаннан кейін де, ылғи ер-темен тұрғанда, осы гимнастиканы істеуші еди* (С. Сейфуллин.) *Қөптің талқысы қиын зой* (Б. Майлин.)— қаз.

Қун куришларингчи? (Дж. Шарипов.) *Сизнинг икки углин-гиз бор а?* (А. Мухтор.) *Ах., қандай сулим кеча — я* (Ойбек) — өзб.

Мән язимәнму? — Ичсәңчу, Надя.—Сәнчу? Сөз арисида ким-ду күлүп сориди. (И. Мусазаев.) *Мән өзәм барайла; мәйлила, барса барсун* («Уйғур тили») — ұйғ.

Жалпы алғанда, түркі тілдердегі демеуліктерді салыстырып зерттеу — демеуліктер. туралы болған пікірді кеңейтіп, толықтырып, анықтап отырады

8-лекция. Түркі тілдері синтаксисінің зерттелуі

Жоспары:

1. Түркі тілдері синтаксисінің зерттелуі
2. Синтаксис және оның объектісі.
3. Түркі тілдерінде сөз тіркесі және сөйлемнің зерттелу мәселелері

Тірек түсінік: Түркі тілдері синтаксисінің зерттелуі жөнінде. Синтаксис және оның объектісі. Синтаксистің негізгі объектісі - сөйлем. Сөйлем және оның негізгі белгілері. Сөз тіркесі синтаксисі. Түркі тілдерінде сөз тіркесінің зерттелу мәселелері. Сөз тіркесінің жалпы сипаттамасы. Сөз тіркестерінің құрылысы, сөз тіркестерінің сатылары, ортақтаса байланысуы.

XX ғасырдың 20 жылдарына дейін жалпы түркі тілдерінің лексикасы, фонетикасы және морфологиясына қарағанда, оның синтаксисінің аз зерттелгені байқалады. Бұған қарамастан, бізде де, шетелдерде де түркі тілдерінің синтаксисіне арналған біршама еңбектер бар. Бұндай зерттеулер осы күнге дейін өз құнын жоғалтқан жоқ. Бұл еңбектердің ең алғашқысы —М. А. Казем-Бектің «Общая грамматика турецко-татарского языка» (Казань, 1846) деген кітабы болып есептеледі. Бұл жөнінде М. А. Казем-Бек былай деген еді: «В заключение я скажу, что словосочетание турецко-татарского языка, хотя кажется нетрудное в своих началах, представляет обширное поле исследования для филолога. Я счастлив тем, что первым мог писать так пространно об этом предмете, может быть, не пройдет много лет, как появится на русском языке собрание синтаксических правил турецко-татарского языка полнее, подробнее моего: от искреннего сердца желаю полного успеха моим последователям на сем поприще».

М.А. Казем-Бек синтаксиске арналған бөлімін «Сөз тіркестері» деген атпен бастайды да, онда сөздердің байланысу, тіркесу тәсілдері және сөйлемдердің байланысуы мен фразаның құрылысы қаралатындығын баяндайды. М.А. Казем-Бек синтаксистің объектісін анықтай келіп, әрбір тілдің сөз тіркесі этимологиямен логиканы байланыстыру, біріктіру тәсілі болып есептеледі. Сондықтан сөз тіркесі де, сөйлемдерде өз ара байланысы этимологиялық және логикалық жақтан қаралуы тиіс деп көрсетеді. Автор сөйлемді синтаксистің ең негізгі бөлімі деп қарап: «Суждение о предмете, посредством сочетания несколько слов они называются джумлә немесе фраза»,— деп қарайды. Сөйтіп, М.А. Казем-Бек грамматика мен логиканы, пікір (суждение) мен сөйлемді теңестіреді.

«Алтай тілінің грамматикасында» жай және құрмалас сөйлем зерттеледі. Сөйлем болудың басты шарты ретінде «ең қысқа деген жай сөйлем бастауыш пен баяндауыштан құралуы керек» деп көрсетті. Бұл тек тұрлаулы мүшеден құралса ғана сөйлем болады деп қараудан келіп шыққан.

«Алтай тілінің грамматикасында» сөйлемнің бас мүшелері бастауыш, баяндауыш және оның функциялары, қандай сөз таптарынан жасалатындығы, сөйлемдегі орны қаралады. Сөйтіп, алтай тілінің бұл грамматикасы синтаксистің зерттелу объектісін анықтап, белгілі жүйеге түсірді.

П.М. Мелиоранскийдің «Қазақ-қырғыз тілінің қысқаша грамматикасы» деген еңбегінің екінші бөлімі синтаксис мәселелеріне арналған. Синтаксис бөлімі төрт тараудан тұрады: бірінші тарауында — жай сөйлемнің кейбір мәселелері қаралады, екінші тарауында - етістіктер, олардың қызметі, етістіктердің көсемшеге айналуы туралы айтылады, есімшелердің анықтауыш және қимылды білдіріп келуі, етістіктің күрделі түрлері, тұйық райлы етістіктің қолданылуы туралы, ал төртінші тарауында.— демеуліктер (болымсыз және сұраулы) жайында, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі туралы айтылған жалпы, морфологиялық категориялардың синтаксистік қызметі есепке алынады.

П.М. Мелиоранский сөйлем туралы былай дейді: «при плавной спакойной речи (например, при неторопливом рассказе о чем-нибудь) простые предложения состоят по крайней мере из двух членов: подлежащего и сказуемого; как подлежащее, так и именное сказуемое стоит в именительном падеже, и подлежащее стоит обыкновенно перед сказуемым». Автор бұдан соң бастауыш пен баяндауыштың бір-бірімен байланысу тәсілі, қандай сөз таптарынан жасалатыны туралы мағлұмат береді, осымен қатар бұл тарауда септік жалғаулардың синтаксистік қызметіне де тоқтайды.

Қорыта айтқанда, П.М. Мелиоранский бұл еңбегінде тек синтаксистің кейбір мәселелеріне ғана тоқтайды. Бұнда сөйлемнің және сөз тізбектерінің де анықтамасы жоқ. Автордың пікірінше, бастауыш пен баяндауыштың қатар келуі жай сөйлемнің негізгі критериясы болып есептеледі. Сондықтан анықтауыштан басқа сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері жөнінде де еш нәрсе айтылмайды. П.М. Мелиоранскийдің өзі де былай деп жазады: «Цель этой второй части моей грамматики заключается не более как в том, чтобы познакомить читателя в сжатой форме с синтаксическим строем казах-киргизского языка и разъяснить на примерах наиболее нужные правила, которыми следует руководствоваться при употреблении различных форм и составлении предложения».

Бұлардан басқа да революцияға дейін түркі тілдерге арналған еңбектердің қайсысында болмасын сөйлем логикалық, психологиялық байымдаумен (суждение) қатарласып, ұштасып қаралғандығын көреміз. Сондықтан да сөйлемнің негізгі шарты-бастауыш пен баяндауыштың болуы деген сөз — логикалық байымдау үшін субъект пен предикаттың керектігі сияқты болған еді. Сөйлемге осылай психологиялық, логикалық көзқараспен қарау сөйлемнің грамматикалық функциясын ашуға зиянын тигізді, өйткені логикалық байымдау пікірдің болғанын немесе болмағанын көрсетеді. Бұл жөнінде логиктер былай дейді: «суждение — есть мысль, в которой утверждается или отрицается что-либо о чем-либо», «элементами суждения являются субъект, предикат и связка». Субъект байымдайтын нәрсе туралы түсінік береді, ал предикат сол субъект туралы пікір болатынын немесе болмайтындығын білдіреді. Байлам (связка) предикаттан білінген ой байымдауға (суждению) тән бе, тиісті ме, жоқ па соны білдіреді. Екінші сөзбен айтқанда, байлам (связка) байымдаудың негізгі элементі субъект пен предикатты байланыстырады, пікірдің болымды, болымсыздығын анықтауға жәрдем етеді. Міне, осылай логикалық байымдау грамматикалық сөйлемге көшіріліп,

араласып кеткені себепті синтаксистің көптеген негізгі мәселелері дұрыс шешілмеді, осының нәтижесінде сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері де, тұрлаулы мүшенің бірімен айтылатын жақты, жақсыз, белгісіз, толымсыз «атаулы» сияқты жай сөйлемдердің түрлері де зерттелмеді. Бұған қосымша, сөйлем тек байымдауды (суждение) білдіретін болғандықтан көбірек хабарлы сөйлемдерге тән болып, адамның көңіл-күйіне, эмоциясына байланысты сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлемдер зерттелмей қалды. Бұл жағдай ХІХ ғасыр үшін өте заңды, өйткені Аристотель дәуірінен бастап соңғы кездерге шейін сөйлем логикалық байымдау (суждение) мен өте тығыз байланыста қаралған еді. Сөйлем деген терминнің өзі де логикалық байымдау деген терминді білдірген. Сондықтан да бұл дәуірлердегі орыс тіл ғылымын зерттеушілер байымдаудың сөздер арқылы берілуі — сөйлем деп қаралған еді. Бұл көзқарасты қолдаушылар — Ф.И. Буслаев неміс лингвисті К- Ф. Беккер, Г.Пауль т б. болды.

Демек, бұл жағдай түркі тілдерінің синтаксисін зерттеушілерге де өз әсерін тигізді. Көп ұзамай тіл ғылымында бұндай грамматика мен логиканы жақындатып екеуін бірдей деп қарауға қарсы пікірлер де пайда болады. Олардың көпшілігі логика мен грамматиканың байланысына бүтіндей қарсы шықты. Бұлардан неміс лингвисті Г.Штейнталь өзінің «несовместимости грамматических и логических категорий» деген еңбегінде грамматикалық сөйлемге логиканың қатысы жоқ екендігін дәлелдеді. Сол сияқты А.А. Потебня да грамматикалық сөйлем логикалық байымдау мен бірдей де, параллель де емес деп көрсетті. Г. Штейнталь мен А. А. Потебня грамматикалық сөйлем тілдің құбылысы да, ал байымдау логикалық процеске байланысты екендігін дәлелдеді.

Бұл сияқты сөйлемді анықтауда тілдің белгілерін есепке алмай, оны логика-психологиялық категория деп қараудың аса дұрыс емес екендігі сезіле бастайды, көптеген тіл мамандары сөйлемнің грамматикалық критериясын іздестіреді; Ф.Фортунатов сөйлемнің грамматикалық белгісі ретінде баяндауыштық (сказуемость) қасиетін негіз етіп алды, өйткені баяндауыш жақпен, шақпен және раймен айтылатынына сүйенеді. Осыған байланысты ол Пушкин ақын сияқты сөйлемде баяндауыш жоқ деп қарап, «грамматикалық емес» деп түсінді.

А.М. Пешковский, Ф.Ф. Фортунатов сияқты сөйлем үшін баяндауыштың тұлғасы емес, ал оның мазмұны, пікірді білдіруі — сөйлемнің негізгі критериясы болады деп есептеді. Осыған байланысты сөйлемнің баяндауыштық (сказуемость) белгісі предикативтік категорияға айналып, сөйлеушінің шындыққа көзқарасын білдіретіндігі айтылды. Бұл сөйлемнің модальділігімен де тығыз байланысты екендігі көрсетіліп, интонацияның да ролін атап көрсетті.

Қорытып айтқанда, тіл ғылымында сөйлемге 300 дей анықтама берілген. Тек қана И.Рис бір ғана «Сөйлем деген не?» деген еңбегінде 139 түрлі анықтама береді. Бұл — сөйлемнің негізгі белгілерін анықтауда қаншалықты қарама-қарсы пікірлердің болғандығын дәлелдейді.

Шын мағынасында синтаксис қазан төңкерісінен кейін ғана зерттеле бастады. Синтаксистік зерттеу объектісі анықталды. Бұл жөнінде В.В.

Виноградов: Синтаксис грамматиканың бір бөлімі ретінде оның зерттелу объектісі бар — ол сөз тіркестері мен сөйлем болып есептеледі, оның өзінің ғылыми методы бар, өзінің арнаулы мәселелерін, соның ішінде сөйлемді зерттеу мәселелерін шешеді деп көрсетті.

Сөйтіп, түркі тілдерінде де ғылыми негізде синтаксисті сөз тіркестері мен сөйлемді зерттеу негізгі мәселеге айналды.

Н.К. Дмитриевтің құмық және башқұрт тілдеріне арналған грамматикаларында ол сөз тіркестерінің және сөйлемнің синтаксисте тоқталады. Н.К. Дмитриев былай деп жазады: предложение выражает какое-либо суждение, содержит какую-то новую, законченную мысль или какое-то умозаключение, а словосочетание, наоборот, «не законченная мысль, а какой-то отрывок мысли, какой-то намек на полную мысль». Сөйтіп, сөйлем дегеніміз екі үлкен тұлғаның синтезі, ол — бастауыш пен баяндауыш. Екі тізбектің бірі — бастауыш, екіншісі—баяндауыш болса, ол — сөйлем; ал бұл болмаса, сөз тізбектері деп көрсетеді. Демек, Н.К. Дмитриев сөйлем болудың бас критериясы етіп, бастауыш пен баяндауыштың түгел болуын талап етеді. Бірақ сөйлемнің түрлерін өткенде тұрлаулы мүшелердің бірі түсіп қалатындығын ескертеді. «Назывным предложением называется такое, в котором не хватает либо подлежащего, либо сказуемого и которое, однако, имеет определенную смысловую функцию. Осы сияқты пікірді Н.К. Дмитриев тағы да қайталайды: «Едва ли возможно называть такие предложения неполными на том только основании, что отдельно выраженного подлежащего здесь нет» .

Демек, бастауыш пен баяндауыштың түгел болуы сөйлем болудың ең негізгі шарты емес екендігін автордың өзі де мойындайды.

А.П. Поцелуевский түрікмен тіліне арналған еңбегінде сөйлемді байымдауды (суждение) білдіретін, логикалық категория ретінде қарайды. Предложение и другие, близкие в них по функции, словосочетания имеют своим назначением выражать суждение. Поэтому мы находим в них, в качестве их логических элементов, субъект и предикат».

Е. И. Убрятова якут тіліне арналған монографиясында синтаксистің негізгі объектісі ретінде сөз тіркестері мен сөйлемді зерттейді. Е. И. Убрятова якут тіліндегі сөз тіркестерін жасалу тәсіліне қарай төмендегі группаларға беледі: 1) словосочетания, построенные на примыкание; 2) словосочетания, построенные на изафета; 3) словосочетания, построенные на управлении; 4) словосочетания, построенные на согласовании; 5) словосочетания однородных членов, построенные другими способами. Автор сөз тізбектерін баяндап көзден өткізгенде, оның біріншісі сөйлем бола алады, өйткені ол аяқталған ойды білдіреді, қалғандары болса, ешқандай пікірді білдірмейді. Е.И. Убрятова бұндай сөйлем жасайтын тіркестерді, предикативтік сөз тіркесі деп бөледі де, «предикативное словосочетание служит основанием предложения, а остальные словосочетания в составе предложения служат средством максимального полного и точного выражения мысли» деп қарайды.

Предикативтік сөз тіркестерін сөйлемнің негізі деп қараушылық синтаксис бойынша жазылған бірнеше еңбектерде орын алғандығын көреміз.

М.Б. Балақаев — қазақ тіліндегі сөз тізбектерімен жай сөйлемнің синтаксисі бойынша күрделі зерттеулердің авторы. М.Б. Балақаев сөз тіркестерін ғылыми негізде тексеріп, оның түрлерін, сөздердің тіркесу тәсілдері мен байланысу формаларын толық зерттейді. Автор сөз тіркестерінің предикативтік түрінің сөйлемге негіз болатындығын көрсетеді.

К. З. Ахмеров башқұрт тілінің синтаксисіне арналған еңбегінде предикативтік және предикативтік емес сөз тіркестері деп екіге бөледі. Предикативтік сөз тіркестері сөйлемнің ірге тасын қалайтын бастауыш пен баяндауыштан құралып, оқиға немесе фактілер жөнінде хабар беретіндігін, ал предикативтік болмайтындары шындықтың әр түрлі күрделі аттарын көрсететіндігін сөз етеді. Демек, бұл еңбектерде предикативтік сөз тіркестері болғаны үшін сөйлемнің өзі де сөз тіркестерінің ішіне кіріп кетеді. Бұл жағдай жалпы жай сөйлемдердің синтаксисінің объектісін анықтауды талап етті. Ол тек пікір алысу, сол арқылы сөйлемнің және сөз тіркестерінің кейбір мәселелерін анықтау, толықтыру керек екендігі белгілі болды.

А.Б. Шапиро сөйлемнің негізгі белгісі ретінде модальділік пен предикативтіктің ролін көрсетеді. Өйткені сөйлеуші өз пікірін білдіріп қоймай, оған деген кәзқарасын да коса көрсетеді, бұл сөйлемдегі айтылатын пікірдің мазмұны болып есептеледі дей келіп, «без этого признака, так называемой модальности невозможно никакое предложение».

Көптеген синтаксис бойынша зерттеулерде сөйлемнің негізгі шарттарының бірі ретінде бірде модальділік, бірде предикативтік категория алынды. Бір ғана орыс тілі бойынша шыққан еңбектердің өзінде-ақ, бұл мәселеге әр түрлі көзқарастың барлығын байқауға болады. «Современный русский язык» сөйлемнің грамматикалық негізгі ретінде модальділікті, шақ пен жақты алады, ал А. Н. Гвоздев сөйлемнің ең негізгі шарты ретінде предикативтік категория мен интонацияны алады. А.Г. Руднев болса, предикативтік және модальділік категорияның екеуі жөнінде де еш нәрсе айтпайды, мынадай үш белгіге тоқтайды: 1) сөйлемнің аяқталған ойды білдіруі интонациямен байланысты екендігін көрсетеді, 2) сөйлемдегі ойды біріктіруші тұрлаулы мүшелердің болуы, 3) сөйлемдегі сөздердің бір-бірімен өз ара байланысы (грамматикалық және мағыналық).

Бұл жағдай түркі тілдері бойынша зерттеулерде де орын алды. А.Г. Гулямов пен М.Балақаев сөйлем жасауда предикатив категория мен интонацияның ролін айрықша көрсетеді.

Қазіргі заман түрікмен тілі грамматикасында сөйлемнің негізгі критериясы ретінде бас мүшелер мен интонацияның ролін көрсетеді

Ы. Жақыпов Қазіргі заман қырғыз тілінде сөйлемнің негізгі белгісі ретінде төмендегі жағдайларды есепке алады: 1) оның аяқталған ойды білдіруі; 2) сөйлемнің тұрлаулы мүшелерінің болуы; 3) интонация болуы; 4) белгілі бір пікірді білдіруі; 5) алдында немесе артында тұрған сөйлемдермен байланысқа түсуі.

Түркі тілдерінің синтаксисі бойынша соңғы жылдары шыққан басқа да еңбектерде сөйлемнің негізгі белгісі ретінде предикативтік және модальділік категорияларына, қосымша интонацияда да алынады.


Түркі тілдерде сөз тіркесі синтаксисінің дербес объектісі ретінде өз алдына зерттелуі соңғы жылдардан басталады. Бірақ түркі тілдері жөніндегі зерттеулерде сөздердің бір-бірімен байланысу, тіркесу тәсілдері ерте кездерден-ақ бірқатар тюркологтардың назарын өзіне аударған. М.А.Казем-Бек аталған еңбегінде синтаксис бөлімін «сөз тіркестері» деген атпен атап, онда сөз бен сөздің тіркесуі, байланысу тәсілдері түгіл, сөйлемдердің де тіркесу тәсілдерін зерттейді. Демек, М.А.Казем-Бек «сөз тіркестері» деген ұғымды синтаксистің өзімен тең қойып, сөйлемдерді де оның құрамында қарайды.

Түркі тілдерде сөз тіркестерінің зерттелуі елуінші жылдардан басталады. Ю.М.Сеидов өзінің докторлық диссертациясында сөз тізбектеріне обзор жасай отырып, сөз тіркестеріне арналған жұмыстар көбейіп, зерттеу объектісі кеңейіп бара жатқанына қарамастан, сөз тіркестері бойынша қарсы пікірлер тереңдеп, барған сайын қатты шиеленісіп бара жатыр деп көрсетті.

Шынында да, түркі тілдеріндегі сөз тіркестерінің сонша көп зерттелуіне қарамастан, оның көптеген теориялық мәселелері ойлануды талап етеді. Саластырып зерттелген тілдерде сөз тіркестерінің тіл фактылары бір-біріне ұқсас болса да, зерттелу дәрежесі бірдей емес. Сөйлем мен сөз тіркестерін ажыратудағы бас белгі ретінде сөйлемнің тұрлаулы мүшелері мен интонациясының болуын көрсетеді. Ы.Жақыпов – қырғыз тілінде – мен орусмун. Аны сен айтқаны жетшиет, мысалдар келтіріп «мен», «сен», «силер», «айтқаны» деген бастауыштардың «орусмун», «айтқансын», күтүп отурасындар , «жетшиет» деген баяндауыштармен сан, жақ жақ жалғауларында қиыса байланысқандығын дәлелдейді.

Демек, бұл келтірілген мысалдардағы тіркестер предикаттық қатынасты білдіретін, сөйлемдік қасиетке ие болып тұр.

Қазіргі қазақ тілінің грамматикасында: бұл өзеннің маңы өмірі малдан арылған емес деген сөйлемде мынадай сөз тіркестері бар: бұл өзен,



Бұл мысалдардағы сөз тіркестері сөйлемнің құрамынан алынып ажыратылғандықтан, төрт сөз тіркесінің үшеуі «арылған емес» деген сөйлемнің баяндаушымен тіркесіп байланысқан. Бұл үш тіркес сөйлемнің етістіктен болған баяндаушы арқылы байланысып, әрқайсысы сөйлем болуға дайын.

Сөз тіркестері салыстырылған тілдердің барлығында кемінде толық мағыналы екі сөздің синтаусистік қарым – қатынасқа түсіп байланысқан тобы болып есептеледі. Мысалдар:

Қалың кітап, жас бала, айтылған сөз, барар жер – қаз.

Қалың китеп, жаш бала, айтылған сөз, барар жер – қырғ.

Сонымен қатар салыстыртырылған тілдерде сөз тіркестерінің байланысу тәсілдерінде бір –біріне ұқсастығы, жалпыға байқалады. Бұл әрбір ұлт тілінің өзіне тән фонетикалық, грамматикалық құрылысынан байқалады.

Жалпы алғанда, салыстырылған тілдерде сөз тіркестерінің түрлерінде, олардың жасалу тәсілдері мен мағыналары да жалпылық бар, ал кейбір өзгешеліктер әрбір тілдің даму процесінен келіп шыққан.

Демек, түркі тілдерінің синтаксисінде сөйлемнің негізгі белгілері ретінде предикативтік, модальділік, интонация т.б. алынады. Бірақ осы сөйлемнің негізгі белгілері жақсы зерттеліп бірінен-бірінің өзгешелігі толық дәлелді емес. Сол сияқты сөйлемге берілетін анықтамалар да қосымша зерттеулерді талап етеді. Атап айтқанда, сөз тіркесі мен сөйлемнің ортасындағы өз ара байланыс теориялық жақтан шешілмеген сияқты.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Нұрмаханова Ә. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. - Алматы, 1971
2. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі.- Алматы: Ана тілі, 1992.
3. Мергенбаев Е. Түркі тилдерде сөз өзгертуі системасы. – Нөкис; Билим. 1994
9. Балақаев М., Сауранбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1997.

9-лекция. Түркі тілдеріндегі жай сөйлем синтаксисі Жоспары:

1. Сөйлемнің модальділігіне және интонациясына қарай түрлері
2. Хабарлы сөйлем
3. Сұраулы сөйлем, оның жасалуы
4. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері
5. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері
6. Жай сөйлемдердің түрлері

1. Сөйлемнің түрлері түркі тілдерінің грамматикаларында «айтылу мақсатына қарай», «мақсаты мен интонациясына қарай», болмаса тек қана түрлері деп алынады. Ал Т.А.Бертагаев сөйлемнің түрлеріне бөлуде тек қана интонацияның ролін есепке алады да, интонациялық түрлері деп атайды. Сонымен қатар лингвистер сөйлем түрлерін бөлуде модальділіктің де ролін күштері екендігін айтады.

В.Л.Владимиров бір ғана «су» деген сөздің айтылу жағдайына қарап, сан түрлі мағынаны білдіретіндігін көрсетеді. Шөлде су жоқ жерде, сусап шөлдеп келе жатқан кісіге «су!» десе, қандай қуаныш, ал жер астындағы жұмыс істеп жүрген су жіберушілер үшін «су!» деген сөз бәле, бақытсыздық деп көрсетеді.

Интонация мен модальдік қана сөйлемнің көп қырлы қызметін жеткізе алатындай қабілетке ие. Сол арқылы сөйлемдер өздерінің тыңдаушысына әсер етеді. Бірін-бірі жете үшін қызмет атқарады. Сондықтан сөйлем арқылы тек байымдау емес, сұрау да ойдың әр түрлі сезімде де, эмоциясы да білінеді.

2. Хабарлы сөйлем қарақалпақ тілінде хабар гәп, қырғыз тілінде – жай **сүйлөм**, өзбек тілінде **даракгап**, ұйғыр тілінде хәвәр жүмлә, түркімен тілінде хабар сөзлеми делінеді. Хабарлы сөйлемдердің баяндауышы етістіктен де, есім

сөздерден де жасалады. Етістіктен болған баяндауыштар өздерінің шақты, жақты білдірушілік қасиеті арқылы сөйлемді тиянақтап қоймай, оған әртүрлі модальдікті береді.

Мысалы: Мектеп қорасына да танкілер тола бастады. Шамаси Азизбек осанлик билан жон берадиган куринмайдыр.

Демек, хабарлы сөйлемдер тек қана бір оқиға немесе бір зат туралы пікірді хабарлап қоймай, оның әр түрлі модальдік жақтарында көрсетеді. Ол үшін түркі тілдерінде лексика – грамматикалық тәсілдерде аз емес. Олар етістік – баяндауыш арқылы жасалмай, модальдік сөздер, интонация арқылы беріледі.

Мысалы: Эттең, «қызыл жалау» жарық көре алмай кетті. Мүмкін, о да бір қырағы көзге шалынар еді – Қазақ.

Эхтимол Комилжон хам бирон нарсадан хафа булгандир. өзб.

3. Сұраулы сөйлем қарақалпақ тілінде сорау гап, қырғыз тілінде суроолуу суйлан, өзбек тілінде – сұрау гаплар, ұйғыр тілінде – соал жумлә, түркмен тілінде сураг геплер деп аталады.

Түркі тілдерінде сұраулы сөйлемдер сұраулық шылаулар сұрау есімдіктері, модаль сөздер, үстеулер мен интонациялардың қатысуы арқылы жасалады.

Сұраулы сөйлем жасауда ең көп қатысатын ежелгі -му шылауы кейбір фонетикалық өзгеріске түскені болмаса, барлық түркі тілдерде бар.

Қазақ, қарақалпақ тілдерінде – ма, - ме, қырғыз тілінде – бы, - би, - бу, - пу; өзбек тілінде – мы, - ми шылаулары етістіктен немесе есім сөзден болған баяндауышқа қосылуы арқылы сұраулы сөйлем жасалады.

- Хат танымайды деген жоқсың ба? – Қазақ.

- Дагы чыгымды биз беребизби? – Ұйғыр.

- Битта сигир учур шунга одамни боқа оладими? - Өзбек.

Инди душиндингми? Нәме, әжең саңа айтмадымы? - Түркмен

1. Бастауыш қарақалпақ тілінде баслауыш, қырғыз тілінде ээ, өзбек тілінде эга, ұйғыр тілінде егә, түркмен тілінде эе деп аталады. Бастауыш негізгі тұрлаушы мүшенің бірі, ол сөйлемнің ешбір мүшелеріне бағынбайды.

Салыстырылған тілдердің барлығында да бастауыш өзінің тұлғасы және қызметі жағынан бірдей қызмет атқарады.

Мысалы: Мірдей ащы мысқыл Алдаберген сопының қақ жүрегіне қадалды. – қаз.

Бектемир хар вақт турли курулларга зехн соларди. -өзб.

Мен Москвада нәхили гызыклы затлар гшрдум - түркмен.

Баяндауыш қарақалпақ тілінде баянлауыш, қырғыз тілінде баяндоч, өзбек тілінде кесім, ұйғыр тілінде хәвәр, түркмен тілінде хабар деп аталады.

2. Түркі тілдерінде баяндауыштар – тұрлаулы мүшелердің бірі. Ол бастауышпен предикаттық байланысқа түсіп, оның қимылын, іс - әрекетін, күйін білдіреді.

Мысалы: Ауыл сыртынан ат дүбірі естілді – Қаз.

Ол әлі бір гапының тутаважындан туган махалы өзүне гелді – Түркмен.

Салыстырылған қазақ және түрікмен тілдерінің мысалдарында баяндауыштар өз бастауыштарымен толық предикаттық қарым – қатнасқа түсіп, олардың іс - әрекетін, қимылын көрсетіп тұр.

Осымен қатар баяндауыштар өздеріне біраз модальділікті қосып алып тұр. Ол іс - әрекеттің қай кезде болғандығын, қалай болғандығын кімге тиісті екендігін анықтаумен қатар айтылған ойды тиянақтап сол сөйлемнің шекарасын белгілеп тұр. Баяндауыштың бұл қасиеті сөйлемнің аяқталғанын білдіріп, тыныс белгілерінің орнына жүретін сияқты.

3. Бұны әсіресе ертедегі әдебиет нұсқаларын әр түрлі ескерткіштерді зерттегенде байқауға болады. Бұл көбінесе етістіктен болған баяндауыштарға тән болып келеді.

Салыстырылған тілдерде баяндауыштар өзінің қызметі және мағынасы жағынан бір – біріне өте жақын ескі дәуірлерден келе жатқан тек местігін сақтағаны байқалады.

Орхон жазуларынан:

Оғуз Білге тамғачы келті- Оғыз Білге таңбалы келді.

Ұл йеме та балты – Еліміз қайта ел болды.

Өзүм қары болтым - өзім қартайдым.

Ұлұғ болтым – Ұлық болдым.

Бұл мысалдардағы келті – келді, болты – болды, болтым-болдым деген баяндауыштар он екі ғаыср бұрын болса да өз бастауыштарымен предикаттық байланысын сақтаған. Қазіргі түркі тілдерімен салыстырғанда, баяндауыштар тек қана фонетикалық өзгеріске түскендігі сезіледі. Бұл түркі тілдерінің барлығына тең фонетикалық заңдылық.

1. Анықтауыш қарақалпақ тілінде анықлауыш, қырғыз тілінде *анықтооч*, өзбек тілінде *аниқловчи*, ұйғыр тілінде *ениқлиғучи*, түрікмен тілінде *айырғычлар* деп аталады.

Түркі тілдерінде анықтауыштар өздерінің, тұлғасы, атқаратын қызметі жағынан бір-біріне ұқсас. Барлық тілдерде де анықтауыштар сөйлемнің есімнен болған мүшелеріне тікелей қатысты болып, соның сындық сапасын, белгісін, мөлшер *санын* анықтайды, өзі анықтайтын сөзімен лексика-грамматикалық байланысқа түседі.

Мысалдар: *Күнде бір мезгілде сары үрпек балапандарын ертіп, ақ қаз жайылымға кетіп бара жатады.* (Ғ. Мүсірепов.) *Зіл қара түнді жапсарынан сөге таң сызаттап келеді. ... Астындағы торы жорға ойын бұзбай тербей береді.* (Ғ. Мұстафин.)- Қаз.

Ғариптен қара булутлар давалғуп, асманға көтирилди. Гүлжамалның Бәхтиярдин айрилғиси йоқ. (Ж. Мусаев.)

Чирайликъ яз кетип, йешилликъ дуняси сериққа айлиниду. Сим-сим ямгур, узун, қараңғу күз келиши билән, биз мәлидә байиқи әски, қараңғу, зәй өйүмиздә... (Ө. Мухәммәдий) — Ұйғ.

Ак үзүм гызыл үзүм билен биле бишипдир. (Р. Сейидов.) *Гара кече ак болмаз, көш душман—дос болмаз.* (Мақал.)—Түрікм.

Түркі тілдерінде анықтауыш болып келетін негізінен сын есім, осымен қатар зат есімдер, сан есімдер, етістіктің есімге жақын түрлері — қимыл есімдері, есімшелер т. б. Салыстырылған тілдерде анықтауыштың жасалу тәсілдерінде айтарлықтай өзгешеліктер сезілмейді. Осыған қарамастан әрбір тілдің өзіне тән кейбір өзгешеліктері де бар. Ол әрбір тілдің даму процесімен байланысты. Бұл — әсіресе ілік септеуінде тұрған анықтауыш пен анықталатын сөз тәуелдік жалғаудың үшінші жағымен айтылғанда сезіледі.

Қырғыз тілінде ілік септігінде тұрған анықтауыш *-дин, -дын, -тин, -тын, -түн, -нун, -нүн, -дүн* жалғауларын қосып алады.

Мысалдар: *Кере ачылған эшиктин кашегине сүйөнүп, Зейнеп ана эбактан эле үйүнүн ичин карап турат.* (Ч. Айтматов.) *Сарыгүлдүн алайып көзү чыкты.* (Т. Сыдыкбеков.)— Қырғ.

Бұл мысалдардағы *эшиктин кашеги // есіктің жақтауы; сары гүлдүн көзү // сары гүлдің көзі; сиздин пикир // сіздің пікір, бирөөбүздүн барганыбыз // біреуіміздің барғанымыз* дегендегі қырғыз тіліндегі анықтауыш пен анықталушы сөздердің байланысын қазақ тілімен (баска да түркі тілдерімен) салыстырғанда анық сезіледі.

Түрікмен тілінде анықтауыш ілік септігінде *-ың, -иң* жалғуын қосып алады. Мысалдар: *Аманназарың ене гөзлери пителип, Байрамың элинден япышды да:*

— *Олардан маңа — да етерми? — дийип сорады.* (Б. Кербабаев.) *Инди бу агажың он бәш саны кувватлы хем-де берк шахасы бар. Буларың иккисем гүлүп кесе йыкылдылар. Мен оңа чопанларың адаты саламлашлары ялы, хайкырып салам бердим.* (Г. Сейитмәдов.)

Бұл мысалдарда — *Алланазарың гөзлери // Алланазардың көздері; Байрамың эли // Байрамның қолы; агажың шахасы // ағаштың жаңқасы; бұларың иккиси // бұлардың екеуі; чопанларың адаты // шопандардың әдеті* болып айтылып, түрікмен тілінің өзгешелігі сақталғанын көреміз.

Түрікмен тілінде *-малы, -мели* аффикстерінің жәрдемімен жасалған есімшелер анықтауыштың қызметін атқарады:

Колхозчылар пагта экилмели ерлери гышдан тайярлап гойярлар. Лекция гатнашмалы колхозчыларың бары йыгнадылар.

(«Хәзирки заман түркмен дили».)

2. Толықтауыш қарақалпақ тілінде — толықлауыш, қырғыз тілінде — *толуктооч*, өзбек тілінде *тулдирувчи*, ұйғыр тілінде *толуктургучи*, түрікмен тілінде — *долдургычлар* деп аталады. Түркі тілдерінде толықтауыштар өзінің тұлғасы мен сөйлемдегі қызметі жағынан өзгешеліктен гөрі ұқсастығы күшті. Толықтауыштар көбінесе баяндауышпен байланысты болып, оның қимыл процесінің объектісі болып келеді.

Мысалдар: *Сары бала жігітті салған жерден таниды.* (Ғ, Мүстафин.) *Бұдан үш-төрт жыл бұрын өзім де талай баланы түйіп қалған болуым керек.* (Ғ. Мүсірепов.)—Қаз.

Қой, айланайын, келинимди ошол орогуна эле тим койгула. (Ч. Айтматов.) *Алар чарчоону унутушту.* (Т. Сыдыкбеков.)—Қырғ.

Равшанны дарахтдан тушириб олиб, уйига караб юра берди. (Э. Ж.)—Өзб.

Түркі тілдерінде толықтауыштар тұлғасына, синтаксистік қызметіне қарай тура және жанама толықтауыштар болып екіге бөлінеді.

Тура толықтауыштар табыс септігінде тұрып, сабақты етістіктермен тығыз байланысты болады. Тура толықтауыштың септік жалғауы кейде ашық, кейде жасырын болып келуі көптеген тюркологтардың назарын өзіне аударған.

3. М. А. Казем-Бек «Қимылға қатысты зат белгісіз болғанда және ол етістіктің дәл алдында тұрғанда табыс септік атау септігімен алмастырылады» деп көрсеткен. Сол сияқты «Алтай тілінің грамматикасында да «тура толықтауыштың жалғаулы, жалғаусыз жұмсалудың оның белгілі, белгісіз зат болуынан» деп баяндайды.

Н. Ф. Катанов пен П. М. Мелиоранский да өздеріне дейінгі пікірлерді қайталайды. П. М. Мелиоранскийдің кейбір анықтаңқырап қосқаны сол, ол тура толықтауыштардың жалғаулы, жалғаусыз болып келуін былай дәлелдеді: «Таким образом, употребление оформленного или неоформленного винительного падежа весьма часто зависит личного взгляда говорящего или пишущего» дейді. П. М. Мелиоранскийдің бұл пікірі ешқандай тіл фактісіне негізделмей айтылған еді.

Н. К. Ашмарин чуваш тілінің материалы негізінде толықтауыштың қандай жағдайда жалғаулы, қандай жағдайда жалғаусыз болып келетіндігі жөнінде бағалы пікірлер айтқан.

Н. К. Дмитриев белгілілік, белгісіздік терминін грамматикалық тұрғыдан қарап, оларды даралық, және жалпылауыш, ұғымдармен байланыста қарайды. Н. К. Дмитриевтің пікірі бойынша белгілі толықтауыштар жалғаулы, белгісіз, тура толықтауыш қызметіндегі сөз жалғаусыз болады деп көрсетеді.

М. Б. Балақаев қазақ тілі материалы негізінде тура толықтауыштардың жалғаулы, жалғаусыз жұмсалудың себептерін анықтаған салыстырылған тілдерде тура толықтауыштар өзі қатысты сөзден қашықтап тұрып, ортасында басқа сөйлем мүшесі тұрса, жалғаулы болады. Мысалдар:

Бәбек қошақанды жерге түсірді де, бүрмелі ақ бәтес көйлегінің қос етегін көтеріңкіреп ап, үйге қарай дүрілдеп жүгіре жөнелді — қаз.

Жапакем Айшаны тааныйт экен. (К. Баялинов.) *Павлов Ала-Тоону биринчи көрдү. Силерди кайдан унутсун.* (К. Жантөшев.)—Қырғ. *Поччаев... шошиб кулини қимтиб олди. Тупурган тупиригингни огзинчга олма* (Мақал).—Өзб.

Гарягды Мухадың жаныны өлүмден халас этди. (Х. Ысмайилов.) *Инди, оглум, илем машгаласының гележегини гөз өңүнде түтяр.* (А. Дурдыев.)

4. Салыстырылған тілдерде тура толықтауыш жалғаусыз да қолданылады. Бұл жағдайда тура толықтауыштың объектілік мағынасы жалғаусыз да анық білінеді.

Қорыта айтқанда, салыстырылған тілдерде тура толықтауыштың жалғаусыз келуінен гөрі жалғаулы келуі кеңінен қолданылады.

Салыстырылған тілдерде табыс септігінде тұрған тура толықтауыштар фонетикалық варианттарының әр түрлілігімен бір-бірінен ажыратылады.

Қазақ тілінде: *-ны, -ні, -ды, -ді, -ты, -ті;*

Қырғыз тілінде: *-ны, -ни, -ды, -ди, -ду, -ты, -ти, -ту;*

Өзбек тілінде: *-ни;*

Ұйғыр тілінде: *-ни;*

Түрікмен тілінде: *-ны, -ни, -ды, -ди, -ду, -ты, -ті, -ту.*

Демек, қазақ, қарақалпақ, қырғыз тілдерінде сингармонизм заңы сақталса, өзбек, ұйғыр тілінде олай емес. Бұған қосымша әр тілдің тура толықтауыш жасаудағы табыс септігін қосып алуында өзіне тән өзгешеліктері де бар.

Түрікмен тілімен салыстырып қарайық: *Дурды хаты обадан язар. Сениң Москва гитжегиңи дүйн эшитдик.* («Түрк. дили».) *Дурды хатты ауылдан жазар. Сениң Москваға кететіңді кеше есіттік.*

Қейбір жағдайларда өзбек тілінде сабақты етістік шығыс септігінде тұрған толықтауышты да меңгеретіндігі байқалады. Бұл әсіресе бүтіннің бөлшегін көрсету мақсатында қолданылады.

Қани картошкадан ол!... мехмонлардан қолған авқатдан едида, бошини бир боз кул бедага куйиб уйқиға кетди. (Ойбек.) — Өзб.

Жанама толықтауыштар барыс, жатыс, шығыс, көмектес септік жалғауларының қай-қайсысында да келе береді. Мысалдар: Қара қатын енесіне кешкі астан да татырған жоқ. (Ә. Нұрпейісов.) Опасызға істеген жақсылық шаян болып өзіңді шағады екен... (Ғ. Мұстафин.)—Қаз,

Яхшидин жапа кәлмәс, ямандин вапа кәлмәс. (Мақал.) *Тәмүр отта билиниду, адәм меһнәттә билиниду.* (Мақал.) — Ұйғ.

Ватанымызға пағтаны көп берелиң! («Совет Түрк.» газ.) *Нелли Марияның сорагына первасызлык билен жогап берді.*— Түрікм.

Қазақ және қарақалпақ тілінде ғана қолданылып жүрген көмектес септігіндегі толықтауыштар *-мен (-менен), -бен (-бенен), -пен (-пенен)* жалғауларын қосып алып *кіммен? немен? (кимменен? неменен?)* деген сұрауларға жауап беріп, толықтауыштың қызметін атқарады.

Мысалдар: *Андрей Жабай қартпен шүйіркелесіп кетті* (С. Мұқанов.)

Ақындық шабыт кейде осы адырмен көп сырласқандай болды. (М. Әуезов.)

Азығымен жер мүсінді, еңбегімен ер мүсінді. (Мақал.)—Қаз.

Атажан ата қасында отырған Трубачевпенен сөйлесті. (Ж- С). *Ол алдында жатқан қағазларды бормағыменен олау-булай аударыстырып сөзін дауам етті.* (Н. О.) Қарақалпақ тілі сабақлығынан.)

Қазақ, қарақалпақ тілдерінен басқаларында көмектес септігінің өзі аталмағанмен, оның мағынасы мен қызметін атқарып жүрген сөздер бар.

1. Пысықтауыш қарақалпақ тілінде *пысықлауыш*, қырғыз тілінде *бышыктооч*, өзбек тілінде *хол*, ұйғыр тілінде *һаләтлар* деп аталады. Түрікмен тілінде пысықтауыштар өз алдына дербес мүше болмай, толықтауыштардың бір бөлегі сияқты болып қаралады. Түркі тілдерінде пысықтауыштар зерттеліп, оның грамматикалық тұлғасы мен грамматикалық мағынасы, толықтауыштардан ажырату тәсілдері анықталды.

Пысықтауыштар іс-әрекеттің қалай, қашан, қайда болғандығын және оның себеп-салдарын, мақсатын көрсетеді. Мысалдар: *Жабайы торы атын бір күн тынықтырып, Ержан бүгін тағы да аңға шығып кетіп еді. Талма түс кезінде тобылғы түбінен қоян ыршып шықты.* (Ғ. Мүсірепов.)—Қаз.

У қишлоқ уртасидаги кенг майдонда Ленин хайкалини. яққол курди. (Ш. Рашидов.)—Өзб.

Соңра биз чай ичмәге отурдык. Мен шол вагт товерегиме гөз айладым. (Г. Сейитмәдов.)—Түрікм,

Бұл қазақ, өзбек, түрікмен тілдерінен келтірілген мысалдардың барлығында да пысықтауыштар етістіктен болған баяндауышпен байланысып, оны әр жақты анықтап тұр. Екінші сөзбен айтқанда, анықтауыш есім сөздерді анықтаса, пысықтауыш етістіктен болған мүшені анықтайды. Бұл пікір барлық тюркологтардың еңбектерінде орын алғандығын көреміз.

Түркі тілдерінде пысықтауыш болып жұмсалатын сөздер — үстеулер. Ал үстеулердің басқа зат есімдер, сын есімдер, сан есімдер, етістіктің есімше, көсемше, шартты рай тұлғалары т. б. көмекші сөзді тіркестер де пысықтауыштың қызметін атқара береді. Пысықтауыштар үстеулерден, басқа да сөз таптарынан жасалғанда, толықтауыштармен тұлға жағынан ұқсас болып келеді. Сондықтан пысықтауыш пен толықтауыштарды ажырата білу өте қажет. Өйткені толықтауыш та, пысықтауыш та етіс-тіктен болған баяндауышқа тікелей байланысады. Бұндай жағдайларда көбірек олардың контекстегі мағынасына, қызметіне қарау керек. Есім сөздердің мекендік мағынаны білдіретін септіктерде (барыс, жатыс, шығыс) келгендері өздерінің негізгі мағынасынан ауысып, пысықтауыштың қызметін атқарады. *Ол Асанға хат жазды.* (Асанға — толықтауыш.) *Ол қалаға кетті* (қалаға — пысықтауыш.) *Менің кітабым жолдасымда қалды* (жолдасымда — толықтауыш.) *Мен қалада жасаймын* (қалада — пысықтауыш) т. б.

Сол сияқты абстрактылық мағынаға ие болған зат есімдер де көбірек пысықтауыштың қызметін атқарады. Мысалы: *Шу фусратдан бошлаб менинг юрагимда газаб билан мухаббатининг, уч билан ишқининг кураши бошланды.* (Ғ. Гулом.)—Өзб.

Мен куру кол келдим. (М. Элебаев.) *Чүкөбөй кабарсыз калган.* (Х. Баялинов.)—Қырғ.

2. Түркі тілдерінде пысықтауыштар мағынасы мен атқаратын қызметіне қарай бірнеше түрге бөлінеді. Қазақ, қарақалпақ, өзбек, ұйғыр тілдерінде мезгіл, мекен, мақсат, амал, себеп, мөлшер болып алтыға бөлінеді. Ал қырғыз тілінде — сапат бышыктооч деген түрін қосып жетіге бөледі. Бұл сапат бышыктоочтың сын есімдер, немесе соған ұқсаған сөз таптарынан жасалатындығын көрсетеді.

Мысалы: *жакшы айтып жатат.* (Қ. Баялинов.) *Шамбет өз ишине кызуу киришти.* (Т. Сыдыкбеков.) *Чоң олжолуу келгенсиң го?* (М. Элебаев.)

Бұл мысалдардағы «жакшы», «кызуу», «чоң олжолуу» деген сөздер сын пысықтауыш болып есептеледі. Бұл сын пысықтауыш басқа тілдердегі амал пысықтауышқа тура келеді. Ал қарақалпақ тіліндегі сын пысықтауыш екіге бөлініп қаралады. Оның біріншісі — іс-әрекеттің белгісін, сапасын білдіретін пысықтауыштар, екіншісі — іс-әрекеттің, қимылдың істелу тәсілін көрсететін пысықтауыштар болып есептеледі. Соған қарағанда, барлық пысықтауыштарды алтыға бөліп қараяу оның барлық қызметін қамтитын сияқты.

Жалпы, салыстырылған тілдерде пысықтауыштардың қай түрі болса да өздерінің атқаратын қызметі мен жасалу тәсілдеріне қарай бір-біріне ұқсас, кейбір фонетикалық заңдылықты есепке алмасақ, айтарлықтай өзгешеліктер сезілмейді.

Бірнеше мысалдарды қазақ тілімен салыстырып көрейік:

А м а л п ы с ы қ т а у ы ш.

Жуман сабрсызлик билан тулгонди-ю, қызариб бир нарса дея олмади. (А. Мухтор.)— Өзб.

Жұман сабырсыздықпен толғанса да, қызарып бір нәрсе дей алмады.— Қаз.

М е з г і л п ы с ы қ т а у ы ш.

Кечки саат алтыдан баштап эртеси күнкү түшкө чейин иштечүмүн. (М. Горький.)—Қырғ.

Кешкі сағат алтыдан бастап ертеңгі күнгі түске шейін істейтінмін.— Қаз.

М ө л ш е р п ы с ы қ т а у ы ш.

Колхозниң йерим жыллық кирими 300 миң сомдин ашти. («К. Т.») — Ұйғ.

Колхоздың жарым жылдық кірісі 300 мың сомнан асты.— Қаз.

М а қ с а т п ы с ы қ т а у ы ш

Мен бу шәхере окамага гелдим. Бу столлар бизиң мекдебимиз үчин гетирилди.

Гарлы усса үчин отураара орун гөркездим. (А. Говшудов.)—Түрікм.

Мен бұл қалаға оқуға (оқу үшін) келдім. Бұл столдар біздің мектебіміз үшін келтірілді. Гарлы ұста үшін отыруға орын көрсеттім.— Қаз.

Пысықтауыштардың жасалу тәсілдерінде бір-біріне ұқсастықпен қатар, кейбір өзгешеліктер де ұшырайды. Олардың бірқатары көмекші сөздермен тіркесіп, жасалған пысықтауыштардың жасалу тәсілдерінде кездеседі. Өйткені өзбек, ұйғыр т. б. тілдерде араб-парсы тілдерінен кірген көмекші сөздер өзі тіркесетін сөздерін меңгере байланысады.

Мысалдар:

Биз клуб сари бордик. Биз вокзалга қадар бордик. Уруш туфайли хаммамиз хам асабийлашиб қолганмиз.— Өзб.

Бұл мысалдар қазақ тілінде: *Біз клубқа қарай бардық. Біз вокзалға шейін бардық. Соғыс себепті барлығымыз да шіміркенгіш болып қалғанбыз.*— Қаз.

Сол сияқты қарақалпақ тілінде «Еле ауыл беттен хабар жоқ. (С. С.) *Қазан-табақ бетинде тек бир адамға боларлықтай гана төсек бар.* (Ә. Г.) деген сөйлемдерде «ауыл беттен» (ауыл жақтан), «қазан-табақ бетинде (қазан-табақ жағында)» дегендер «беттен, бетинде» деген көмекші сөздердің жәрдемімен мекен пысықтауыш жасалып тұр.

1. Түркі тілдерде жай сөйлемдер екі тұрлаулы мүшелі және бір тұрлаулы мүшелі сөйлем болып та бөлінеді. Екі тұрлаулы мүшелі сөйлемде сөйлемнің грамматикалық қазығы болып есептелетін бастауышы мен баяндауышы болады. Әдетте бұндай сөйлемдер толымды сөйлемге негіз болады.

Түркі тілдерде зерттеушілердің назарын көбірек өзіне аударған бір тұрлаулы мүшелі сөйлем болып есептеледі. Бұл туралы барлық түркі тілдерінің грамматикаларында мағлұмат беріледі. Бірақ олар бір-бірінен кейбір өзгешеліктерімен ажыратылады. А. Н. Кононов бір тұрлаулы мүшелі сөйлемдерді мынадай түрлерге бөледі: 1) модально-безличные, 2) неопределенно-личные, 3) обобщенно-личные, 4) назывные (номинативные)

Қазақ тілінде бір тұрлаулы мүшелі жай сөйлемнің түріне белгісіз жақты және жақсыз сөйлемдерді жатқызады. Ешбір мүшелеуге келмейтін атаулы сөйлемдер бұған жатпайды деп көрсетеді.

Шындығында, бір тұрлаулы мүшемен айтылатын белгісіз жақты, ауыспалы жақты немесе жақсыз сөйлемдердің қай-қайсысы да түркі тілдердің табиғатына байланысты. Бұл көбінесе баяндауыштың тұрақты, тиянақты болып, сан түрлі модальділікті өзіне жүктеуінен келіп шығады. Осыған байланысты көпшілік жағдайда бір тұрлаулы мүшелі сөйлемдер белгісіз жақты сөйлем, жақсыз сөйлем немесе жақсыз сөйлем, белгісіз жақты және жалпылама жақты сөйлемдер делінсе, қырғыз тілінде ээсиз сүйлөм, ээсиз жактуу сүйлөм, жагы так, ачык болбогон ээсиз сүйлөм, мааны жагынан жалпыланган жактуу ээсиз сүйлөм деп бөлінеді. Ал өзбек тілінде жақсыз сөйлемдер шахси аниң гаплар, шахси номаълум гаплар, шахси умумлашган гаплар, шахссиз гаплар болып бөлінеді.

Бұлардың барлығында да сөйлемнің бастауышы айтылмайды, бірақ оның жоқ болу дәрежесі әр түрлі жағдайда болады. Мысалдар:

Үш баланың атасымын. Инженер болсаңыз керек?.. жәрдемдесейін бе? (Айбек.) — Қаз. *Уч боланинг отасиман. Инженер булсангиз керак?..— Ердамлашайми?* (Ойбек.) — Өзб,

Бір күн бұрын ексең (шашсаң), бір апта бұрын орасың. Айтар сөзді айт, айтпас сөзден қайт. — Қаз.

Бир кун бурун сочсанг, бир хапта бурун урасан. Айтар сузни айт, айтмас суздан қайт — Өзб.

Тәртіп ережелеріне көңіл бөлінсін. Тапсырманы өз уақытында орындау керек. — Қаз. *Тартиб қоидаларига эътибор қилинсин. Топшириқни уз вақтида бажарии керак.* — Өзб.

Мысалдардан көрінгендей-ақ, бірінде, бастауыштың түсіп қалғаны баяндауышынан анық білініп тұрады, екіншісінде, бастауышы белгісіз, үшіншісінде, бастауышын табуға да болмайды, оны керек те етпейді, өйткені оның функциясы баяндауыштың өзіне жүктелген.

Демек, бұндай сөйлемдерде бір тұрлаулы мүше — баяндауыш айтылады да, бастауыш түсіп қалады. Ал кейбір жағдайда баяндауыш та, бастауыш та айтылмайды, тек заттың, құбылыстың аты ғана аталып, ол жөнінде ешқандай түсінік берілмейді. Бұндай сөйлемдер қазақ тілінде *атаулы сөйлем*, қарақалпақ

тілінде атау *гәп*, қырғыз тілінде — *атама сүйлөм*, өзбек тілінде *номинатив гаплар*, түрікмен тілінде *ат сөзлеми* деп аталады.

2. Салыстырылған тілдерде атаулы сөйлемдердің зерттелу объектісі бір болғанмен, бірінде, кеңірек, екіншісінде, кемірек айтылады.

Түркі тілдері грамматикаларының ішінде ең алғаш атаулы сөйлемдер жөнінде көбірек мағлұмат берген қырғыз тілі грамматикасы болатын. Онда атаулы сөйлемдерді мынадай группаларға бөлген:

1. Мекеме, шығарма, газет-журнал аттарын көрсететін сөйлемдер.

2. Жалпы түсінік беру мақсатындағы мезгіл, оқиға, құбылыс, еңбек, шарт, хал-жағдай т. б. көрсету үшін қолданылған сөйлемдер.

3. Белгілі оқиғаның негізіндегі ойдың тез алмасып кетуіне байланысты болып түзілген атаулар арқылы жасалған сөйлем: *Саат жети. Машина күтүү. Кол булгоо. Гүл ырғытуу.*

4. Зат-бұйымдарды әдейі арнап көрсеткенде атаулы сөйлем арқылы беріледі: *Мына мен! (А. Токомбаев.) Мынакей биринчи демилге. (Н. Байтемиров.)*

5. Қуаныш-күйініш сияқты көңіл күйін білдіретін сездердің қолданылуы атаулы сөйлем болады: *Темир байке! (Т. Сыдыкбеков.) Сүйүнчү! (К. Баялинов.)*

Қырғыз тілі атаулы сөйлем деп көрсеткен *кол булгоо* (қол былғау) сияқтыларды өзбек тілі *инфинитив сөйлемі* деп, *қорқу-қуану* сияқты адамның ішкі көңіл күйін білдіретін сөйлемдерді *вокативтік* немесе *эмоционалдық сөйлем* деп қарайды .

А. Әбілқаев қазақ тіліндегі атаулы сөйлемдерді мағыналық және қай сөз табынан болатынына қарай, төрт топқа бөледі:

1. Мекен атаулы сөйлем. 3. Зат атаулы сөйлем.

2. Мезгіл атаулы сөйлем. 4. Сан атаулы сөйлем.

Осымен қатар, А. Әбілқаев атаулы сөйлемнің жеке сөзден не сөз тіркесінен айырылатын ерекшелігі интонацияның болуында екендігін айта келіп, атаулы сөйлем хабарлы және лептік интонациямен айтылады деп көрсетеді.

Мысалдар: *Алматының қазіргі ең сұлу үйі— Қазақтың Абай атындағы Мемлекеттік Академиялық опера және балет театры. Театр! Алуан-алуан егін! Әлденеше бригада, звено! {Ғ. Мұс-тафин.)*

Шындығында, соңғы кездегі зерттеулерге қарағанда, атаулы сөйлемдерге өте көп міндет жүктелгендігі байқалады. «Хозирги узбек адабий тили» атаулы сөйлемдердің мынадай мағыналарда қолданылатындығын көрсетеді;

1) *Пайт* (мезгіл): *Бахорнинг гулаган чоғи.* (Ойбек.)

2) *Урин* (мекен): *Каттакон бозор.* (Ойбек.)

3) *Вокеа-ходиса* (оқиға-құбылыс): *Қаттиқ бурон. Қор. Қатқалоқ. Шом.*

4) *Маълум нарса, предметларнинг завжудлиги* курсатилади (белгілі нәрсе, предметтердің болғандығын көрсеткенде): *Мана сув! Тиниқ бахор осмони.*

5) *Эмоция, инсоннинг турли хис-туйғулари ифодаланади* (эмоция, адамның түрлі сезімдерін көрсеткенде) *Яна газал! Ох., хирот, хирот!* («Хозирги узб. адабий тили».).

Атаулы сөйлемдердің қатарына адамның ішкі сезімін, эмоциясын білдіретін сөйлемдерді жатқызу — оның мақсатына тура келмейді. Осы

тұрғыдан алғанда «Қазақ тілінің грамматикасында» атаулы сөйлемдердің дұрыс зерттелгендігі байқалады.

1. Белгісіз жақты сөйлем қарақалпақ тілінде *белгисиз ийели гап*, қырғыз тілінде *жагы так, ачык болбоган ээсиз сүйлөм*, өзбек тілінде *шахси номаълум гаплар*, түрікмен тілінде — *эеси нэбелли сөзлемлер делінеді*.

Салыстырылған тілдерде белгісіз жақты сөйлемнің грамматикалық бастауышы айтылмаса да, баяндауышы етістіктің үш жаққа бірдей ортақ қимылын көрсетеді.

Мысалдар: *өз анаңды сыйласаң — өзгенің анасын да сыйла. Өзіңнен бұрын жығылғанға күлме. Жаба алмайтын есіңді ашушы болма. Суды басынан тоқтату керек.* (Шығыс халық. мақал-мәтелдерінен.) — Қаз.

Билиб қуйинг, адабингизни бериб қуядилар. Директорнинг соат унлардан булишини айтишиди. Бу ерда чекишмайди. Хой, Ахмад, сенга гапиряпти, қулоқ солсангчи. («Хозирги узб. адаб. тили».) — Өзб.

Эмма ишлэп иймеги сөймейәрди. (А. Дурдыев.) *Китабың довамыны эртир окамалы этдиле,р.* (Х. Ысмайылов.) — Түрікм.

Келтірілген мысалдарда сөйлемнің бастауышы айтылмайды, сондықтан оның баяндауышы белгілі бір жаққа тиісті екендігі де сезілмейді. Етістіктерден жасалған баяндауыштардың білдірген мағынасы көбінесе айтып тұрған мезгілден соң орындалатын сияқты болып көрінеді. Бұл сөйлемнің бастауышының белгісіз болуына қолайлы жағдайлар жасайды. Осыған қарамастан, салыстырылған тілдерде белгісіз жақты сөйлемдер мағыналары мен жасалу тәсілдеріне қарай бір-бірінен ажыралып кететін де жағдайлары кездеседі. Бұл жерде әрбір тілдің өзіне тән өзгешелігінен басқа лексика-грамматикалық ортақ, жалпы тәсілдер жөнінде сөз болып отыр.

Өзбек тілінің белгісіз жақты сөйлем жасаудағы кейбір өзгешелігі оның табиғатына да байланысты, Өйткені әдеби тілде тыңдаушыға тиісті болып айтылған пікірлер III жақтың жіктік жалғауының үстіне *-лар* көптік жалғауын қосып алып, бастауыштың белгісіздігін керсетеді.

Эрталаб турадилар, ювинадилар, нонушта қилиб ишга жунайдилар. Овқат олдидан кул ювадилар, узидан каттани курганда, салом берадилар. Жужани кузда санайдилар. (Мақал.) *Бизга Бухородан хабар қилдилар.* («Хозирги узб. адабий тили».)

2. Кейбір түркі тілдердің грамматикаларында жалпылама жақты сөйлемді белгісіз жақты сөйлемнен ажыратып қарайды. Ал тіл материалдарына назар аударсақ, олардың белгісіз жақты сөйлемнен айырмасы жоқ екендігі анық сезіледі.

Өзбек тілінде «Шахси умумлашган гапларге келтірілген мысалдар: *Ёмон билан йулдош булма, нодон билан сирдош булма.* (Мақал.) *Олим булсанг, олам сеники.* (Мақал.) *Бошингга қилич келса хам туғри гапир. Пуч ёнгоқ билан қуйин тулғазма!* (Мақал.) — «Қозирги узб. адабий тили».

Қырғыз тілінде «маани жагынан жалпыланган жактуу ээсиз сүйлөмгө» келтірілген мысалдар: *Сырын билбеген- аттын сыртына чыкпа. Эмгектенсең озорсуң!* (Мақал.) *Айтпасаң жүрөктө калат. Көрбөйт деп ууру кылба, укпайт деп ушак сүйлөбө.* (Мақал.) *Емгек кылып, элге жак.* (Мақал.)

Демек, мысалдардан көрінгендей-ақ, жалпылама жақты сөйлемнің белгісіз жақты сөйлемнен мағынасы мен жасалу тәсілінде ешқандай айырмашылық жоқ десек те болады. Оған «Қазақ тілінің грамматикасында» белгісіз жақты сөйлемге келтірген мысалдарымен салыстырсақ анық сезіледі: «Еңбек ет те, міндет ет. Ексең егін, ішерсің, тегін. Жауға жалынба, досқа. тарылма. (Мақал.) Мініп көріп безгенше, мініп алып түзе. (Ғ. Мұстафин.)

1. Жақсыз сөйлемдер қарақалпақ тілінде *ийесіз гап*, қырғыз тілінде *ээсиз сүйлөм*, өзбек тілінде *шахссиз гаплар*, түрікмен тілінде *эесыз сөзлемлер* делінеді.

Түркі тілдерінде кейбір сөйлемдер бастауышсыз айтылса да, оның орны жоқталмайды, өйткені бұндай сөйлемнің баяндауышы бастауышты талап етпейді.

Қазақ тілінен мысалдар:

Мырза ойлануда. Өңінен ештемені болжап болмайды. (Ғ. Мұстафин.) Жоқ, оныңызға келісуге болмайды. (Т. Нұртазин.) Инештің сенбілікке бармауына да болатын еді. (С. Шаймерденов.) Жиенді олай құмас болар. Жазықтыны зауалдар болар. Қонақты олай қарсы алмас болар. (Ә. Сәрсенбаев.)— «Қазақ тілінің грамматикасынан. ']

Қырғыз тілінен мысалдар:

Жакшы болот! Элдин улуусун алуу эле. (К. Жантөшев.) Бизге айланып олтуруп, ары бетинен келүүге туура келет. (Т. Сыдыкбеков.)— «Азыркы кыргыз тилинин синтаксисинен».

Өзбек тілінен мысалдар:

Бу ерга нос туфланмасин, чекилмасин! (О.) Байроқ олдинга олиб чиқилсин! (Т.) Унинг йиглагуси келди. Унинг жуда чеккиси келди, лекин чекиш мумкин эмас эди. (М. М.) («Қозирги узб. адаб. тили».)

Түрікмен тілінен мысалдар:

Кэвагт агшамларына көп отурыляр. Атаның укусы гелйэр. Шу гун оба гидип болар. Шу ерде бир сагат дурса болар. Китабы язып болды. (Х. Ысмайылов.) («Хэзирки заман түркм. дили».) Салыстырылған мысалдардан көрінгендей-ақ, жақсыз сөйлемдердің баяндауышы жасалу тәсілдері бойынша бір-біріне ұқсас, жалпылық барлығы байқалады.

2. Қай тілді алсақ та жақсыз сөйлемнің баяндауыштары етістіктердің, әр түрлі тұлғаларынан жасалып, өзіне сан алуан модальдік қатынастарды жүктейді. Баяндауыштың осындай көп қырлы икемділігі бастауыштың орнын жоқтатпайды, оны іздетпейді.

Салыстырылған тілдерде жақсыз сөйлемдердің баяндауыштарының жасалу тәсілдерінде ортақтықпен қатар кейбір тілдерге тән өзгешеліктер де бар. Өзбек тілінде жақсыз сөйлемнің баяндауышы қимыл аттарына *лозим, даркор, зарур* сөздерінің қосылуымен жасалады:

Албатта, улардан бемаслахат иш қилинмагай,—деди Навоий,— аммо бир хавфдан сақланмоқ зарур. (Ойбек.)

Сол сияқты жақсыз сөйлемнің баяндауышы — туғри келмоқ етістігінен жасалады: Балки, ундан қочиброқ юришга туғри келади. («Хоз. замон узбек тили».) Түрікмен тілінде жақсыз сөйлемнің баяндауышы мезгілді білдіретін

болса, бастауышы айтылмайды. *Бахар айларының бир гүнүди. Яз паслының бир гүнүди. Гижәниң бир вагтыды.* (А. Дурдыев.) *Гүйзүң чыглыжа бир гүнүди.* (Б. Кербабаев.) — «Хәзирки түркмен дилинен».

Пайдаланған әдебиеттер.

Негізгі:

1. Ә.Н. Нұрмаханова. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. А, 1971.
2. К. Мелиев. Хозирги туркий тилларида харакат номлари. Т, 1969.
3. М. Романов. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. А, 1992.
4. Серебреников. Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно- историческая грамматика тюркских языков. М, 1986.
5. Строй уйгурского языка. А, 1986.

Қосымша:

1. Қазақ тілінің грамматикасы. Синтаксис. А, 1967
2. Киргиз тілінің грамматикасы. Морфология. Ф, 1964.
3. Ғуламов. А, Аскарлов. А. Хозирги узбек адаби тили. Т, 1965

10-лекция. Құрмалас сөйлем синтаксисі

Жоспары:

1. Түркі тілдерде құрмалас сөйлемдер синтаксисінің зерттелу объектісі
2. Түркі тілдеріндегі сөйлемдердің құрмаласу тәсілдері
3. Құрмалас сөйлемнің байланысу тәсілдеріндегі кейбір өзгешеліктер
4. Салалас құрмалас сөйлем
5. Сабақтас құрмалас сөйлем

1. Құрмалас сөйлемдер екі немесе онан да артық жай сөйлемдердің бірігуінен жасалып, күрделі ойды білдіреді. Құрмалас сөйлемдердің құрамына енген жай сөйлемдер грамматикалық және мазмұн жағынан бір-бірімен байланыса түседі.

Құрмалас сөйлемнің синтаксисі жай сөйлемдердің өз ара ұласып, күрделі ойды білдіру жолындағы грамматикалық тәсілдерін зерттейді. Октябрь революциясына дейінгі кейбір еңбектерде құрмалас сөйлемдер аталғанмен, олар туралы толық мағлұмат берілмейді.

М. А. Казем-Бек құрмалас сөйлемдердің құрамындағы бөліктерінің (жай сөйлемдердің) бірігу тәсіліне — түрлі шылаулар немесе солардың қызметін атқарып келетін — етістік формаларын ғана атайды, сол сияқты «Алтай тілінің грамматикасы», «Қазақ-қырғыз тілінің қысқаша грамматикасында», «Қырғыз тілінің грамматикасында да» құрмалас сөйлемдер туралы айтарлықтай пікірлер айтылмайды, бар болғаны — есімше, көсемше және етістіктің кейбір райларының синтаксистік қызметіне байланысты бағыныңқы сөйлемдердің баяндауыш тұлғасы сөз болады

Түркі тілдерінің құрмалас сөйлемдерінің синтаксисі зерттеліп, белгілі бір жүйеге түсе бастауы — Октябрь революциясынан кейін ғана басталды. Құрмалас сөйлемдердің табиғатына байланысты көптеген ғылыми зерттеулер жарыққа шықты. Нәтижеде құрмалас сөйлемдер синтаксистің негізгі объектісіне айналып, оның жасалу жолдары, байланысу тәсілдері, түрлері зерттелді.

Құрмалас сөйлемдер қарақалпақ тілінде *қоспа гәп*, қырғыз тілінде *татаал сүйлөм*, өзбек тілінде — қушма *гап*, ұйғыр тілінде *қошма жүмлә*, түрікмен тілінде *гошма сөзлемлер* делінеді.

Салыстырылған тілдерде құрмалас сөйлемдердің аталуы да, зерттелу объектілері де бір-біріне ұқсас, өзгешеліктерінен гөрі ортақ белгілері күшті. Олай болса, құрмалас сөйлемдер жөніндегі әрбір түркі тілдер бойынша зерттеулер бірін-бірі толықтырып, кейбір қайшы мәселелерді ғылыми негізде шешуге жәрдем етеді.

2. Құрмалас сөйлемдердің құрамына енген жай сөйлемдер өз ара теңдік қатынаста салаласып та, кейде біріне бірі меңгеріліп, бірі екіншісіне бағыну арқылы сабақтасып та байланысады. «Жай сөйлемдер байланысының бұлай әр түрлі болуы — оларды байланыстырушы дәнекерлердің, амал-тәсілдердің әр алуандылығында» .

Өзбек тілінде құрмалас сөйлемдердің құрамына енген жай сөйлемдер бір-бірімен мынадай тәсілдер арқылы құрмаласады: 1) *грамматик воситалар*; 2) *интонация ва тартиб*; 3) *лексик воситалар*. Автор лексик тәсілдерге *вақт*, *пайт*, *йил*, *сибабли*, *натижада* сияқтыларды жатқызады.

«Қазақ тілі» грамматикаларында мына тәсілдерді атап көрсетеді,

а) құрмалас құрамына енетін жай сөйлемдердің бастапқысының баяндауышы тиянақсыз формада айтылу арқылы;

ә) жай сөйлемдер арасында немесе жай сөйлемдер ішінде шылау я шылау мәнді сөздер келу арқылы;

б) интонация тұтастығы арқылы;

в) құрмалас сөйлем компоненттерінің орын тәртібі арқылы .

Құрмалас сөйлемдердің сабақтаса, салаласа байланысқан түрлерінің қай-қайсысы болса да... түркі тілдерінде кеңінен қолданылады

Мысалдар:

Қ а з а қ т і л і

Қайта, кемпірдің сабырлы қалпы оның ызасына тиіп, өшіге түскендей, жындана ұмтылып, жазықсыз кемпірді ұра берді. Қатын-балалар жылап, кемпір-шалдар тізімге іліккен бір-бір боздағының жолына басын тігіп, жас жуған бетін алып-салып жатыр. (Ә. Нұрпейісов.)

Қ ы р ғ ы з т і л і

Шамбет кайра бурулуп караганда, жээк алыс калган экен. Какылдак колхоздун жаш бухгалтери Батышты, ал деп сунуш кылары менен, Чегиртке жым дей түштү. (Т. Сыдыкбеков.)

Ө з б е к т і л і

У узоқ уйлаб турмай, эртаси кунга менинг томонимдан совчи булиб кампирнинг олдига боршоқчи булди. (А. Қодирий.) *Ким бировга чукур қазиса, унга узи йиқилади.* (Макал.)

Т ү р і к м е н т і л і

Айсолтан магазиниң өңүне геленде, дүканда гызгын совда гидйәрди. (Б. Кербабаев.) *Эй, хан ага, сен бир мениң иң говы гөрийән адамым болан соң, мен саңа бир сыр айтмага межбур болярын.* (А. Дурдыев.)

Бұл қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен тілдерінен алынған мысалдарды бір-бірімен салыстырсақ, құрмалас сөйлемдердің құрамына енген жай сөйлемдердің байланысу тәсілдері негізінен бір-біріне ұқсас екендігі сезіледі. Салыстырылған тілдерде құрмалас сөйлемдердің құрамына енген алғашқы жай сөйлемдердің баяндауыштары көсемшеден, есімшеден, шартты райлы етістіктерден жасалып, басыңқы сөйлеммен байланысып, формасы мен мағынасы жөнінен басыңқы сөйлемге тәуелді болып тұр. Бұлардан басқа құрмалас сөйлемнің құрамындағы кейбір жай сөйлемдер бір-бірімен шылау сөздер арқылы да, йнтонация мен орын тәртібі арқылы да байланысқан. Келтірілген мысалдарда кейбір жай сөйлемдер бір-біріне тәуелді болмай, өз ара тең қатынаста байланысқан. Демек, салыстырылған тілдерде құрмалас сөйлемдердің сабақтас немесе салалас түрлерінің қайсысы болмасын, олардың байланысу тәсілдерінде жалпы заңдылық бар екендігі байқалады

3. Сонымен қатар, құрмалас сөйлемдердің құрамына енген жай сөйлемдердің байланысу тәсілдерінде кейбір өзгешеліктер де бар екендігі сезіледі. Бұндай өзгешеліктер бір тілді екінші тілмен салыстырғанда жақсы байқалады. Қазақ тілін қырғыз, өзбек, ұйғыр, түрікмен тілдерімен салыстырсақ, кейбіреулері көп, кейбіреулері аз мөлшерде байланысу тәсілдерімен ажыратылады. Бұл өзгешеліктер тілдердің даму процесінде немесе басқа тіл-дердің әсері тигендіктен пайда болған. Мысалдар: *Нега ушаларники туғра булади-ку, мен ёлгон гапарган* буламан. (Ойбек.) *У биринчи қарашдаёк курдики, Гулнор захарланган эди.* (Ойбек.) *Бу жандармаларнинг на каттасига ишонч бор, на кичигига ишонч бор.* (М. Иброхимов.) *Бошлиқдан кулгига рухсат берилгач, бошқалар хам куллииб, орада ола-говур бошланди.* (А. Қодирий.)

Қазіргі өзбек әдеби тілінен келтірілген бұл мысалдарда құрмалас сөйлем құрамына енген бастапқы жай сөйлемдер *-ку, -ки, -на* көмекшілері арқылы екінші сөйлеммен байланысқан. Бұл көмекшілердің біріншісі *-ку* қазақ тіліндегі *-гой*, қырғыз тіліндегі *-го* шылауының фонетикалық варианты болса да, қазіргі мағынасы бірінші сөйлемді екінші сөйлемге қарсы қою үшін қолданылып тұр. Ал *-ки, -на* көмекшілері араб тілінен келіп кірген. Соңғы мысалда бірінші сөйлем өзінің баяндауышының тиянақсыз болуы арқылы (*бошлиқдан кулгига рухсат берилгач*), екінші басыңқы сөйлемге тәуелді болып, бағынып тұр. Бұндай құрмалас сөйлемдердің байланысуындағы кейбір тәсілдердің өзгешеліктері түркі тілдердің сәл қашықтау тілдері мен салысырғанда анық байқалады. Мысалы, бұл жағдайда өзбек тілін қазақ тілімен салыстырсақ, кейбір бұндай өзгешеліктер анық сезіледі де, ал ұйғыр тілімен салыстырсақ, ол өзгешелік айтарлықтай емес.

Өзбек тілінде бұндай көмекшілердің қолданылуы құрмалас сөйлемдердің құрылысы мен мағынасына да біраз әсер еткендігі сезіледі. (*У биринчи қарашдаёк курдики, Гулнор захарланган эди.*) Ол бірінші қарағанда-ақ көрді, Гүлнар уланған еді.

Сол сияқты түрікмен тіліндегі құрмалас сөйлемдердің байланысу тәсілдерінде кейбір өзгешеліктер барлығы сезіледі.

Мен хем сениң билен гидердим, йөне эртир ишим көп. Мениң кимдигими мыхмана танатдың, а мыхманың кимдигини маңа танатмадым. (Б. Кербабаев.)

Ал қазақ тілін қарақалпақ тілімен салыстырсақ, құрмалас сөйлемдердің жасалу тәсілі бір-біріне өте ұқсас. Соған қарамастан, қарақалпақ тіліне түрікмен және өзбек тілдерінің әсері тигендігі сезіледі.

Мысалы: *Темир жол үстінде тұрған бір паровоз гә алға жүреді, гә ол кейин бәседі.* (Ж. Сапаров.)

Түрікмен тілінде: *Яз айларында кә ягын ягяр, кә гүн чыкяр:* («Түрікмен дилинин сөзлүги

Сол сияқты қырғыз тілі де, қазақ тілімен қыпшақ группасының ішіндегі ең жақын тіл болып есептелсе де, қырғыз тіліндегі құрмалас сөйлемнің жасалу тәсілдерінде кейбір өзгешеліктер де кездеседі. Бірақ бұл тәсілдер сол тілдің даму процесінде келіп шыққан, ол қырғыз тіліне тән құбылыс болып есептеледі.

Мысалдар: *Өрттөй дуулдап согуш чыкты, же бүгүн, же эртең аны өчүрүшкө мен да жөнөймүн.* (Т. Сыдыкбеков.) *Далай акыбыз анын мойнунда калды эле, ошондо да Курман болгон жоК.* (Қ. Баялинов.) *Байсалов ооз ача электе, кылмыштуу болгонсуп мындай деди.* (С. Сасыкбаев.) *Кечээ мен тарбиячыга айттым эле, ал сүйлөшкөн окшойт.* (Н. Байтемиров.)

Демек, құрмалас сөйлемдердің құрамына енген жай сөйлемдердің бір-бірімен байланысу тәсілдері дамыған, олардың түрлері кеңейген. Сол арқылы түркі тілдерінде құрмалас сөйлемдердің де функциясы артқан. Бұл даму әсіресе жазба әдебиетке байланысты болды. Қазіргі түркі тілдердің қайқайсысының әдеби тілін алсақ та, құрмалас сөйлемдерді кеңінен қолданатынын көреміз. Осы жағдайға байланысты түркі тілдердің барлығына ортақ және әр тілге тән өзгешеліктер де пайда болған. Бұл — бір тілді екінші тілмен салыстырғанда анық байқалады. Осының нәтижесінде құрмалас сөйлемдердің, байланысу тәсілдеріне бір тілде бастапқы жай сөйлемнің баяндауышы есімше, кесемше, шартты рай тағы басқа етістіктің формалары көбірек қатысу арқылы жасалса, екіншісінде, көмекші сөздер көбірек қолданылады. Қысқасы, кейбір фонетикалық өзгешеліктерін есепке алмасақ, барлығына ортақ байланысу тәсілдері ертеден сақталғандығы байқалады. Ал кейбір тілдерде кездесіп, басқасында қолданылмайтын байланысу тәсілдері сол тілдің соңғы қалыптасу дәуірлеріне жатады.

1. Салалас құрмалас қарақалпақ тілінде *дизбекли қоспа гап*, қырғыз тілінде *багынычсыз татаал сүйлөм*, өзбек тілінде *боғланган қушма гап*, ұйғыр тілінде *бағланган қошма жумилләр*, түрікмен тілінде *дүзмели гошма сөзлем деп аталады.*

Түркі тілдерде салалас құрмалас сөйлемдердің құрамыра енген жай сөйлемдер бір-біріне тәуелді болмай, өз ара тең мағынада байланысады да, күрделі пікірді білдіреді.

Мысалдар: *Кеп-кең ордан аттың қалай ырғып кеткенін, Әбдірахман көз тоқтатып қарап байқаған да жоқ, байқауға щамасы да келмеді* (Х. Есенжанов.) *Шекер осы аз күннің өзінде-ақ бұл үйдің өз адамындай болып*

кеткен, сондықтан оның айтқан сөзіне Сәуле сүйсінді. (Ә. Әбішев.) Ол неше түрлі қызық әңгімелерді маған айтады, мен аузымның суы құрып тыңдаймын. (С. Мұқа-нов.) Жараланған жайларымды анама жұқалап қана жазып жіберіп ем, бірақ Ақбота оп-оңай бетін ашыпты. (Ғ. Мүсірепов.) — «Қазіргі қазақ тілінен».

Қызыл Армия мени гана өлүмдөн куткарган жок, бүтүн туткундагы элимди түбөлүккө куткарды. (А. Токомбаев.) Айлананы туман каптап турат, ары күн суук (К. Жантөшев.) — Қырғ.

(Дамон чопиб боради ва лекин кукраги қон. (Қ. Олимжон.) Сиз кетинг бу махалладан, ё биз кучиб кетамиз. (А. Қа^ор.) — Өзб.

Қазақ, қырғыз, өзбек тілдерінен келтірілген мысалдарды салыстырып қарасақ, салалас құрмалас сөйлемдердің құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен тең мағынада байланысып тұрғанын көреміз. Бірсыпыра мысалдарда жай сөйлемдердің арасы жалғаулықтар арқылы (*сондықтан, бірақ, ары, да, ошондай, болса да, ва, ё*) қалғандарында — жалғаулықсыз тек қана мағыналарының жақыдығы пікірдің ізбе-ізділігімен байланысып, бірі екіншісін толықтырып тұр.

Түркі тілдерде салалас құрмалас құрамына енген жай сөйлемдер бір-бірімен мағына жақындығымен қатар лерсика-грамматикалық, интонациялық тәсілдер арқылы байланысады.

2. Жалғаулықты салалас құрмалас сөйлем

Көпшілік түркі тілдерде — жай сөйлемдердің жалғаулықсыз, іргелесе құрмаласуы және жалғаулықтар арқылы құрмаласуы деп екіге бөледі де, жалғаулықты салалас, жалғаулықсыз салалас деп қаралады.

Қазақ тілінде салалас құрмалас сөйлемдер жалғаулықтың ыңғайына қарап, мезгілдес мәнді салалас, қарсылық мәнді салалас, себептес салалас, жалғаулы салалас, кезектес салалас болып бөлінеді. Басқа да салыстырылған түркі тілдерде салалас сөйлемдердің жалғаулықтары оның байланысу тәсілдері негізінен бір-біріне ұқсайды.

Өзбек, Қазақ тілдерін салыстырайық: *жон синглим, идорага бориб шу хатни Журовой акага берда, узинг гириллаб орқага қайт.* («Қоз. зам. узб. тили».) — Өзб.

Сіңліжан, кеңсеге барып осы хатты Жорабай ағайға бер де, өзің тез арқаңа қайт. — Қаз.

Курбоши қаттиқ жеркиб полвонни гандан тухтатмоқчи булди, бироқ полвон даөом этди. (А. Қодирый.) — Өзб.

Құрбаш қатты жекіріп палуанды сөзден тоқтатпақшы болды, бірақ палуан сөйлей берді. — Қаз.

Қырғыз, қазақ тілдерін салыстырайық:

Ата-энелериң ким жана бул чыңдалган жерге эмне үчүн келдиң? (В. Катаев.) — Қырғ.

Әке-шешелерің кім және бұл қиын жерге не үшін келдің? — Қаз.

Жакшы эле айтайын деди, бирок андан башка айтарга сөз таба албады. (Н. Байтемиров.) — Қырғ.

Жақсы, онда айтайын деді, бірақ онан басқа айтуға сөз таба алмады. — Қаз.

Түрікмен, қазақ тілдерін салыстырайық:

...Жүбусиндәки паспорт билен сегсен манат пулы столуң үсүтүне гойды да, Гулмырат ага дил какды, ваканың аныгына етеси гелди. (Г. Сейитмәдов.)
— Түрікм.

Қалтасындағы паспорт пен сексен сом ақшаны столдың үстіне қойды да, Гулмырат агай сөйлесіп, оқизаның аныгына жеткісі келді.— Қаз.

Салыстырылған тілдерде жай сөйлемдерді байланыстыратын жалғаулықтар дамыған, өзгерген, басқа тілдерден келіп кірген, сөйтіп, бір тіл екінші тілге қарағанда, өзіндік кейбір өзгерістерге ие болған. Кейбір жалғаулықтардың функциясы кеңейіп, қол-данылу сферасы өзгеріп кеткендігі байқалады. Бұл бір тілді екінші тілмен салыстырғанда байқалады.

Өзбек тілінде *ва, лекин, аммо, эса, ё, гоҳ, на-на, у, ку, фақат*, хатто т. б. жалғаулықтар қолданылады. Мысалдар: *Бола нон двб йиглар, касал хотин эса безгакнинг шиддатидан тол баргидай титрарди.* (С. Айний.)

Түрікмен тілінде — *эмма, йөне, велин, кә, ве, эсасан, я-да т.* б. жалғаулықтары қолданылады.

Мысалдар: *Менөйүмиге барярдым вели, сени гөрдүм-де, дурубердим. Мекдебе биле гайдардык, эмма маңа ййтман гайдыберипсиң. Не сиз гитдиңиз, не-де биз окап билдик.* («Хәзирки түркмен дили».)

Бұл өзбек, түрікмен тілдерінен келтірілген мысалдардағы жалғаулықтар жай сөйлемдерді байланыстырып қана қоймай, олардың мағынасына да тікелей қатынасы бар екендігі сөзсіз. Бұл жалғаулықтар сол тілге тән болса да, қыпшак группасына кіретін тілдерде қолданылмайды, бірақ олардың функциясы басқа жалғаулықтар арқылы беріледі. Өйткені келтірілген мысалдардағы сөйлемдер қазақ, қарақалпақ, қырғыз тілдерінде қолданылуы сөзсіз. Қазақ тілінде өзбекше «эса» — болса, аммо —бірақ, ва — және, лекин — бірақ, көмекшілері арқылы беруге болады. Сол сияқты түрікмен тіліндегі *вели* — бірақ, да — де; *эмма* — бірақ, дегенмен, сонда да, сөйтсе де сияқты қарсылықты білдіретін жалғаулықтармен берілуі мүмкін.

3. Жалғаулықсыз салалас құрмалас сөйлем

Құрмалас салалас сөйлемнің құрамына енген жай сөйлемдер бір-бірімен ешқандай жалғаулықсыз, іргелесе байланысады. Осыған қарамастан, жалғаулықсыз салаластар жөнінде кейбір қайшы пікірлер де кездеседі. Осылардан бір-біріне қайшы келетін екі пікірді атап өтеміз де, тіл фактілеріне сүйене отырып, салалас құрмалас сөйлемнің талабына жауап беретін көзқарастың дұрыс екендігін мақұлдаймыз.

Салыстырылған тілдердің барлығында да салалас құрмаластарды жалғаулықты, жалғаулықсыз деп екіге бөледі.

«Қазақ тілінің грамматикасы» жалғаулықсыз салаластарды байланыстырып тұратын төмендегі амал-тәсілдерді көрсетеді:

- 1) жай сөйлемдер мағыналарының бір-біріне байланысты, іліктес, сабақтас болып келуі арқылы;
- 2) интонация тұтастығы арқылы;
- 3) компоненттердің бәріне қатысты, бәріне ортақ бір сөздің (мүшенің) болуы арқылы;

- 4) компоненттердің бір бастауышқа ортақтасып келуі арқылы;
- 5) белгілі бір сөздің компонент сайын қайталанып айтылуы арқылы;
- 6) бірінші компоненттегі бір сөздің екінші компонентте есімдік түрінде қайталануы арқылы;
- 7) компонент баяндауыштары қызметіндегі етістіктердің жақтық, шақтық жағынан бірыңғай болып келуі арқылы».

Ал өзбек тілінің грамматикаларында, басқа да құрмалас сөйлемдер бойынша дербес монографиялық зерттеулерде «боғловчисиз боғланған кушма гаплар» құрамына енген жай сөйлемдердің, біріншісінің баяндауышы көсемшеден, есімшеден немесе есім сөздерден болып, екінші жай сөйлемнен байланысатындығын көрсетеді. Осымен қатар, бірінші сөйлемнің баяндауышы тиянақсыз болуына қарамастан, оның басыңқы сөйлемге бағын-байтындығын дәлелдейді. Көсемше бір сөйлемді екінші сөйлеммен байланыстыратын грамматикалық тәсіл бола алмайды. Сондықтан да көсемшелерге біткен бірінші сөйлемнің баяндауышы жалғаулықсыз байланысқан салалас құрмалас қатарына жатады деп көрсетеді. Осымен қатар баяндауышы көсемшеге біткен бірінші жай сөйлемнің екінші жай сөйлеммен мезгілдік, себептік қатынаста болатындығы көрсетіледі.

Жалғаулықсыз салалас құрмаластарға қазақ, өзбек тілдерінен келтірілген мысалдарды салыстырайық.

Ол басқа айғырға қарай ұмтыла түсіп еді, Бақы тізгінге жармаса кетті. (Есенжанов.) *Әңгімемен көмір-көбірек салынып кетсе керек, тозған арба таяқ тастам жер шыға шоңқайып қалды.* (Мұстафин.)— «Қазақ тілінің грамматикасынан».

Онда-сонда аравалар гижирлаб, «пушт-пушт» деган товушлар, қичқириқлар эшитилди. (Ойбек.) *Шу ерда оломон иккига булинип, неча хисса купайшиб кечгача ур-йиқит булибди.* (А. Қоxxор.)

Бұл екі тілден келтірілген мысалдардан көрінгендей-ақ, қазақ тіліндегі жалғаулықсыз байланысқан жай сөйлемдер бір-бірімен ешбір жалғаулықсыз, тең мағынада іргелесе байланысқан, бірінші сөйлемде өзінің мағынасы және тұлғасына қарай тәуелсіздігін сақтаған. Ал өзбек тілінде жай сөйлемдердің біріншісінің баяндауышы көсемшеге бітіп, екінші жай сөйлемге байланысқан. Бірінші сөйлем баяндауышының бұндай тиянақсыздығы, тап осындай формадағы болып келген бағыныңқы сөйлеммен шатастыруға алып келеді. Осы еңбектің сабақтас сөйлем деген бөлімінде бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы көсемшеден жасалуына мынадай мысал келтірілген: *Бу ерда эканингизин эшитиб, кузимга хеч нима курунмади...* (Ойбек.) *Біз салалас пен сабақтаста келген көсемшелі баяндауыштың мағына жағынан өзгешелігін есепке алмасақ та, тұлғаларының ұқсастығы көсемше баяндауыш арқылы бірде салалас, бірде сабақтас сөй-лемдердің байланысуы біраз практикалық жақтан да қолайсыздық тудырады. Оның үстіне салалас құрмалас сөйлемдер үшін бірінші сөйлемнің тиянақсыз тұлғалы болып келуі өзбек тілінің табиғатынан келіп шықпағандығы байқалады. Мысалдар келтірейік:*

Кумушбиби бошловчи қизлар билан уйга кирди, уидан таралган атир ислари билан уй тулди. (А. Қодирый.)

Демек, қазақ тіліндегі сияқты жалғаусыз-ақ байланысатын құрмалас салаластар өзбек тіліне де тән екендігі күмән тудырмайды.

Салалас құрмаластардағы жай сөйлемдер жалғаусыз-ақ өз тәуелдігін сақтап байланысатындығын басқа тілдерден де көруге болады.

Қырғыз тілінен мысалдар: *Аларга сен алтын бергенің жоқ, сен күмүш бергенің жоқ, сен алтын менен күмүштөн кымбат сөзүңдү бердің.* (Н. Байтемиров.)

(К. Жантөшев.)

Түрікмен тілінен мысалдар: *Алтмыш баилы ала гарлы даглардан, Думан гечер, ямгыр ягар, сил галмаз.* (Магтымгулы

Демек, түркі тілдердің қай-қайсысында болмасын, жалғаулықсыз салалас сөйлемдер өздерінің мағынасы мен тұлғасы бойынша ұқсас, жалпылық қасиеттерге ие. Жалпы алғанда, жалғаулықты байланысудан гөрі жалғаулықсыз салаласа байланысқан құрмалас сөйлемдер, оның мағыналық түрлері де бір-біріне өте ұқсас екендігі сезіледі.

1. Сабақтас құрмалас сөйлемдер қарақалпақ тілінде *бағыныңқы қоспа гап*, қырғыз тілінде *бағынычтуу татаал сүйлөм*, өзбек тілінде *эргаши гапли* қушма гаптар, ұйғыр тілінде *беқинда қошмо жұмлилар*, түрікмен тілінде *эережеңли гошма сөзлемлер* деп аталады.

Сабақтас құрмаластардың құрамына енген жай сөйлемдер бірі-екіншісіне тәуелді болып барып байланысады, сөйтіп, меңгерілуші компонент бағыныңқы болып есептеледі де, бағындырушы компонент басыңқы болады. Салыстырылған тілдерде бұндай сабақтаса байланысқан құрмалас сөйлемдер өздерінің жасалу тәсілдері бойынша бір-біріне ұқсас болып келеді.

Мысалдар: *Біздің әскерлер өзеннен түнде өте ме деп қауіптеніп, немістер оқ боранын әлсіретпей тұр.* (Ғ. Мүсірепов.) *Достың үйінің алдына адам-қаралар үймелеп, айқай-шу болды да қалды.* (Ә. Нұрпейісов.) —Қаз.

Қууыс қолтықтарға сиңип қалған емески қараңғылықта серпилип, хәмме жер жақтыланып кетти. . (Ш. Рашидов.) *Поезд әдеуір алыслап кеткенге дейін, Гүлназ изинен қарап тұрды. Жер көлеми кеңейсе, шаруашылықтың барлық түрлері де жақ-сарады.* — «Қарақалпақ тилинен».

Эл орунга отура, Чаргын колхозго келди. (Т. Сыдыкбеков.) *Ачуусу келгендиктен, анын таноолору кыбырады.* (К. Жантөшев.) — «Қырғыз тилинен».

Шу даштни обод қиламиз деб, комсомоллар Янги ерга йул олдилар. (О. Еқуб.) *Қирқ кунда бутун халқ ётирилиб, Каттакон Фаргона каналини қазидик.* (Ғ. Ғулом.) —Өзб.

Хемише ерлер, аёллар чуканак-чуканак болуп, күркүлдевүк гум тозап ятырды. (Б. Қербабиев.) — «Хәзирки заман түркмен дили.»

Мысалдардан көрініп тұрғандай-ақ, бағыныңқы сөйлемдердің баяндауыштары өздерінің әр түрлі формалары арқылы басыңқы сөйлеммен тығыз байланысқа түсумен қатар, жалпы сабақтас сөйлемнің мағынасына да тікелей катысы барлығы сезіледі.

2. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы көсемшеге, шартты райлы етістікке, немесе есімшенің әр түрлі тұлғада келген формаларына қарай сабақтас сөйлемдер бірнеше түрге бөлінеді.

Қазақ тілінде сабақтас құрмалас сөйлемдерді төмендегі түрлерге бөледі:

- 1) Шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлем.
- 2) Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлем.
- 3) Мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлем.
- 4) Амал бағыныңқылы сабақтас сөйлем.
- 5) Себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлем.
- 6) Мақсат бағыныңқылы сабақтас сөйлем
- 7) Түсіндірмелі сабақтас сөйлем.
- 8) Ыңғайлас сабақтас сөйлем.

Қарақалпақ тілінде 6 түрге, қырғыз тілінде 8 түрге, өзбек тілінде 14 түрге бөледі. Өйткені өзбек тілінде *эга эргаиш гап*, *кесим эргаиш гап*, *тулдирувчи эргаиш гап*, *аниқловчи эргаиш гап*, *равиш эргаиш гап* деген сабақтастардың түрлері қосылады. Бұл С. Жиенбаевтың, Н. Т. Сауранбаевтардың еңбектерінде ерте кездерде-ақ анықтауыш бағыныңқы, толықтауыш бағыныңқы деп бөлінген болатын.

Н. Т. Сауранбаев өзінің соңғы «Түркі тілдері грамматикасының мәселелеріне» арналған координациялық кеңесте жасаған баяндамасында «катеґорию придаточно-определительных и придаточно-дополнительных предложений можно отнести к развер-нутым членам» деген болатын.

Қазақ тілінде анықтауыш бағыныңқы, толықтауыш бағыныңқы дегендер кейінгі еңбектерде сабақтас сөйлем тобынан шығарылып, үйірлі мүше тобында қаралады. Ал өзбек тілінде *равиш гапли кушма гаплар* (пысықтауыш бағыныңқы сөйлем) қазақ тіліндегі амал бағыныңқылы сабақтас сөйлемге дәл келеді. Қалған бастауыш бағыныңқы, баяндауыш бағыныңқылар (толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш бағыныңқылармен бір қатарда) өзбек, ұйғыр тілдерінің грамматикаларында кеңінен қолданылады.

Өзбек тілі бойынша зерттеулерде бағыныңқы сөйлемнің бастауышы *ким*, *нима*, *кимки*, *кимда-ким*, *хар ким* сияқты есімдіктер арқылы, ал басыңқы сөйлемнің бастауышы болса, *у*, *уша*, *шу*, *узи* сияқты сілтеу есімдіктерінен жасалса, бастауыш бағыныңқы сөйлем делінген. Ұйғыр тілінде де дәл осылай қаралады.

Мысалдар: *Ким буровга чуқур казса, унга узи йиқилади.* (Мақол.)— «Қозирги замон узбек тили».

Ұйғыр тілінде:

Жапани ким тола тартса, гәһәрни шу алар таштин. (Мақал.)— «Һәзирки заман уйғур тили».

Осымен қатар изозх-эга *эргаиш гап* (түсіндірмелі бастауышты бағыныңқы) деп аталатын аналитик типі басыңқы сөйлемнен соң келіп, басыңқының баяндауышына *-ки* жалғаулығы арқылы басыңқы сөйлеммен байланысады: *Шуниси хам барки, биз қиш-лоқларни обод қилиш билан хотиржам булиб қолишимиз ярамайди.* («Қозйрги замон узбек тили».)

Баяндауыш бағыныңқы сөйлемдер басыңқы сөйлемдегі сілтеу есімдіктер немесе басқа сөздерден жасалған баяндауышты түсіндіріп, оның мазмұнын анықтайды. Басыңқы сөйлемнің баяндауыш қызметінде келген сөздер өздерінің тәуелсіздігін сақтап, жіктік жалғауларын да қосып алады. Мысалдар: *Гатимнинг хулосаси шуки, электростанция қурамыз.* (С. А.) *Гатинг пухтаси шуки, гузаларимизни хам тузатиб олдиқ,* хосил мул булади. (Ш. Р.) . Бұл жөнінде Ғ. А. Абдурахманов та толық мағлұмат береді. Баяндауыш бағыныңқы жөнінде айтылған пікірлердің көпшілігі мазмұны мен байланысу тәсілдері жағынан анықтауыш басыңқы сөйлемге ұқсайтындығын көрсетеді: 1) баяндауыш бағыныңқы да басыңқы сөйлемге *-ки* арқылы байланысады; 2) баяндауыш бағыныңқы да басыңқы сөйлемдегі сілтеу мағынасында қолданылатын сөздердің (*шу, бу, шундай, бундай*) мағынасын ашып береді. Шынында да, баяндауыш бағыныңқы анықтауыш бағыныңқы сөйлемдерге өте жақын.

Шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлемге келтірілген мысалдардың бірін көрейік: *Ол шу гун бизе гелен болса, икимиз сапак тайярлажакдык.* («Хэзирги түркмен дили»). Сол сияқты анықтауыш бағыныңқылар да өз алдына дербес зерттеліп, бұндай бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы ортақ етістерден, есімшелерден, *бар, ёк* сияқты сөздерден жасалады деп көрсетеді³.

Мысалдар: *Эринлери эндик эден мугтхорлар «догры-догры» дийип гыйгырышярлар.* (Б. Кербабаев.) *Гөзелжик ойнар ялы гуржак гетирдим.* («Хэзирки заман түркм. дили».)

Бұл келтірілген мысалдарда да, басқалары сияқты, ешқандай анықтауыш бағыныңқы мағынаға да, тұлғаға да ие емес екендігі анық сезіледі.

Толықтауыш бағыныңқылы сөйлемдер жөнінде де осыны айтуға болады. «Толықтауыш бағыныңқылы құрмалас сөйлемдерде бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнің етістен болған бір мүшесіне тікелей байланысты болып, соны толықтырып келуі мүмкін» деп көрсетеді.

Мысалдар: *Башига ярык бар экенин билмедим.* (ШасенемГарып.) *Гулрагна дийр, ичдим голумда бада. Тахыр дийр ол хакда меселе гозгамадыгымызы сен онат билйәрсиң.* («Хэзирки заман түркмен дили».)

Бұл мысалдарда, басқалары сияқты, сабақтас сөйлемдік қасиеттерге ие емес, бағыныңқы, басыңқы болып бөлінерлік ешқандай лексика-грамматикалық тәсілдері де сезілмейді. Бұл кәдімгі жайылма немесе үйірлі мүшелі сөйлемдерден ажыратылмайды.

Демек, өзбек тілінің табиғаты, оның сабақтас құрмалас сөйлемдер жасаудағы тәсілдері түрікмен тілінен өзгеше, оны жасанды түрде екінші тілге ендіргенмен бірден қалыптаса алмайды. Әрбір тіл өз мүмкіншілігін пайдаланып, өзінде болған лексика-грамматикалық тәсілдерді қолданады. Сондықтан қазақ тіліндегі сабақтас сөйлемдер және оны мағыналық түрлерге бөлуде де принциптері тек қана қазақ тіліне емес, жалпы түркі тілдерге тән екендігі байқалады.

Пайдаланған әдебиеттер.

Негізгі:

- 1.Ә.Н.Нұрмаханова. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы.А,1971.
- 2.К. Мелиев. Хозирги туркий тилларида харакат номлари.Т,1969.

З.М. Романов. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. А, 1992.

Қосымша:

1. Қазақ тілінің грамматикасы . Синтаксис. А, 1967

2. Киргиз тілінің грамматикасы . Морфология. Ф, 1964.

3. Ғуломов. А, Аскарова .А. Ҳозирги ўзбек адабий тили. Т, 1965